9. Назарбай Адина

негізгі орта білім курсы бойынша келесі білім алушыларды аттестаттау  
2017 жылдың 28.06.-16.07. аралығына ауыстырылсын:

1. Баймұрынов Айдархан Ермуханұлы
2. Нургалиев Диас Женисович
3. Тугел Әлібек Азизбекұлы

Пед.кеңестің төрағасы

Г.С. Байулова

БЕКІТЕМІН

Дарынды балаларға арналған №9  
«Зерде» мектебінің директоры м.а

\_\_\_\_\_ Г.С.Байулова  
« » \_\_\_\_\_ 2017 ж.

Негізгі орта мектеп курсы бойынша қорытынды аттестаттау  
ЕМТИХАНДАРЫН АУЫСТЫРУ кестесі  
(қазақ тілінде оқитын мектеп)

7-кесте – Негізгі орта мектеп курсы бойынша емтихандарды  
ауыстыру кестесі

№	Мерзімі	Пән	Кабинет	Емтихан формасы	Емтихан алушы	Ассистенттер
1	28.06.2017 09:00-10:00	Қазақ тілі	26	Жазбаша жұмыс	Жанибекова А.Ж.	Данебаева Г.П
2	30.06.2017 09:00-10:00	Ағылшын тілі	23	Ауызша	Бекенова Б.М.	Иманбаева Б.Ж.
3	04.07.2017 09:00-11:00	Орыс тілі	20	ауызша	Козбагарова Б.Е.	Турсекеева К.К.
4	06.07. 2017 09:00-12:00	Алгебра	26	Жазбаша жұмыс	Симакина Га. Н.	Сарсенова Ж.Ш.

Директордың орынбасары

Г.Н.Симакина

БЕКІТЕМІН

Дарынды балаларға арналған №9  
«Зерде» мектебінің директоры м.а

\_\_\_\_\_ Г.С.Байулова  
«» \_\_\_\_\_ 2017 ж.

**Жалпы орта білім бойынша экстерн түлектерді қорытынды  
аттестаттау ЕМТИХАНДАРЫН АУЫСТЫРУ  
кестесі (қазақ тілінде оқитын сыныптар)**

8-кесте – Жалпы орта мектеп курсы бойынша емтихандарды ауыстыру кестесі

№	Мерзімі	Пәні	Кабинет	Емтихан түрі	Емтихан қабылдаушы	Ассистент
1	19.06.17 9 <sup>00</sup>	Қазақ тілі	25	Эссе	Жанибекова А.Ж.	Букенова Г.А., Данебаева Г.П.
2	19.06.17 9 <sup>00</sup>	География	23	Тест	Шокатова Г.Ш.	Бекдаирова В.Ж., Байулова Г.С.
3	19.06.17 9 <sup>00</sup>	Ағылшын тілі	23	Тест	Бекенова Б.М.	Айтказинова Б.Т., Иманбаева Б.Ж.
4	22.06.17 9 <sup>00</sup>	Орыс тілі	4	Тест	Турсекеева К.К.	Козбагарова Б.Е., Байгалиева С.А.
5	26.06.17 9 <sup>00</sup>	Алгебра және анализ бастамалары	26	Жазбаша емтихан	Симакина Г. Н.	Типан С., Есенбеков С.Т.
6	29.06.17 9 <sup>00</sup>	Қазақстан тарихы	36	Билеттер бойынша ауызша емтихан	Рахимова Г.М.	Абубакирова Э.С. Тогтаухан М.

Директордың орынбасары

Г.Н.Симакина

2017 ж. 30 шілдедегі №11 педагогикалық кеңестің шешімінен көшірме  
«Жалпы орта мектеп курсы аяқтау туралы»

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2003 ж. 18.03. №125 және 2016 ж. 16.11. №660 «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелерін бекіту туралы», 2017 ж. 24 наурыздағы №128 «2016-2017 оқу жылын аяқтау және орта білім беру ұйымдарының білім алушыларын қорытынды аттестаттаудан өткізу туралы», Астана қаласы білім басқармасының 2017 ж.

11.04. №241 бұйрықтарының, 2017 ж. 30.06. №11 педагогикалық кеңестің шешімі негізінде аралық және қорытынды аттестаттаудың нәтижелеріне сәйкес, жалпы орта білім туралы аттестатта көрсетілген пәндер тізіміне сәйкес, келесі білім алушыларды жалпы орта білім курсын аяқтады деп есептеу және жалпы орта білім туралы аттестат беру

1. Айбек Назым Айбекқызы
2. Әлбеков Арыстан Еркенович
3. Назарбай Адина Әділетқызы
4. Савчук Максим Дмитриевич
5. Таттібек-тегі Жанерке Талғатқызы
6. Абдуразахов Шохан Нажметдинович
7. Абжан Жанхайдар Мадиярұлы
8. Елшібек Ботагөз Елшібекқызы
9. Төлегенова Назерке Қтты-Қожақызы
10. Тотаев Алмаз Бауыржанұлы

Мектеп директоры

А. Жанибекова

Сонымен қатар, Қазақстанда жоғары сынып оқушыларымен алмасу бағдарламасының бірнеше түрі қызмет атқарады, атап айтқанда:

- Қазақстан-Америка арасындағы үкіметаралық ынтымақтастықтың АСПРЯЛ/АКСЕЛС халықаралық білім беру бағдарламасы;

- FLEX («The Future Leaders Exchange Program», «Болашақ көшбасшылармен алмасу бағдарламасы»). Бағдарлама толықтай АҚШ үкіметінің АҚШ Мемлекеттік департаменті арқылы қаржыландырылады, яғни жоғары сынып оқушыларымен алмасу бағдарламасы бойынша шетелге оқуға баратын білім алушылар да, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 8 сәуірдегі Орта білім беру саласында жергілікті атқарушы органдармен мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы № 179 бұйрығының 2-қосымшасына сәйкес:

білім алушы шетелге ата-анасының немесе оларды алмастыратын адамдардың жетегінсіз шығатын болса, көрсетілетін қызметті алушының шетелде оқитындығын растайтын құжат негізінде экстернат формасында білім алу құқықтары бар.

Аталған бұйрыққа сәйкес 2016-2017 оқу жылында Солтүстік Қазақстан облысынан АСПРЯЛ/АКСЕЛС халықаралық бағдарламасы бойынша бірнеше білім алушы экстернат нысанында оқыған.

Жоғары сынып оқушыларымен алмасу бағдарламалары бойынша экстернат нысанында оқу үшін, білім алушының ата-анасы немесе заңды тұлға, оқуға баратын елдің анықтама-шақыру қағазының (3-сурет) негізінде Халыққа қызмет көрсету орталығына өтініш береді және қажетті құжаттарды ұсынады (4-сурет).

05 Мая 2016г.  
г. Алматы

СПРАВКА

Настоящим подтверждаем, что **Бегман Дария Нурмахановна**, 2000 года рождения, проживающая по адресу: Казахстан, г. Петропавловск, ул. Набаева 200 действительно является финалистом Программы обмена для старшеклассников.

Программа обмена для старшеклассников является некоммерческой и полностью финансируется Правительством США.

Программа проводится Американскими Советами по Международному Образованию при поддержке Министерства образования Республики Казахстан в соответствии с Казахстанско-Американским межправительственным соглашением.

Это означает, что по условиям программы **Бегман Д. Н.** проживать и обучаться на территории США в течение учебного года 2016-2017. Продолжительность программы - с 15 июля 2016 по 15 июля 2017 года.

*Справка дана по месту требования.*

Региональный Директор представительства  
Корпорации «Американских Советов  
по Международному Образованию:  
АСПРЯЛ/АКСЕЛС» в РК  
Джессика Леонард



*Подпись*

Дереккөз: Солтүстік Қазақстан облысы білім басқармасының мәліметтерінен

3-сурет. Оқуға шақырған елдің анықтамасы





ОПИСЬ  
ДОКУМЕНТОВ № 002094686504



Дата приема: 19.10.2016 16:16      Дата выдачи: 09.11.2016  
Предств / Клиент: Абдралиева Айгуля Жанатовна / Бегман Дария Нұрмаханқызы  
Оператор: Алимжанова Жанна Имангалиевна      Консультант:  
Ведомство: Отдел образования Акимата города Петропавловск  
ПДГ: Отдел №1 г. Петропавловск Департамента "Центр обслуживания населения" - филиала НАО Государственная корпорация "Правительство для граждан" по Северо-Кавказскому округу  
Услуга: Выдача разрешений на обучение в форме экстерната в организациях основного среднего, общего среднего образования  
Стоимость: Гос. пошлина: 0,00 тг.  
Контакты: ☎ 8 (777)      ☎      ☎      ☎

Список принятых документов:

- \* Врачебно-консультационное заключение комиссии (Оригинал, Кол-во: 1)
- \* Доверенность, подтверждающая полномочия представителя № СВИД-ВО О РОЖДЕНИИ 2973756 от 15.03.2013 (Копия, Кол-во: 1)
- \* Документ, подтверждающий обучение за рубежом (Сканированная копия, Кол-во: 1)
- \* Заявление о выдаче разрешений на обучение в форме экстерната (Сканированная копия, Кол-во: 1)
- \* Справка о временном проживании за рубежом родителей обучающегося или лиц, их заменяющих (Оригинал, Кол-во: 1)
- \* Табель успеваемости за последний класс обучения обучающегося (Копия, Кол-во: 1)
- \* Табель успеваемости за последний класс обучения обучающегося (Оригинал, Кол-во: 1)
- \* Удостоверение личности Республики Казахстан №      от 28.01.2016 действителен до 27.01.2026 (Электронный документ, Кол-во: 1)
- \* Удостоверение личности Республики Казахстан №      от 20.02.2012 действителен до 19.02.2022 (Электронный документ, Кол-во: 1)

Оператор: Алимжанова Жанна Имангалиевна	Представитель: Абдралиева Айгуля Жанатовна
---	--

▲ Я БЕГМАН ДАРИЯ НУРМАХАНҚЫЗЫ, дау сағасына на фотосыему, аудио-видеоэзасы при обслуживании в ЦОН.

Дереккөз: Солтүстік Қазақстан облысының мәліметтерінен

4-сурет. ХҚКО тапсырылатын құжаттар тізімі

Халыққа қызмет көрсету орталығы өтінішті жіберілген арыздардың тізіміне тіркеуі туралы ақпарат береді (5-сурет).

**ХҚКО**  
халықаралық қызмет көрсету орталығы

Жіберілген арыздардың тізілімі № 14134939660

Өкіл. орган: 16.08.08 05-16-10-45/4078  
Петропавл қаласы білім бөлімі

ХҚКО: «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы КЕ АҚ Солтүстік Қазақстан облысы бойынша филиалы - «Халықаралық қызмет көрсету орталығы» департаментінің  
Петропавл қ. №1 бөлімі

Мерзімі: 29.08.2016 17:54

№	Арыздың № (Идентификатор)	Арызды қабылдаған қызметкердің Т.А.Ә.	Клиент/өкіл	Қызмет	Қабылдау уақыты	Қайтару күні	Бағасы	Берілген құжаттардың тізімі	Күйі
1	002090778481	Султангазиева Анастасия Ивановна	КОРЯВЧЕНКО ВЛАДИМИР ПЕСНИДОВИЧ	Негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарында экстернат нысанында оқытуға рұқсат беру	29.08.2016	21.09.2016	0,00		

Барлығы: 1

Берді: Касимов Асемгүл Қайыровна

Қабылдады:

Дереккөз: Солтүстік Қазақстан облысының мәліметтерінен  
5-сурет. Өтінішті тіркеу туралы ақпарат

Білім алушылардың халықаралық алмасу желісі бойынша шетелге оқуға баратын және сол жақта білім беру мекемелерін аяқтайтын 11-сыныпты бітірушілер Қазақстан Республикасының мектептерінде 11-сынып үшін қорытынды аттестаттаудан өтеді. Қорытынды аттестаттаудан өткеннен кейін оларға шетелде оқыған пәндерден алған бағаларын, Қазақстан Республикасының мектептерінде алдыңғы сыныптарда алған жылдық және қорытынды бағаларын есепке ала отырып, № 39 бұйрықпен бекітілген жалпы орта білім туралы аттестат беріледі.

Білім алушылардың халықаралық алмасу желісі бойынша шетелге оқуға баратын білім алушылар үшін емтихан материалдарын дайындауды мектеп жүзеге сырады. [5]

Экстернат нысанында жұмыс істейтін мұғалімдердің еңбекақысы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1139 «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджеттік қаражат есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» қаулысының негізінде жүзеге асырылады.

Оқу жылының басында экстернат нысанында жұмыс істейтін мұғалімдер құрамы анықталғаннан және мектептің бұйрығымен бекітілгеннен кейін, аталған қаулының негізінде еңбекақыны төлеу үшін экстернат нысанында жұмыс істейтін мұғалімдердің тізімі білім басқармасына беріледі.

Өздерінің еңбек демалыстары кезінде экстернатерден емтихан алуға қатысқан мектеп мұғалімдерінің еңбегін ынталандыру мақсатында экстернат

директорының орынбасары мектеп директорының атына қызметтік хат жазып, мұғалімдерге қосымша демалыс күндерін сұрайды (төменде үлгісі ұсынылған).

Дарынды балаларға арналған  
№9 «Зерде» мектебінің директоры  
Э.Ж.Жумабековаға  
экстернат нысаны бойынша  
директордың орынбасары  
Г.Н. Симакинадан

### Қызметтік хат

Білім басқармасының 2017 ж. 26.05. «Емтихандарды ауыстыру» туралы бұйрығының негізінде өздерінің еңбек демалыстары уақытында 9-шы және 11-сыныптарда қорытынды аттестаттау емтихандарын алған келесі пән мұғалімдеріне:

1. Бекенова Б.М. – 4 күн;
  2. Тұрсекеева К.К. – 2 күн;
  3. Сонгобай Т. – 2 күн;
  4. Букенова Г.И. – 1 күн
- қосымша демалыс күндерін беруіңізді сұраймын

Директордың орынбасары

Г.Н.Симакина

Қызметтік хат негізінде мұғалімдерге қосымша демалыс күндерін беру туралы директор бұйрық шығарады.

Экстернаттық білім берудің шетелдік тәжірибені қарастырайық.

Дүниежүзілік экономикалық кеңістікке кірігуіне байланысты **Ресейде** болып жатқан өзгерістер адамдардың заманауи білім алғанын, алғыр және іскер болуын талап етеді. Экстернат жалпы білім алудың бір формасы ретінде білім алушылардың шығармашылық, спорт, ғылыми зерттеулер сабақтарымен тереңірек айналысуына немесе бар күшін жоғары оқу орнына түсуге бағыттауға мүмкіндік береді.

Ресей Федерациясы «Білім туралы» Заңының 10-бабына және Ресей Федерациясы Үкіметі 2001 жылғы 19 наурызда №196 бұйрығымен бекіткен «Білім мекемелері туралы типтік ережесіне» сәйкес Ресей Федерациясының азаматтары жалпы білім беру мекемесінде білім беру бағдарламаларын меңгеретін нысанды таңдауға құқықтары бар.

Жалпы орта білімді экстернат нысанында алудың тәртібін айқындайтын құжат Ресей Федерациясы Білім министрлігінің 2000 жылғы 23 маусымдағы № 1884 бұйрығымен бекітілген «Жалпы білімді экстернат нысанында алу туралы ережесі» және 2001 жылғы 17 сәуірдегі «Ресей Федерациясы Білім министрлігінің 2000 жылғы 23 маусымдағы № 1884 бұйрығына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы» № 1728 бұйрық болып табылады.

Экстернат формасында жалпы білім алу туралы Ережеге сәйкес, білім алушылар оқу бағдарламаларын өздігінен меңгереді, ал жалпы білім беру мекемелеріне алдын ала құрылған кесте бойынша аралық және қорытынды аттестаттаудан өту үшін ғана келеді. Сонымен қатар экстернат тегін білім алу түрі болып табылады [8].

Экстернат түрінде білім алуға ауысқан әр параллельдің экстерндерін топтарға (25 оқушыдан) бөледі, олар аттестациялық топтарға біріктіріледі. Экстерн топтары үшін бірінше және екінші жарты жылдықтарға арналған консультациялардың және аралық аттестаттау емтихандарының кестесі құрастырылады. Аралық аттестаттаудың тәртібін, формасын және мерзімін білім беру мекемесі өзі құрастырады. Аралық аттестаттау ауызша емтихандар, жазбаша жұмыстар, сынықтар, реферат немесе шығармашылық, жобалық жұмыстарды қорғау, тестілеу түрінде болуы мүмкін [8].

Аралық аттестаттаудан өту үшін экстерндерден құжаттар 1-наурызға дейін немесе қорытынды аттестаттау басталуынан үш ай бұрын қабылданады. Емтихандар 1-сыныптан 11-сыныпқа дейінгі оқушылар үшін жүргізіледі.

Аралық және мемлекеттік (қорытынды) аттестаттау Мемлекеттік (қорытынды) аттестаттауды өткізу туралы ережеге сәйкес ұйымдастырылады (РФ Білім министрлігінің 2000 жылғы 23 маусымдағы № 1884 бұйрығы). Аралық аттестаттауға базистік оқу жоспарында қамтылған пәндер алынады, бірақ олардың саны 12-ден артық болмауы тиіс. Сонымен бірге бір жылдың ішінде 7-8-сыныпта немесе 8-9-шы немесе 10-11-ші сыныптарды аяқтағысы келген экстерндер 7-8-9 немес 10-11-сынып курстары бойынша аттестатталады [9].

Экстерндер мен олардың ата-аналарының әлеуметтік тапсырысы зерделенеді және мектеп бітіру сыныптарындағы аралық аттестаттау олардың тапсырысын есепке алу арқылы жүзеге асырылады.

10-11-сынып экстерндері үшін аралық аттестаттау 30-сәуірге дейін созылады. Мемлекеттік (қорытынды) аттестаттау жылына бір рет Ресей Федерациясы Білім министрлігінің белгілеген мерзімдерінде өткізіледі.

Ресейлік экстерндердің құқықтары:

1. Экстерннің кез келген пәннен консультация алуға құқығы бар. Консультацияның ұзақтығы жылына 15 минуттан 2 сағатқа дейін болуы мүмкін.

2. Практикалық дағдыларды меңгеру үшін экстерн практикалық және зертханалық жұмыстарға қатысуына болады.

3. Білім алушыға мектеп кітапханасында бар анықтамалық және оқу әдебиеттері берілуі тиіс.

4. Экстерн олимпиадалар мен сайыстарға қатысуға құқылы. Сонымен қатар экстернат түрінде оқу үшін болашақ экстерн немесе оның заңды тұлғалары келесі жағдайларды ескеруі тиіс:

- таңдауы бойынша Мәскеу және басқа да қалалардағы экстернаттық білім беретін мекемелердің тізімімен танысу;

- экстернат нысанында білім алу мүмкіндігі туралы мектеп директорымен сөйлесу;
- анықталған нақты формада өтініш жазу;
- қажетті құжаттарды ұсыну;
- жеке оқыту кестесін құрастыру және бекіту;
- оқуға қажетті оқулықтарды және оқу-әдістемелік құралдарын, материалдарды алу [10].

Ресей Федерациясында экстернаттың келесі түрлері қызмет көрсетеді:

*Экстернат-мектептер.* Оқушылар 4 айлық мерзімде бағдарламалық бірнеше пән бойынша аттестаттаудан өтетін білім берудің арнайы мекемелері. Мысалы, білім алушылар бірінші екі аптада химия курсы бойынша дәріс тыңдайды, соңынан осы пәннен сынақ тапсырады. Осылайша негізгі пәндерді оқып шығады. Жоғары сынып оқушылары оқу жылының қалған уақытында мектептің тізімінен шығарылмайды, яғни олар формалды түрде мектептің білім алушысы болып саналады және емтиханға асықпай дайындалу мүмкіндігіне ие болады. Көптеген мектеп бітірушілердің ата-аналары бұл нұсқаны өте жақсы деп санайды [11].

*Өз мектебіндегі экстернат.* Оқушы барлық пәндерді өз бетінше меңгереді және белгіленген уақытта мектепке келіп сынақ немесе емтихан тапсырады.

*Ішінара экстернат.* Атауының өзінен түсінікті, яғни оқушы кейбір пәндерді мектепте оқиды, кейбір пәндерді өздігінен меңгереді. Экстернаттың бұл түрінде мемлекеттік бірыңғай емтиханында тапсырылатын пәндерді және дене шынықтыруды өздігінен оқуға болмайды. Ішінара экстернат бар мектептерде оқу жылының соңында өтетін педагогикалық кеңесте келесі оқу жылында оқытудың бұл формасы бола ма, жоқ па мәселесі қарастырылады.

Ішінара экстернатта оқитын білім алушы кейбір пәндердің сабақтарына қатысады, бақылау жұмыстарын орындайды және үй тапсырмасы бойынша жауап береді. Сонымен қатар, жоғары сынып оқушысы экстернаттық пәндер бойынша емтиханды оқу жылының аяғында (мамыр айында) тапсыра алады [11].

Экстернат мектептерде жақсы жабдықталған пән кабинеттері, жеткілікті оқулық қоры бар мектеп кітапханасы болуы тиіс. Мектептердегі ақпараттық-талдамалық қамтамасыз ету жүйелері оқушылардың аттестаттау процесіндегі кемшіліктерді уақытында анықтауға және жоюға жағдай жасайды. Экстернаттың әлеуметтанушылары жалпы процестің тиімділігін арттыру үшін емтихандардың нәтижелерін жүйелейді, емтиханға келмеу себебін анықтайды.

Оқу процесін ұйымдастыру барысында экстерндердің ата-аналарымен жұмысты мектеп директоры және директордың экстернат жөніндегі орынбасары, экстернат мамандары жүргізеді. Мектепке түсердің алдында ата-аналарды және оқушыларды білім берудің экстернаттық түрінің ерекшеліктерімен кездесу барысында немесе ата-аналар жиналысында таныстырады. Экстернаттың әлеуметтанушылары экстерндердің оқу үлгерімін және емтихан тапсыру кестесінің орындалуын бақылап отырады. Олар

үлгермеуші және емтиханға себепсіз келмеген оқушылар туралы ата-аналарға хабарлайды.

Экстернат формасында білім алу үшін оқушының ата-анасы немесе заңды тұлға мектеп әкімшілігіне келесі құжаттарды тапсырулары тиіс:

1. Мектеп директорының атына жазылған өтініш.

2. Жеке іс-қағаздары (алдыңғы сыныптардағы қорытынды бағалары, сынып жетекшісінің, ата-анасының, директордың қолы қойылған және білім беру мекемесінің мөр басылған табельдері; колледжден шығарылған оқушылар – академиялық анықтама; негізгі орта білімі туралы құжат).

3. Туу туралы куәліктің немесе паспорттың ксерокөшірмесі.

4. 3x4 фотосуреттер.

5. Медициналық анықтама.

Сонымен қатар экстернат нысанында білім беретін мектептерде экстернат жүйесіне байланысты құжаттарды ресімдеудің тәртібі бар:

- экстернат бойынша іс қағаздары жеке жүргізіледі;

- аралық және қорытынды аттестаттау хаттамаларында «экстернат» деген белгі қойылады;

- жалпы білім беретін мектепте оқитын оқушы қандай да бір себептермен пән бойынша экстернат формасында аралық аттестаттаудан өтсе, оқушының аралық аттестаттаудан өткендігі туралы хаттама жеке ресімделеді;

- бұл жағдайда аралық аттестаттау туралы анықтама оқушының жеке іс қағазында сақталады, ал сынып журналының пән бетінде, оның фамилиясының жанында «экстерн түрінде тапсырды» деген жазу жазылады, емтихан және қорытынды бағалары қойылады [11].

**Украинадағы** экстернат нысанында жалпы білім алу тәртібін келесі құжаттар айқындайды:

- «Білім туралы» Заңы (2017 жылғы 13.03. № 369 бұйрық);

- Украинаның Білім және ғылым министрлігі 2008 жылғы 19 мамырдағы № 43 бұйрықпен бекіткен «Жалпы білім беретін оқу орындарында экстернат туралы ереже»;

- Украинаның Білім және ғылым министрлігінің 2008 жылғы 18 ақпандағы «Жалпы білім беру жүйесінде оқушыларды (тәрбиеленушілерді) мемлекеттік аттестаттау бойынша ережені бекіту туралы» № 94 бұйрығы (Украинаның Білім және ғылым министрлігінің 2009 жылғы 21.12. № 1151 бұйрығының редакциясында);

- Украинаның Білім және ғылым министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы «Жалпы орта білім беру жүйесінде оқушыларды (тәрбиеленушілерді) мемлекеттік қорытынды аттестаттау туралы ережесінің VI бөліміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»;

- Украинаның Білім және ғылым министрлігінің 2001 жылғы 19 мамырдағы «Педагог қызметкерлердің экстерндерді аттестаттаудан өткізу үшін еңбек ақысын төлеу туралы» № 127 бұйрық.

Ережеде «экстернат» және «экстерн» терминдеріне анықтама берілген. Сонымен қатар, экстерннің білім алуына жас бойынша шектеу қойылмайтындығы белгіленген [12].

Оқыған сыныбына сәйкес жылдық бағалаудан және бастауыш, базалық, толық жалпы орта білім деңгейіне сәйкес аттестаттаудан өту мүмкіндігі бар:

- кез келген дәлелді себептерге байланысты білім беру мекемелерінің оқу сабақтарына қатысу мүмкіндігі жоқ;

- білім деңгейінің сәйкес сыныбының оқу материалын жеделдетіп меңгерген;

- жалпы орта білім беру жүйесінің оқу мекемелеріндегі оқуды аяқтамаған;

- жалпы орта білім беру мекемелерінің күндізгі формасында оқитын оқушы болып саналатын және өздеріне байланысты емес себептермен екі пәннен көп емес пәндерден жылдық бағалау мен аттестаттаудан өте алмаған;

- кез келген пәннен жылдық баға алмаған және аттестаттаудан өтпеген жалпы білім беретін оқу мекемелерінің бұрынғы жылдардағы түлектері болып табылатын тұлғалар экстернат түрінде білім ала алады, сонымен қатар тілек білдірушінің өтініші негізінде мектепті жеделдетіп аяқтау құқығы беріледі және емтихандарды экстерн түрінде тапсыруға жағдайлар жасалады.

Экстернат формасында білім алу үшін экстернат туралы Ережеге сәйкес 1-наурызға дейін келесі құжаттарды ұсынуы қажет:

- кәмелеттік жасқа толмаған оқушылар үшін ата-аналардың немесе олардың орнындағы заңды тұлғалардың, кәмелеттік жастағы оқушылар үшін – өздері жазған өтініші;

- білім деңгейі туралы деректер;

- тууы туралы куәліктің немесе паспорттың көшірмесі (жергілікті жерде тіркелгендігі туралы дерек болуы тиіс);

- жеке деректерді жинауға және өңдеуге келісім беру.

Ағымдағы жылдың 1-наурызынан Мемлекеттік Қорытынды Аттестаттауға (МҚА) дейінгі аралықта мектеп бітірушілерді экстернат формасында оқыту жүргізіледі. Оқыту аяқталғаннан кейін оқу жоспарының инвариант бөлімінің пәндері бойынша жылдық бағалар қойылады, жылдық бағалаудың қорытындысы бойынша оқушы МҚА жіберіледі.

Мамыр айында Мемлекеттік Қорытынды Аттестаттау жүргізіледі.

Мамыр-маусым айларында деңгейге сәйкес білім туралы құжат беру жүргізіледі.

Қазіргі уақытта Украинада мектептік білім берудің көптеген түрлері жүзеге асырылады, мысалы.

1. Іштей – мектепке толық көлемді бару:

2. Жеке оқыту – мұғалімдермен дербес оқу бастауыш мектепте аптасына 5 сағат, негізгі мектепте – 8 сағат және 10-11-сыныптарда – 14 сағат, яғни мұғалім сыныпта оқушыға жаңа тақырыпты түсіндіреді, оқушы үйде сол тақырып бойынша жұмыс істейді, ал келесі сабақта үй тапсырмасын көрсетеді және бақылау жұмысын жазады.

3. Экстернаттық оқыту – оқушылар оқитын сыныбына сәйкес әр пән бойынша жылына бір рет аттестаттаудан өтулері тиіс [12].

**Беларусь Республикасында** экстернат оқу процесіне сәйкес сертификаттау Беларусь Республикасы Білім беру кодексіне және Беларусь Республикасы Білім министрлігінің 2005 жылғы 25 шілдедегі № 130 қаулысымен бекітілген экстернат оқу процесінде сертификаттау жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес жүзеге асырылады.

Экстерн - мемлекеттік аккредиттеуден өткен оқу орнындағы білім беру бағдарламасының мазмұнын толығымен қабылдай алмайтын, және егер бұл бағдарламаларды оқу орнында ішінара өз бетінше меңгерген білім алушыны атаймыз.

Экстернат – білім беру бағдарламасының мазмұнын білім алушы сабаққа үнемі қатыспай-ақ тиісті негізгі орта, жалпы орта білім беру бағдарламасының оқу пәндерін өз бетімен оқитын оқыту нысандарының бірі. Емтихан-экстернат бойынша аттестаттау тәртібі болып табылады. Оқу пәндері бойынша үлгілік оқу жоспарының базалық білім мазмұнын игеру барысында типтік оқу жоспарына сай аралық аттестаттау мен қорытынды аттестаттау емтихандарын тапсырады. Қорытындылау барысында бағалар аттестаттау емтихандарының бағалары мен оқу үлгерімі туралы анықтамасынан алынып қойылады.

Экстернатқа рұқсат беру шарттары: экстернат тәртібі бойынша аттестаттауға жіберу туралы шешімді тұлғаның өтініші негізінде (кәмелетке толмаған адамның заңды өкілінің өтініші негізінде). жергілікті атқарушы орган немесе тұрғылықты жергілікті білім басқармасы шешім қабылдайды.

Білім беру мекемесінде орта білім берудің ішінара базалық білім беру мазмұнын меңгеру, аттестаттау кезінде белгіленген тәртіппен (академиялық анықтама, үлгерімі туралы анықтама) экстернат қабылдануы мүмкін.

Емтихан-экстернат бойынша аттестаттау тәртібі болып табылады, соның ішінде қорытынды емтихан. Экстернат бойынша аттестаттау нәтижелері тәртіп бойынша 0 (нөлден) 10 (онға) дейінгі балл көлемінде бағаланады немесе оқылмады деген жазба жазылады. 1 (бір) баллдан 10 (он) баллға дейін және оқылмады деген жазбалар жақсы бағалаулардың бірі болып табылады.

«Дене шынықтыру және денсаулық», «Еңбекке баулу», «Әскерге дейінгі және медициналық дайындық» оқу пәндері бойынша қорытынды аттестаттау экстерннің қалауы бойынша жүргізіледі. Егер осы оқу пәндері бойынша аттестатталмаған болса, онда жалпы базалық білімі туралы куәлікте немесе жалпы орта білімі туралы аттестатта бұл пәндер оқылмады деп жазылады.

Бір немесе бірнеше оқу пәндері бойынша емтиханнан, соның ішінде қорытынды емтиханнан 0 (нөл) балл алған экстернге, оқығандығы туралы анықтама беріледі.

Экстернат тәртібі бойынша аттестаттаудан сәтті өткен экстернге білімі туралы құжат беріледі (жалпы базалық білімі туралы куәлік, жалпы орта білімі туралы аттестат).

Экстернат тәртібі бойынша аттестаттауға жіберуге шешім қабылдау үшін ұсынылатын құжаттар тізімі:



- өтініш;
- жалпы базалық білімі туралы куәлік;
- білімі туралы анықтама (академиялық анықтама, үлгерімі туралы анықтама) немесе білім алушының жеке ісі;
- тұрғылықты жерінен анықтама;
- жеке паспорт көшірмесі ұсынылады;

Құжаттарды тапсыру мерзімі – ағымдағы жылдың 25 сәуіріне дейін жүзеге асады. 25 сәуірден кейін дәлелді себептері бар тұлғалардың құжаттарын қарауға Беларусь Республикасының Білім министрлігінің келісімімен қабылданады.

Экстерн оқу пәндері бойынша кеңес алуға және оқу құралдарымен, оқулықтармен пайдалануға құқығы бар.

Экстернат тәртібі бойынша аттестаттау мамыр-маусым айларында жүргізіледі [13].

Заманауи мектеп білім алушыларға өздігінен білім алуларына, жетілулеріне, өзін-өзі танытуына жағдай жасауы тиіс.

Экстернаттық нысанда білім алу білім алушылардың шығармашылық жұмыспен, ғылыми зерттеулермен тереңірек айналысуына, жоғары оқу орнына түсіге дайындалуына жағдай жасайды.

## 2 Негізгі және жалпы орта білім беру ұйымдарында экстернаттық оқытудың ерекшеліктері

Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы № 205 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес білім сапасын арттыру жөніндегі жұмыстың негізгі бағыттары білім беру процесіне қатысушылардың үздік білім беру ресурстары мен технологияларына бірдей қолжетімділікті қамтамасыз ету, жылдам өзгермелі әлемде табыстылығын қамтамасыз ететін білім алуға деген білім алушылардың сұраныстарын қанағаттандыру, Қазақстан Республикасы азаматтарының жалпы білім беретін мектептерде интеллектуалдық, рухани және дене бітімі дамуын қалыптастыру болып табылады.

Білім алушыны өмір сүруге дайындау үшін академиялық білім, функционалдық дағдылар, жеке тұлғалық қарым-қатынастар мен құзыреттіліктер жеткіліксіз. Мүлдем жаңа сапа – метабілімділік, метақұзыреттілік қажет.

Озық экономика білім беру мақсаттарын «білетін адамнан» «шығармашылықпен ойлайтын, әрекет ететін, өзін-өзі дамытатын адамға» ауыстыруды талап етеді.

Оқушыларға білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыруда экстернаттың мүмкіндіктері мәселелердің туындауын жоққа шығармайды. Ең көкейкесті мәселелерге салдары білімді меңгеру сапасы болатын дидактикалық деңгейдегі мәселелер жатады. Бүгінгі жалпы білім беретін экстернат тексеру эталонын ашық немесе жасырын түрде төмендету жағдайында, немесе жүйелік дидактикалық қолдау арқылы қызмет ете алады (В.Н.Вершинин, Е.Б.Рыкова). Сондықтан экстернат нысанында оқытудың нәтижелілігін қамтамасыз ететін жағдайлар жасауға жаңа тәсілдер қажет. Оқыту сапасы оқушының өзіне байланысты болғандықтан, өздігінен білім алу әрекетінің субъектісіне қатысты жағдайлар ең үлкен әлеует болып табылады. Осындай жағдай ретінде оқушының экстернат нысанында оқытуға дайындығы, яғни өздігінен білім алудағы оқу құзыреті болады. [14].

*«Оқушының өздігінен білім алудағы оқу құзыреттілігі»* түсінігі *«құзыреттілік»*, *«оқу құзыреттілігі»* ұғымдарының және экстернат нысанында білім алушы – субъектінің негізгі қасиеттерінің негізінде анықталады. Экстерн білім алушыға білім беру мазмұны мен оның дереккөздеріне қатысты жолдаудың мәні мен мақсатын түсінуде көрінетін ақпараттық сұралымның саналылығы; білім беру процесіне ерікті саналы түрде қосылуды қарастыратын ангажирлеу; оқыту барысын тиісті бағалауға және түзетуге мүмкіндік беретін сыни тұрғыда ойлау; жағымды білім беру нәтижелеріне жетудегі өзбеттілік тән (И.Р.Шнайдер).

Әлемдік білім беру тәжірибесінде «құзыреттілік» басты түсінік ретінде қолданылады. Себебі, біріншіден, ол өзіне білім берудің дағдылық және зияткерлік құрамдарын біріктіреді; екіншіден, «құзыреттілік» түсінігінің өзінде

«нәтижеден» қалыптасатын білім беру мазмұнын түсіндіру идеологиясы жатыр; үшіншіден, құзыреттілік мәдениет пен әрекеттің кең саласына қатысты релеванттық бірқатар білім мен іскерліктерден тұратын болғандықтан кіріктірілген табиғаты бар [15].

«Жалпы білім беру мазмұнын жаңғырту стратегиясына» сәйкес білім беру ұйымы қызметінің негізгі нәтижелері тек білім, білік және дағдылардың жүйесі болмауы керек. Бұнда оқушылардың зияткерлік, құқықтық, ақпараттық және басқа салалардағы басты құзыреттерінің жиынтығы туралы сөз болып отыр. Құжатта әр түрлі ақпарат көздерінен, соның ішінде мектептен тыс білімді меңгеру әдістерін игеруге негізделген өзіндік таным әрекетінің саласындағы құзыреттілік меңзеледі.

Оқу әрекеті тұлғаның барлық қасиеттері, оның мінездемесі қалыптасатын, білінетін және көрінетін экстерннің оқу субъектісі ретінде тіршілік ету формасы болып табылады. Оқи алу мен белгілі бір пәндік саладағы міндеттерді шеше алу – бұл әртүрлі біліктер. Экстерн-оқушының өздігінен білім алудағы оқу құзыреттілігі барлық пәндер бірігуінің, түпкі нәтижеде үздіксіз, дамытып оқудың негізі болып табылатын көптеген әмбебап оқу біліктері ретінде оқу біліктерін шоғырландырады.

Осылайша, оқу құзыреттілігі білім беру міндеттерін нәтижелі шешуге, жаңа білімді игеріп құруға, әрекеттің жаңа әдістерін меңгеруге мүмкіндік беретін біліктер, қабілеттер, уәждемелік құрылымның белгілі бір деңгейі ретінде түсіндіріледі.

Өздігінен білім алу – бұл замандастардың тәжірибесін меңгеру бойынша өзін дамытуға бағытталған ішкі өзін-өзі ұйымдастыру жүйесі. Өздігінен білім алудың белгілері: мазмұнды, әдістер мен формаларды таңдаудағы саналылық; танымдық әрекеттің еріктілігі, оған жағымды қарым-қатынас; таным процесінің жекелігі.

Оқу құзыреттілігі, өздігінен білім алудың сипаттамалары мен экстерннің белгілерін назарға ала отырып, *экстерн-оқушының өздігінен білім алудағы оқу құзыреттілігінің* анықтамасы танымдық әрекеттің еріктілігі, оған жағымды қарым-қатынасы негізінде пәндік құзыреттіліктерді игеруге қабілетін анықтайтын өздігінен оқу әрекетіне теориялық және тәжірибелік дайындығы бар тұлғаның біріктірілген қасиеті ретінде берілген [16].

Оқу құзыреттілігінің қарастырылып жатқан түрін қалыптастыру мақсаттарын анықтау үшін оның құрылымдық-мазмұндық моделі әзірленген (9-кесте).

9-кесте. Экстерн-оқушының өздігінен білім алудағы оқу құзыреттілігінің құрылымдық-мазмұндық моделі

<b>Құзыреттіліктің компоненті</b>	<b>Компонент мазмұны</b>
Когнитивтік	өздігінен білім алу танымдық әрекеттің негізі, іргетасы, көбінесе, тіпті әдісі ретінде қолданылатын жалпы білім

	<i>көлемі</i>
Уәждемелік	оқу әрекетіне, дүниетанымын кеңейтуге, білімін үздіксіз толықтыруға және жалпымәдени деңгейді арттыруға <i>қарым-қатынасы</i>
Әрекеттік	<p>- әртүрлі дереккөздерді қолдануда және өздігінен білім алудың түрлі формаларында (оқу, тыңдау, бақылау, тәжірибе және басқа) танымдық білік пен білімді өздігінен меңгеру <i>білігі</i>;</p> <p>- ақыл-ой әрекетінің <i>білігі</i> (сезімдік таным, «ойлау тәсілдері», оның ішінде мәселені көру және оны шешу жолдарын таңдау;</p> <p>- танымдық әрекетке өзіндік ұйымдастыру <i>білігі</i> (таным көздерін және өздігінен білім алу түрлерін таңдау, жоспарлау, жұмыс орнын ұйымдастыру, әрекетін өзіндік ұйымдастыру, өзіндік есепке алу, өзін өзі бақылау және т.б.)</p>
Тұлғалық	<i>қасиеттер</i> : өзін-өзі сәйкес бағалау; өзіне сенімділік; саналы түрде қойылған мақсатқа жетуге бағытталған әрекеттерді орындау және ойланып әрекет ету, нақты эмоционалдық жағдайларды басқару <i>білігі</i> .

Жалпы білім беретін мектеп білім алушыларға терең білім берумен қатар, олардың ауызекі тілі мен жазбаша тілін дамыту, ойын жүйелі айтып орамды сөйлеп әрі дұрыс жаза білуді талап етеді. Сондықтан да экстернаттық нысанда оқитын білім алушылардың да жазбаша тіл мәдениетін дамытып, жүйелі жазу дәрежесін көтеру мақсаты қойылуы тиіс.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінен жазба жұмыстары қарастырылуы тиіс, экстернат нысанында оқитын экстерндердің көркем сөйлеу тілін дамыту мақсатында шығармашылық тапсырмалар беруді дұрыс ұйымдастыра білу ең негізгі мәселенің бірі болып табылады [17].

Осы мәселені шешу үшін қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдеріне экстерндерге онлайн режимінде шығарма, эссе жұмыстарының тақырыбын беруді ұсынамыз, яғни шетелде оқып жүрген білім алушы ұсынылған тақырыптардан өз таңдауымен бір жылдың ішінде бірнеше жазба жұмысын орындап мұғалімге жібереді. Экстеріндерге ұсынылатын тақырыптар келесідей болуы мүмкін:

5-сынып:

- Мен өз халқымның салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын құрметтеймін (шағын эссе).

- Төрт түлік – қазақтың асыл қазынасы (ойтолғау).

- Көркем шығармалардағы мақал-мәтелдердің мағынасын өз сөзімен түсіндіріп жазу.

- Ойдан ертегі жазу.

- Егер мен Толағай болсам (ойтолғау).

6-сынып:

- Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей (шағын шығарма).
- Адам бойындағы жақсы қасиеттер мен жаман әдеттер (ойтолғау).
- Ата-әже, ата-аналарының тілек-баталарын жазу.
- Елі мен ата-ана алдындағы міндет пен борыш (эссе жазу).
- Туған жерге деген сезім (шағын ойтолғау).
- Ана тілім (шағын шығарма).

7-сынып:

- Өз еліңнің бүгіні мен болашағы (ойтолғау).
- Жер тағдыры – ел тағдыр» (шағын шығарма).
- Туады ерлер ел үшін (ойтолғау)
- Туған жер (шағын шығарма).

Ұсынылып отырған тапсырмалар негізгі орта мектептің 5-7-сыныптарындағы «Қазақ әдебиеті» оқу пәнінің бағдарламалық мазмұнын тереңдетіп меңгеруді көздейді.

Берілген тапсырмаларды орындауда білім алушылар өздіктерінен ізденеді, тапсырмаларды орындап мектеп мұғаліміне онлайн түрінде тапсырады. Тапсырмалар білім алушының ой-өрісін кеңейтіп, есте сақтауын дамытады, байқағыштығын қалыптастырады, эвристикалық қабілеті шындалады. Теориялық білімдерінің кеңейіп, оны практикада қолдануына ықпал етеді. Логикалық ойының дамуы өздігінен ізденіп жұмыс жасауына мүмкіндік береді. Берілген тапсырмалар білім алушының интеллектуалдық деңгейін көтереді. Тапсырмалар білім алушының жас ерекшелігін ескере отырып құрастырылды.

Негізгі және жалпы орта білім беру ұйымдары үшін оқытудың экстернат формасын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірлеу барысында Астана қаласы Дарынды балаларға арналған №9 «Зерде» мектебінің экстернат нысанында оқыту іс-тәжірибесі зерделенгені туралы жоғарыда айтып өткенбіз. Экстерндердің ағымдық білімін бақылау және аралық аттестаттау бойынша ұсынылатын тапсырмалардың үлгілері аталған мектептің тәжірибесінен алынды.

Қазақ тілінде оқытатын мектептердің «Қазақ тілі» оқу пәнінен аралық аттестаттауға арналған тапсырмалар бірнеше нұсқада әзірленеді.

### 5-сынып

*Тапсырма: мәтінді оқып, төмендегі тапсырмаларды орындаңыз*

#### **1-мәтін Қараша күз белгісі**

Қараша күз келді. Солтүстіктен ызғырық жел соғып тұр. Айдын беті қиқулаған құс. Көпті көрген сары тіс аңшы айдындағы құстар тобына аңыра қарап, дүниенің басқа бір қызығын тамашалап кетіп еді. Өзі құс ату саятына көп шықпаса да, қаз-үйрекке қаршыға, ителгі салғанды, бөдене мен шүрегейге қырғи мен күйкентай салғанды талай-талай тамшалаған. Ол ғана емес, құстар дүниесі, олардың өмірі, әсіресе, ұзақ-ұзақ сапарлары, жолдары Қамбарбек жанының құпиялы ғашығы, ынтызары еді.

Міне, бүгін де күн шықпай шығыстан сәуле көтерілген сайын құстардан тыныштық кете бастады. Олар тағы да ұзақ сапарға тартпақ. Ең алдымен көл бетіндегі аққулар тобы, сапарға шыққан ұшақтардың моторын қыздырғаны сияқты, канаттарымен көл толқындарын сабалап, бірін-бірі қуып, канат-топшысын қыздыра бастады. Аққулардың ұшуға әзірлігін сезгендей, қаздар мен үйректер де қиқу сап, ұрандасып өз тобын жинап жатты. Әсіресе, күздің ең суығын ала келетін қараша қаздар да сапарға әзірленіп, қым-қиғаш қиқу мен қаңқылға басты. (С. Бақбергенов, 142 сөз)

1. Мәтінің негізгі тақырыбы

А) Құстар өмірі. В) Құс аулау. С) Табиғатты қорғау. Д) Аққулар тіршілігі. Е) Ұзақ сапар.

2. Мәтінде құстарды аулаудың қандай тәсілі айтылған

А) Құстарды мылтықпен ату. В) Тормен аулау. С) Қақпан қою. Д) Құсқа жыртқыш құсты салу. Е) Итпен аулау.

3. Ұзақ сапарға аттанарда ұран салатын құстар

А) Аққу. В) қаршыға, ителгі. С) Бөдене. Д) қаз, үйрек. Е) шүрегей, күйкентай.

4. Саятшы Қамбарбек құс аулаумен қалай айналысады?

А) жиі. В) қолы бос кезінде. С) кәсіби түрде. Д) көп шықпайды. Е) оның кәсібі емес.

5. Құстардың ұзақ сапарға даярлығы басталатын кез

А) түн ортасынан. В) түсте. С) күн қайтқан соң. Д) күн шықпай. Е) кешкі салқынмен.

6. Еріндік дауысты дыбыс бар сөзді табыңыз

А) үйректер. В) қақпан. С) ызғырық. Д) Қамбарбек. Е) саят.

7. Тек езулік дауысты дыбыс бар сөз

А) үйректер. В) аққу. С) өмірі. Д) бүгін. Е) әзірлік.

8. Ұяң дауыссыз дыбыс бар сөздерді (2 дұрыс жауап) белгілеңіз

А) қаршыға. В) аққу. С) ителгі. Д) күйкентай. Е) үйрек.

6-сынып. Мәтінді оқып, төмендегі тапсырмаларды орындаңыз

Жақан

Малшы ауылдың үлкен – кішісімен түгел қоштасып, рульге отырды.

Зулап келе жатқан жылдамдықтан ба, бетке ұрған самал лептен бе, бір жыл асқанша артыңнан ербие қарап тұратын риза жанарлардан ба, тамағы құрғап, көзі жаурап кетеді. Олар үшін бұл дүниедегі ең қымбат, ең жақын адамдай. Олар бұған жабыла ақ жол тілеп тұрғандай. Жақан артына жалтақ – жалтақ қарап қойып, педальді баса түседі. Шіркін десеңші, адамдарға қажетің бары қандай жақсы. Шамасы, азаматтың азаматтығы да басқаларға қаншалықты қажетінің барлығымен өлшенетін болса керек. Олардың саған күнде пәлен рет, «айналайындап» алдыңа келіп тұрғандары қандай тамаша! Жігітке өз атын басқаның аузынан естігенінен асқан бақыт бар дейсің бе!

- Жақан!

- Уа, Жақан!

Айта берсін, атай берсін, айқайлап шақыра берсін. Күніне мың рет, тіпті, миллион рет атасын, шақырсын, әңгіме қылсын... Тек мынау жол жиегіндегі әрі өткен мен бері өткеннің шаңына көміліп, белгісі мен бедерінен жүрдай боп, енді мынау ұлан – асыр дүниеде ешкімнің көзіне ілікпейтін сілтібас тырбық қылтанақтай керексіздіктен аулақ қылғай... (Ә.Кекілбаев, 152 сөз).

1. Мәтін кейіпкерінің көңіл-күйі қандай?

А) жабырқаулы; В) қимастық сезімде; С) қуанышты; Д) ризашылық; Е) ренішпен.

2. Мәтіндегі негізгі ой түйіндемесі

А) өзінің адамдарға қажеттілігін сезіну; В) адамдар арасындағы сыйластық; С) достық қимастық; Д) қарым-қатынасты бағалау; Е) адамның күні адаммен қарым-қатынасы.

3. Кейіпкер өзінің бақытын неден тапты?

А) еңбектен; В) отбасынан; С) адамдарға жақсылық жасаудан; Д) өз атын басқаның аузынан естігеннен; Е) махаббаттан.

4. Кейіпкердің қандай кәсіппен айналысатынын топшылаңыз

А) мал дәрігері; В) сатушы; С) мұғалім; Д) жүргізуші; Е) пошта тасушы.

5. Мәтіндегі ойдың шешімі

А) керексіздіктен аулақ қылғай; В) адамдарға қажетің бары қандай жақсы; С) қажетінің барлығымен өлшенетін; Д) дүниеде ешкімнің көзіне ілікпейтін; Е) «айналайындап» алдына келіп тұрғандары.

6. Асты сызылған сөйлемді сөз табына қарай талдаңыз.

7. Азаматтың азаматтығы тіркесін сөз құрамына қарай талдаңыз.

### 10-сынып. Ежелгі дәуір әдебиеті

Қазақ әдебиетінің тарихы үш кезеңге бөліп қарастырылады. Олар: ежелгі дәуір әдебиеті, орта ғасырлар әдебиеті және ХІХ ғасырдан бергі әдебиет. Біз бүгін ежелгі дәуір әдебиеті туралы сөз қозғайтын боламыз. Біздің дәуірімізге дейінгі VII-V ғасырлардан бастап біздің заманымыздың ХІV ғасырын қоса 2000 жылдай уақытты қамтитын аралықта туған шығармалар осы ежелгі дәуір әдебиетіне жатады. Тарихи деректерге сүйенсек, XV-XVI ғасырларда қазақтар халық болып қалыптасқан. Сонда осыған дейінгі әдебиет біздікі емес пе деген сұрақтар да туады. Халқымыздың төл әдебиеті ежелгі дәуір әдебиетінен бастау алады. Өйткені, бұл туындылардың барлығы – түркі халықтарына ортақ мұра. Атап айтсақ, Алып Ер Тоңа, Орхон-Енисей жазба ескерткіштері, Қорқыт ата кітабы, Әбу Насыр әл-Фараби, Ахмет Йасауи, Жүсіп Баласағұн, Махмұт Қашқари, Рабғузи, Сәйф Сарай, Ахмет Йүгінеки т.б. Аты аталған шығармалар мен тұлғалар ежелгі дәуір әдебиетінің ең көрнектілері десек болады.

Біздің заманымызға дейінгі VII-V ғасырларда өмір сүрген сақ бекзадасының алтын киімі мен қабірі Есік қаласының маңынан табылғаны мәлім. Бекзаданың алтын тостағанында жазылған сөздер мен Орхон-Енисей ескерткіштеріндегі сөздер бірдей екендігі ғылымда дәлелденген. Қазақтың эпостық және лиро-эпостық жырларының да тамыры осы ежелгі дәуір

әдебиетінде жатыр. Ежелгі дәуір әдебиетінің негізіне қыпшақ тілінде дамыған кезеңінде туған «Кодекс куманикус», «Махаббатнама», «Жүсіп-Зылиха», «Гүлстан», «Домбауыл», т.б. қиссалар, дастандар, шежірелер, тарихи мұралар енеді.

Бастыны еңкейтті,  
Тізеліні бүктірді,  
Бек ұлдары құл болды,

Пәк қыздары күң болды, – деген Күлтегін жырының үзіндісі «Алпамыс батыр» жырына өте ұқсайды. Жалпы сабақтастық пен бір халықтың шығармасы екендігі жырлардың өне бойы мен құрылымынан да байқалады.

Қорыта айтар болсақ, ежелгі дәуір әдебиетінсіз бүгінгі әдебиетті елестету мүмкін емес. Бұл дәуірде туған әдеби шығармалар сол уақыттағы халықтың өмірінен, тұрмыс-салтынан, тарихи оқиғаларынан көп мәлімет береді. Осыған сүйене отырып, бұл мұраларды әлемдік қазына деп атасақ да асылық емес. (263 сөз)

1. Мәтінде есімі аталмаған тұлғаны табыңыз

А) Сәйф Сараи; В) Құт әл-Құлыб; С) Ахмет Йүгінеки; D) Жүсіп Баласағұн; E) Махмұт Қашқари.

2. Мәтінге тән ақпаратты табыңыз

- А) Бекзаданың алтын тостағанында жазылған сөздер;
- В) Бекзаданың алтын қалқанында жазылған сөздер;
- С) Бекзаданың алтын қанжарында жазылған сөздер;
- D) Бекзаданың алтын қылышында жазылған сөздер;
- E) Бекзаданың алтын киімінде жазылған сөздер.

3. Мәтінде қай жырдан үзінді берілген?

А) «Алпамыс батыр»; В) «Кодекус куманикус»; С) «Күлтегін»; D) «Махаббатнама»; E) «Домбауыл».

4. Сақ бекзадасы шамамен қашан өмір сүрген?

А) б.д.д IV-V ғ.; В) б.д.д IV-Vғ.; С) б.д.д IV-VI ғ.; D) б.д.д V-VII ғ.; E) б.д.д VII-V ғ.

5. Мәтінге сәйкес емес ақпаратты табыңыз

А) Олар: ежелгі дәуір әдебиеті, орта ғасырлар әдебиеті және XIX ғасырдан бергі әдебиет.

В) Тарихи деректерге сүйенсек, XIV-XVI ғасырларда қазақтар халық болып қалыптасқан.

С) Осыған сүйене отырып, бұл мұраларды әлемдік қазына деп атасақ да асылық емес.

D) Сақ бекзадасының алтын киімі мен қабірі Есік қаласының маңынан табылғаны мәлім.

E) Жалпы сабақтастық пен бір халықтың шығармасы екендігі жырлардың өне бойы мен құрылымынан да байқалады.

Мектептің экстернат нысанында жұмыс істейтін пән мұғалімдері экстерндердің ағымдық білімдерін бақылау және бағалау мақсатында тест тапсырмаларын 6 нұсқада әзірлейді және экстерндердің электронды поштасына



жібереді. Экстерндер қалаулары бойынша міндетті түрде екі нұсқаны орындаулары тиіс, ал басқа нұсқаларды орындау немесе орындамауды өздері шешеді. Тест тапсырмаларының 1-2 нұсқаларын үлгі ретінде ұсынамыз.

9-сынып. Қазақ тілі

1. Біріккен сөзі бар сөйлемді тап

А) Айнала жым-жырт. В) Жүрегінің түгі бар. С) Дала. Д) Ол бүгін лицейдің оқушыларымен кездесті. Е) Мен оқушымын.

2. Сөздердегі жалпы есімді тап

А) «Береке» совхозы. В) Қапшағай. С) Балқаш. Д) адам. Е) «Ақтөс».

3. Сілтеу есімдігін тап

А) бір, алтау. В) егер, бірге, уақыт. С) түнде, кеште. Д) бұл, сонау. Е) жүз, оқы.

4. Синонимдік қатарды тап

А) қыстау, жайлау. В) қисынды, орынды, ретті. С) етік, бөрік. Д) жылқы, тай. Е) парыз, қуаныш.

5. «Икемсіз» сөзімен антонимдес салыстырмалы шырай түрін тауып, белгіле

А) ептілеу. В) пар. С) жазық. Д) көк. Е) анық.

6. Күрделі сан есімді көрсет

А) екеуімен, жетеумен. В) бес-алты, үш-төрт. С) екіден, бестен. Д) жүз, бес. Е) жиырма, сегіз.

7. Септеулік шылаумен байланысып тұрған тіркесті көрсет

А) орта мектеп. В) Қазыбектің жоспары. С) жиналыстан кейін. Д) дәл өзі. Е) бекрге қиналу.

8. Сөз тіркесі байланысудың қай түріне жатады, дұрысын белгіле: *Жазғы кеш*.

А) жанасу. В) меңгеру. С) матасу. Д) қиысу. Е) қабысу.

9. Айқындауыш мүшесі бар сөйлемді анықта

А) Екеуі ымырт жабыла бергенде, Бөкенші жайлауы Жәнібекке тартты. В) Ақберді Базаралының үйіне келді. С) Жығылған күреске тоймас. Д) Қазақ жеріне көктем келді. Е) Ербол Абай сөздеріне сүйсініп отыр.

10. Шартты бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлемді көрсет

А) Сын түзелмей, мін түзелмейді. В) Өзеннің суы таяз болғанмен, жағасы тік. С) Мен ұнатқанмен, ол ұнатпайды. Д) Шай жиналысымен, қонақтарды Болат шақырып әкетті.

Е) Сапар бұған қарсылық білдірместен, Жарқын нұсқаған тұсқа барды.

11. Қыстырма сөзді сөйлемді көрсет

А) Өмірде бәрі кездеседі, дегенмен жақсылық жеңеді. В) Не ексең, соны орасың. С) Біреулері ызғарлы, біреулері көңілді отыр екен. Д) Жә, мырза, мына келе жатқан біздің көшіміз еді. Е) Әрине, адам өмірінде көп қиындықтар кездеседі.

12. Мақалға тән белгі

А) Сөйлем аяқталмай, толымсыз болып келеді. В) Ой анық, белгілі бір тұжырым жасалады. С) Бейнелі әрі тұспалдап айтылады. Д) Жұмбақталып, астарлы мағынада айтылады. Е) Ой жанамаланып, сілтеме, ишара түрінде келеді.

13. Туынды үстеу жасайтын жұрнақ

А) -ды, -ді, -ты, -ті, -шы, -ші. В) -лай, -лей, -дай, -дей, -тай, -тей. С) -ыт, -іт, -т. Д) -қыз, -ғыз, -кіз, -гіз. Е) -дыр, -дір, -тыр, -тір

14. Үтірдің қойылу себебі

*Ұлжан енесіне бағана, Абай ұйықтап жатқанда, бар жайды айтқан.*

А) Қыстырма сөз. В) құрмалас. С) оқшау сөз. Д) айқындауыш. Е) бірыңғай мүше.

15. Сөз тіркесінен болған атаулы сөйлемнің соңғы сөзі қай сөз табынан екенін белгіле: *Қараңғы түн.*

А) сан есім. В) сын есім. С) зат есім. Д) есімше. Е) етістік.

16. Мына сөз тіркестеріндегі фразеологизмді тап

А) Ер дәулеті\еңбек. В) Тепсе темір үзеді. С) Еңбек етсең, емерсің. Д) Сүрініп жығылды. Е) Ештен кеш жақсы.

17. Табыс септігінде тұрған жіктеу есімдігі

А) көрд. В) оқыды. С) жерді. Д) гүлді. Е) сізді.

18. Антонимдік жұпты көрсет

А) аяқтау - бітіру. В) бетінен оты шықты - беті бүлк етпеді. С) төбе шашы тік тұрды – қорықты. Д) телефон – автомат. Е) адамның баласы – бауырың.

19. Термин сөздерді көрсет

А) жақсы, жаман. В) ажар, көрік. С) тез, жылдам. Д) бастауыш, аммиак. Е) сәлемдесу, амандасу.

20. Бастауыш пен баяндауыштың арасына қойылатын сызықша

А) Екі сегіз он алты. В) Қыс қатты. С) Татулықта табыс мол. Д) Жанымызда төртеуі бар. Е) Күн ашық.

21. Жақсыз сөйлем баяндауышының жасалу жолы

А) -са, -се, шартты райлы етістіктен. В) -ар, -ер жұрнақты етістіктен. С) -ған, -ген есімше жұрнақтары. Д) -ғалы, -гелі, -қалы, -келі көсемше жұрнақтары арқылы. Е) -қы, -ғы, -кі, -гі жұрнақты қалау райлы етістіктен.

22. Түбірі өзгеріске ұшырап біріккен сөздер қатары

А) әлдекім, белбеу. В) туынды, Сарыөзек. С) қонағасы, итбалық. Д) жүкаяқ, ата-ана. Е) сөйтіп, ендігәрі.

23. Үстеудің сөйлемде негізінен қандай атқаратынын қызметі

А) баяндауыш. В) бастауыш. С) анықтауыш. Д) толықтауыш. Е) пысықтауыш.

24. Септеулік шылаулар

А) Өмір бір орнында тұрмайды, онымен бірге ілесу керек. В) Ғылым мен еңбек бәрін де жеңбек. С) Қабан шөппен қоректенеді, сондықтан аңдарға тимейді. Д) Шіркін-ай, керемет деген осындай болады екен. Е) Адасқан сен бе, мен бе?

25. Төл сөздің төлеу сөзге айналу жолы

- Енді кері қайтуға бола ма? - деп сұрады жауынгерлер.

А) Жауынгерлер қайтуға рұқсат сұрады. В) Жауынгерлер кері қайтуға болмайтынын сұрады. С) Жауынгерлер кері қайтатынын айтты.

#### ІҮ нұсқа

1. Тұйық буынды сөзді белгіле

А) анар. В) ант. С) күз. Д) қант. Е) бұрғы.

2. Қайталама қос сөз

А) орынды-орынсыз. В) кәрі-жас. С) құрт-құмырсқа. Д) қызыл-шақа. Е) алыс-жақын.

3. Заттық ұғымның атауы болатын сөздер

А) көрген, көрер. В) демеуші, егінші. С) анау, сонау. Д) сіз, сене. Е) әлдеқалай, солай.

4. Бөлшектік сан есім

А) екеуі, қырық бес. В) оннан бес, екіден бір. С) мұным, менің. Д) жүздеген, оншақты. Е) отыздай, екінші.

5. «Кейде» мағынасын білдіретін қосарлама қос сөз

А) айыл-тұрман. В) оқта-текте. С) алым-берім. Д) некен-саяқ. Е) ел-жұрт.

6. Күшейткіш үстеумен тіркесіп тұрған сөз

А) әбден шаршау. В) соншама күлу. С) жорта амандасу. Д) бірталай күн. Е) ертеден қалыптасқан.

7. Тек тұрлаулы мүшелермен келген сөйлемнің атауы

А) атаулы. В) толымды. С) жақты. Д) толымсыз. Е) жалаң.

8. Бастауыш қандай сөз табында тұр

*Әрқайсысы өз орындарына жайғасты.*

А) сан есім. В) етіс. С) зат есім. Д) есімдік. Е) есімше.

9. Еліктеуіш сөздің сөйлемдегі қызметін анықта

*Тәртеуі жалп-жалп құлады.*

А) толықтауыш. В) анықтауыш. С) пысықтауыш. Д) баяндауыш. Е) бастауыш.

10. Біршама тиянақты ойды білдіретін синтаксистік бірлік

А) сөз. В) сөздердің байланысу түрі. С) сөйлем. Д) тұрақты тіркес. Е) сөз тіркесі.

11. Шығыс септікпен бірге келген септеулік

А) Бұрын келіп кетті. В) Оның көңілі бұрыңғыдай. С) Бұрын-түбір сөз. Д) Бұрынды-соңды көрмедім. Е) Менен бұрын сен сөйле.

12. «Ешқандай, ешқайдан» сөздерді қай қатарға тән

А) үстеуші есім. В) болымсыз етістік. С) өздік етіс. Д) болымсыздық есімдігі. Е) белгісіздік есімдігі.

13. Пысықтауыш қызметіндегі бейнелеуішті тап

*Олар жапыр-жұпыр, тез амандасып шықты.*

А) шықты. В) амандасып. С) олар. Д) жапыр-жұпыр. Е) тез.

14. Сөйлем түрін анықта

*Үйден шықпаңдар!*

А) сұраулы сөйлем. В) толымды сөйлем. С) бұйырықты сөйлем. Д) жақсыз сөйлем. Е) хабарлы сөйлем.

15. Ауыспалы мағынада қолданылған сөзді табыңыз

А) Әр ақылымның бағасы-мың алтын динар. В) Алтын теңге шығарылды. С) Ол алтын алқа сатып алды. Д) Алтын-пайдалы қазба. Е) Ұйықташа, жаным, алтыным.

16. Антонимдік жұпты көрсет

А) сүйек-шаттыс. В) пәле-кесір. С) мықты-осал. Д) қу-айлакер. Е) аялау-әзиз.

17. Бөлек жазылатын сөз

А) көркемөнерпаздық. В) тамақсаулану. С) тамылжыту. Д) пәлеорлық. Е) қызыліңір.

18. Туынды сын есім

А) биік. В) таза. С) қара. Д) ашық. Е) көк.

19. Етістіктің бұрынғы өткен шақ түрі

А) жүремін, келемін. В) ойлағанмын, барыппын. С) ойлап отыр, бара жатыр. Д) ойлаймын, барамын. Е) ойладым, бардым.

20. Етістікті сөз тіркесін анықта

А) биік тау. В) жұмысты жандандыру. С) балаға мейірімді. Д) кенге бай. Е) халық қазынасы.

21. Қыстырма сөз

А) жұрттың жоруынша. В) жайшылық па? С) қап! Д) апырай! Е) ә, аты кім?

22. XVIII ғасырда өмір сүрген қазақтың би-шешендері

А) Абай, Ыбырай. В) Асан қайғы, Жиренше шешен. С) С.Негімов, Б.Адамбаев. Д) Төле, Қазыбек, Әйтеке билер. Е) Майқы би, Аяз би.

23. Бірге жазылатын сөздер қатарын көрсет

А) ат қою, ақ сүйек. В) шаң сорғыш, тоң май. С) жегжат адам, соқыр ішек. Д) құс жолы, Баян сұлу. Е) сөз жұмбақ, алты бақан.

24. Мөлшер пысықтауыш болатын үстеулер қатарын көрсет

А) әбден, тым, ең. В) тысқары, төмен, алға. С) бүгін, биыл, былтыр. Д) бекерге, босқа, лажсыздан. Е) біраз, онша, қыруар.

25. Кірме сөзді табыңыз.

А) бес. В) жәшік. С) қара. Д) балға. Е) жақсы.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту үшін қазақ тілі, орыс тілі және ағылшын тілі пәндерінен жазба жұмыстарын, соның ішінде эссе жазу ұсынылады. Жұмыстың бұл түрі оқушылардың сын тұрғысынан ойлауын және жазылым дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Мысалы, 6-сынып оқушысына суреттегі адам туралы бірнеше сөйлем жазуды ұсынуға болады, оқушы осы адамның есімін, тегін мекенжайын және т.б. ойлап жазуы мүмкін. 9-сынып білім алушысына бейнематериал көрсетіп осы бейнематериал бойынша өз пікірін білдіруді ұсынуға болады.

**Ағылшын тілі** айтылым дағдыларын (диалогтік және монологтік сөйлеу) дамыту үшін репродуктивті өнімді жаттығулар қолданылады: диалог түріндегі

сөзге үлгі-диалогтерді дыбыстау, фразалар, клишелер, идиомалық сөз тіркестері, сөйлеу құрылымы (грамматика), лексикалық бірліктер (лексика) қолданылуы мүмкін. Жаттығулар шығармашылық сипатта болуы мүмкін. Монологтік сөйлеу дағдыларын дамыту тірек сөздер, жоспар, логикалық сызба, ассоциациядан тұратын өнімді, репродуктивті және продуктивті өнімді деңгейде жүзеге асырылады. Оқу материалын жақсы меңгеру үшін жаттығуларды алдымен жазбаша, кейін ауызша түрде орындауға болады.

Шетел тілі бойынша білім алушыларды қорытынды аттестаттаудың негізгі ережелері:

- шетел тілін бесінші пән ретінде таңдаған 9-сынып түлектері қорытынды аттестаттауды емтихан түрінде тапсырады;

- емтихан шет тілінде алған білімдері, біліктері мен дағдыларын қорытынды бақылау ретінде қарастырады.

Шет тілі бойынша емтихан үш кезеңнен тұрады: лексикалық-грамматикалық тест, таңдау бойынша бір тақырыпқа айтылым және мәтінді мазмұндау.

Лексика-грамматикалық тест 25 сұрақтан тұрады, оның 11 меңгерілген лексиканы қамтиды, 11 сұрағы грамматика бойынша және 3 сұрақ оқып жатқан тілдің елі, тарихы туралы болуы мүмкін. Лексика-грамматикалық тест тапсырмаларын орындауға 25-30 минут беріледі.

«Айтылым» кезеңіне тақырыптар оқып жатқан оқу бағдарламасынан алынады. Тақырыптар саны шетел тілін таңдап алған оқушылар санына байланысты, яғни бір оқушы - бір тақырып. Емтихан тапсырушылар саны аз болса 10-нан кем емес тақырып таңдалады, ал одан артық болса, 25 тақырыптан көп емес. Емтихан тапсыратын білім алушы айтылым сөйлемдері арасында логикалық байланысы бар, идиомалық тіркестерді, мақал-мәтелдер мен нақыл сөздерді қолданатын, сөздерді дұрыс айтатын, емтихан алушының сұрақтарына еркін жауап бере алатын, салалас және сабақтас құрмалас сөйлемдерді қолдана алуы тиіс.

«Мазмұндау» кезеңіне арналған мәтіндер, оқытылатын тіл бойынша оқу бағдарламасын толық қамтитын қосымша дереккөздерден алынады. Мәтін көлемі 500-700 сөзден аспау керек. Мазмұндауға арналған мәтін әдеби үзінді – әңгіме, тарихи дерек, мақала, өмірбаян және т.б. Мазмұндауға дайындалуға 10 минут беріледі. Емтихан тапсырушы мәтінді кемінде 2 рет оқып шығып, мазмұндап беруі керек [17].

«Математика» оқу пәнін оқыту барысында әртүрлі адами іс-әрекеттер саласында кездесетін кең ауқымды өмірлік есептерді шешу үшін білім мен біліктерді пайдалану дағдыларын кеңейтуге, яғни функционалдық сауаттылықты дамыту бойынша жұмыстарға көңіл аудару керек.

«Математика» пәнін оқыту барысында математикалық сауаттылықты қалыптастыру мақсатымен:

- оқушыларға анықтамалықтарды қолдану, оқу, әдістемелік және анықтамалық әдебиеттерден анықтамаларды, формулалар және басқа да тұжырымдарды іздеу;

- математикалық формулаларды қолдану, дербес жағдайларды жалпылау негізінде шамалар арасындағы тәуелділіктің формулаларын өздігінен құрастыру;

- игерілген математикалық білім, білік, есептеу, өлшеу және графиктік дағдыларды пайдаланып практикаға бағытталған тапсырмаларды шешу;

- дәлелдемелі пайымдау жүргізу, талқылауға қатысу және логикалық негізделген қорытындылар жасау;

- математикалық мәтінмен жұмыс жасау (талдау, қажетті ақпаратты алу), математикалық терминология мен символдарды қолдана отырып, өз ойын ауызша және жазбаша түрде анық және нақты түсіндіру іскерліктерін үйрету ұсынылады.

Математиканы оқыту, ең бірінші, *берілген есептерді шығаруға* бағытталады. Математикаға қатысты сұрақтар, жаттығулар мен тапсырмалардың тақырыптары, күрделілігіне және педагогикалық бағыттылығы бойынша әртүрлі болып келеді. Сондықтан берілетін тапсырмалар математиканы оқытуда жеке оқытудың басты құралы болып келеді [18].

Математикалық ойлау мен қабілеттерді арттыру білім алушылардың өз бетінше берілген есеп шығару барысында ойлану арқылы жүзеге асырылады. Есеп шығара алу білігі – математиканы оқудағы жетістік критеріі. Мұғалім мен оқушы арасындағы диалог берілген тапсырмамен мен оны шешу жолдарын талдау барысында жүзеге асырылады. Білім алушылардың есеп шығарудағы өз бетінше жұмыстары математиканы оқытуда басты орын алады және осы арқылы ақпараттық-түсіндіру, белсенді емес әдістер мен тәсілдер аясын барынша тарылады.

Бақылау жұмысы – зерттеу не тексеру әдісі. Бақылау арнайы жоспар бойынша жүргізіледі. Жоспарда бақылаудың мақсаты мен міндеттері, жүргізу әдісі мен жолдары дұрыс көрсетілуі тиіс. Бақылаудың бірнеше түрлері бар: тақырыптық бақылау жұмысы, тараулар бойынша жүргізілетін бақылау жұмысы, қорытынды бақылау жұмысы, сыныптан-сыныпқа көшіру емтиханында алынатын бақылау жұмысын да қорытынды бақылау жұмысы деп айтуға болады.

Қорытынды бақылау жұмысы жыл аяғында өткізіледі. Мұнда тақырыптық және тараулар бойынша жүргізілетін бақылау нәтижелері есепке алынады. Білім алушылардың жыл бойына алған теориялық және практикалық білім деңгейі анықталады. Қорытынды бақылаудың негізі емтихан және білім алушылардың жылдық үлгерімін бағалау болып есептеледі.

Оқыту процесінде бақылау жұмысының жаппай, топтық және дербес формалары бар. Жаппай бақылау жұмысының барлық оқушыларға мазмұны бірдей сұрақтар немесе тапсырмалар беріледі. Бақылаудың дербес формасы әрбір оқушының білімін, іскерлігін және дағдысын анықтайды.

#### 5-сынып. «Математика» оқу пәнінен көктемгі сыныптан-сыныпқа көшіру емтиханының жазбаша жұмысы

##### 1) Есептеңдер:

а)  $\left(1\frac{2}{7} + 2\frac{1}{4}\right) : \frac{11}{14}$ ; б)  $6,91 + (5,76 - 3,413)$ ; в)  $408,8 : (6,3 - 5,18) \cdot 0,01 + 1,35$ ;

г)  $4\frac{1}{6} \cdot 0,6 + 6\frac{2}{5} : 1\frac{1}{7} - 6,7$

2) Теңдеуді шешіңдер

а)  $0,8x + 3,5x - 0,75 = 1\frac{2}{5}$ ; б)  $(x - 2,5) \cdot 4\frac{1}{5} = 6,3$

3) Оқушы кітаптың 124 бетін оқыды. Бұл барлық бетердің 62% құрайды. Кітапта неше бет бар?

4) ОД және ОС сәулелері ЕОК жазыңқы бұрышын үш бұрышқа бөледі. ЕОД бұрышы СОД бұрышынан 2 есе, ал СОК бұрышынан  $12^0$  кіші. Осы бұрыштарды табыңдар.

5) Ара қашықтығы 28,9 км болатын екі елді мекеннен бір мезгілде бір-біріне қарама-қарсы екі велосипедші шықты. Бірінші велосипедшінің жылдамдығы 13,6 км/сағ, ал екінші велосипедшінің жылдамдығы бірінші велосипедші жылдамдығының  $\frac{7}{10}$  бөлігін құрайды. Олар неше сағаттан кейін кездеседі?

#### 8-сынып. «Алгебра» оқу пәнінен көктемгі сыныптан-сыныпқа көшіру емтиханының жазбаша жұмысы

1. Өрнекті ықшамдаңдар.

а)  $\sqrt{25a} + \sqrt{16a} - \sqrt{64a}$ ; б)  $(\sqrt{5} - a)(\sqrt{5} + a)$ ;

в)  $(\sqrt{x} - \sqrt{y})(x + \sqrt{xy} + y)$ ; г)  $\frac{2a}{\sqrt{a+5}} - \frac{50}{\sqrt{a+5}}$

2. Теңдеуді шешіңдер.

а)  $9x^2 - 12x + 4 = 0$ ; б)  $(x+5)^2 + (x-2)^2 + (x-7)(x+7) = 11x + 8$ ;

в)  $\frac{x-5}{x+6} - \frac{x+6}{x-5} = 0$ ; г)  $\frac{1-2x}{x^2-1} - \frac{1}{x+1} = \frac{2}{x-1}$

3. Есептеңдер.

а)  $48 * \sqrt{\frac{49}{256}} - \frac{26}{3} * \sqrt{\frac{900}{169}} + 62 * (\frac{144}{961})$

б)  $2\sqrt{3}(\sqrt{12} + 3\sqrt{5}) - \sqrt{5}(6\sqrt{3} - \sqrt{20})$

в)  $\sqrt{\frac{62^2 - 12^2}{89^2 - 32^2}}$

4. Теңсіздікті шешіңдер.

а)  $8x^2 - 2x - 1 > 0$ ; б)  $16 + 22x - 3x^2 \geq 0$ ; в)  $\frac{x+2}{x+5} \geq 0$  г)  $\frac{2}{x-5} \leq 3 - \frac{14}{x}$

5. Функция графигін салыңдар.

а)  $y = \sqrt{x} - 1$ ; б)  $y = -x^2 + 5$

Тікбұрышты үшбұрыштың гипотенузасы 10 см, катеттері бірі екіншісінен 2 см үлкен. Үшбұрыштың ауданын табыңдар.

Экстернлердің ағымдық білімдерін бақылауға арналған тест  
тапсырмалары

9-сынып. Алгебра. I нұсқа

1. Есептеңіз:  $728:(617-526)$

A) 8. B) 93. C) -91. D) 1. E) 2.

2. Амалдарды орындаңыз:  $2,5-0,4*3\frac{1}{3}$

A)  $1\frac{1}{3}$ . B)  $3\frac{1}{4}$ . C)  $1\frac{1}{6}$ . D)  $-1\frac{1}{6}$ . E) 0.

3. Өрнектің мәнін есептеңіз:

$-1,54+(-7,04)-(-0,58)$

A) -7. B) -8. C) -10. D) 8. E) 2.

4. Бір үлескіден 60 кг қияр, ал екіншісінен 10% артық жиналды. Бірінші үлескінің өнімінен екінші үлескінің өнімі қанша килограмм артық?

A) 5. B) 6. C) 7. D) 4. E) 1.

5. 11 біркелкі бөшкеде 2167 л бензин бар. 4 бөшкеде қанша бензин бар?

A) 789. B) 765. C) 785. D) 788. E) 781.

6. Өрнекті ықшамдаңыз:  $(a - \frac{bc}{b-c}) \div (b - \frac{ac}{a-c})$

A)  $\frac{b+c}{a+c}$ . B)  $\frac{a+c}{b-c}$ . C)  $\frac{a-c}{b+c}$ . D)  $\frac{a-c}{b-c}$ . E) дұрыс жауабы жоқ.

7. Көпмүшеліктерді түрлендіріңіз:  $(5a-3b)*(4a-b) - (17ab+b^2)$

A)  $20a^2+2b^2$ . B)  $20a^2-b^2$ . C)  $20a+b^2$ . D)  $20a-b^2$ . E)  $2a-2$ .

8. Көбейтінді түрінде түрлендіріңіз:  $(x+7)^2-25$

A)  $(x-2)(x-12)$ . B)  $(x+2)(x+12)$ . C)  $(x-2)(x+12)$ . D)  $(x+2)(x-12)$ . E)  $2x-2$

9. Көбейткіштерге жіктеңіздер:  $a^2b - 2b+ab^2 - 2a$

A)  $(a+b)(2-ab)$ . B)  $(-a+b)(ab-2)$ . C)  $(a-b)(ab+2)$ . D)  $(a+b)(ab-2)$ . E)  $2a$

10. Есептеңіз:  $-2*2^{-3}$

A) -12. B)  $-\frac{1}{4}$ . C)  $\frac{1}{4}$ . D) 12. E) -13.

11. Өрнектің мәнін есептеңіз:

$\frac{1}{7} \sqrt{\frac{49*100}{169}}$

A)  $\frac{10}{13}$ . B)  $\frac{13}{70}$ . C)  $\frac{15}{70}$ . D)  $\frac{70}{15}$ . E) 0.

12. Бөлімін иррационалдықтан (құтқарыңыз) айырыңыз:  $\frac{1}{2\sqrt{5}-\sqrt{7}}$

A)  $\frac{2\sqrt{5}-\sqrt{7}}{13}$ . B)  $\frac{2\sqrt{5}+\sqrt{7}}{13}$ . C)  $\frac{2\sqrt{5}+\sqrt{7}}{3}$ . D)  $\frac{2\sqrt{5}-\sqrt{7}}{3}$ . E) 2.



13. Теңдеуді шешіңіз:  $7(28-3x) = -2 - 3x$

A)  $\frac{1}{11}$ . B) 11. C) -11. D) 13. E) -3.

14. Теңдеуді шешіңіз:  $(x-5)^2 + 4x = 25$

A) 6; -6. B) 0; 6. C) -6; 0. D) -6. E) 2.

15. Түбірлері бойынша квадрат теңдеу құрыңыз:  $\frac{1+\sqrt{3}}{2}$  и  $\frac{1-\sqrt{3}}{2}$

A)  $x^2 - x - 0,5 = 0$ . B)  $x^2 - x + \frac{1}{2} = 0$ . C)  $x^2 + x + \frac{1}{2} = 0$ . D)  $x^2 + x - \frac{1}{2} = 0$ . E)  $2x - 2 = 0$ .

16. Биквадрат теңдеуді анықтаңыз:

A)  $x^4 - 20x^2 + 64 = 0$ . B)  $3,2x + x^3 = 0$ . C)  $3x^2 + 0,1x - 5 = 0$ .

D)  $6x^2 + 0,1x^3 + 13 = 0$ . E)  $2x - 2 = 0$ .

17. Бөлшекті қысқартыңыз:  $\frac{\frac{1}{2}(x+4)}{2x^2+10x+8}$

A)  $\frac{x+4}{x-1}$ . B)  $\frac{x+1}{x-4}$ . C)  $\frac{1}{4(x+1)}$ . D)  $\frac{1}{x-4}$ . E)  $\frac{x-4}{x-1}$ .

18. Өрнекті ықшамдаңыз:  $\left(\frac{a}{a+1} + 1\right) : \left(1 - \frac{3a^2}{1-a^2}\right)$ :

A)  $\frac{a+1}{1-a}$ . B)  $\frac{2}{1-a^2}$ . C)  $\frac{1+a^2}{3}$ . D)  $\frac{1-a^2}{1+2a}$ . E)  $\frac{1-a}{1-2a}$ .

19. Теңсіздікті шешіңіз:  $x + \frac{1}{2} \leq 0$

A)  $(-\infty; -\frac{1}{2}]$ . B) дұрыс жауабы жоқ. C)  $[-\frac{1}{2}; \frac{1}{2}]$ . D)  $(\frac{1}{2}; +\infty)$ . E)  $(-\infty; -\frac{1}{2})$ .

20.  $y = x^2 - 2x - 3$  функцияның мәндер облысын табыңыз:

A) гипербола. B) парабола. C) түзу сызық. D) кубтық парабола. E) дұрыс жауабы жоқ.

21.  $y = x^2 - 6x + 3$  функцияның мәндер облысын табыңыз:

A)  $y \geq 3$ . B)  $3 < y < 6$ . C)  $y < 3$ . D)  $y \geq -6$ . E)  $-3 \leq y < 6$ .

22. Санды тізбектің мүшелері  $\alpha_3$  және  $\alpha_5$  табыңыз, егер  $a_n = \frac{2^n + 1}{4n - 1}$

A)  $-\frac{9}{12}$ ;  $-\frac{33}{19}$ . B)  $\frac{1}{11}$ ;  $\frac{32}{19}$ . C)  $\frac{9}{11}$ ;  $\frac{33}{19}$ . D)  $-\frac{5}{11}$ ;  $\frac{33}{19}$ . E)  $\frac{7}{13}$ ;  $\frac{34}{19}$ .

23. Арифметикалық прогрессияның алғашқы сегіз мүшесінің қосындысын табыңыз: 2; 4; 6; ...

A) 70. B) -72. C) 73. D) 74. E) 72.

24.  $b_n = \frac{3 \cdot 2^n}{5^n} - \frac{3}{5} + 1$  формуласымен берілген геометриялық прогрессияның  $b_1$  табыңыз

A)  $1\frac{3}{5}$ . B)  $-1\frac{2}{5}$ . C)  $\frac{4}{25}$ . D)  $\frac{1}{5}$ . E)  $\frac{3}{5}$ .

25. Екі бригада астық жинауды 12 күнде бітіруі керек еді. 8 күн бірлесіп жұмыс істегеннен кейін бірінші бригада басқа тапсырма алды да, екінші бригада жұмыстың қалған бөлігін 7 күнде бітірді. Әр бригада жұмысты жеке істегенде астықты неше күнде жинай алар еді?

А) 20 күн; 26 күн. В) 18 күн; 25 күн. С) 25 күн; 29 күн. D) 21 күн; 28 күн.  
E) 27 күн; 28 күн.

26. Интервал әдісімен теңсіздікті шешіңіз:  $(x - 1)(x + 4) \geq 0$

А)  $(-\infty; -4] \cup [1; +\infty)$ . В)  $(-\infty; +\infty)$ . С)  $(-\infty; -4]$ . D)  $[-4; 1]$ . E)  $[1; +\infty)$ .

27. Теңдеулер жүйесін шешіңіз: 
$$\begin{cases} x - y = 7, \\ x \cdot y = -10 \end{cases}$$

А) (2; -3); (3; -2). В) (2; -5); (5; -2). С) (3; 4); (-3; -4). D) (2; 5); (5; 2). E) (-2; -5); (-5; -2).

28. Теңсіздіктер жүйесін шешіңіз: 
$$\begin{cases} y > x^2, \\ y < x + 1 \end{cases}$$

А) параболаның сыртқы бөлігі. В) түзу сызықтан жоғары. С) шешімі жоқ.  
D) параболаның ішкі бөлігі. E) парабола мен түзу сызықтың аралығында жатқан нүктелер.

29. Есептеңіз:  $3 \sin 90^\circ + 2 \cos 0^\circ + 5 \operatorname{tg} 45^\circ - 0,7$

А) -10. В) 8. С) 7. D) 0,3. E) 5.

30.  $y = x^3$  функциясының тармақтары қай ширекте жатқанын анықтаңыз

А) II және IV. В) I және II. С) I және III. D) I және IV. E) II және III.

«Жаратылыстану» білім саласының құрамына ғылыми жаратылыстану бағытының пәндері: жаратылыстану, география, физика, химия және биология пәндері кіреді.

5-сыныптағы «Жаратылыстану» оқу пәнін оқытудың ерекшеліктері: білім алушы тұлғасының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру, оның негізгі компоненттерінің бірі ғылыми-жаратылыстану сауаттылығы болып саналады. Білім алушылардың:

- жаратылыстану ғылымындағы процестер мен құбылыстарды суреттеу, түсіндіру және болжау біліктілігін;

- дәлелдер мен шешімдерді түсіндіру біліктілігін;

- ғылыми әдістердің көмегімен зерттеу әдістерін түсінуге, шешілетін сұрақтар мен мәселелерді анықтауды дамытуға қажетті жағдайлар жасалуы тиіс [17].

Экстерндердің ағымдық білімдерін бақылауға  
арналған тест тапсырмалары

5-сынып. Жаратылыстан. I нұсқа

1. Жаратылыстану бұл қандай ғылым?

А) табиғатты оқып үйренудің әртүрлі әдістері; В) табиғат туралы ғылым жиынтығы; С) жануарлар мен өсімдіктер туралы ғылым.

2. Дене неден тұрады?

А) заттан; В) құбылыстардан; С) әр түрлі денелерден.

3. Табиғатты танудың әдісі

А) қарым-қатынас жасау; В) тәжірибе; С) шыдамдылық.

4. Жұлдызды аспанды зерттеуде үлкен үлес қосқан ортаазиялық ғалым

А) Ұлықбек; В) Коперник; С) Персей.

5. Ғаламшардың Күнді айналып өтетін сызығын қалай айтады?

- А) сақина; В) орбита; С) шар.
6. Жер тобына жататын ғаламшар  
А) Юпитер, Сатурн, Уран, Нептун; В) Меркурий, Шолпан, Жер, Марс; С) Плутон, Нептун, Уран.
7. Жер Күннен нешінші қашықтықта орналасқан ғаламшар?  
А) екінші; В) үшінші; С) алтыншы.
8. Біздер тіршілік етіп жатқан галактика?  
А) Андромеда тұмандығы; В) Үлкен Магеллан бұлттылығы; С) Құсжолы.
9. Темірқазық жұлдыздары ... орналасқан  
А) оңтүстікте; В) солтүстікте; С) батыста.
10. Географиялық карта  
А) Жер бетінің кішірейтілген бейнесі; В) нысан; С) ара қашықтықты өлшегіш.
11. Жердің Күнді айналып шығатын уақыты  
А) 1 жылға тең; В) 1 күнге тең; С) 1 айға тең.
12. Жердің серігі  
А) Күн; В) Ай; С) Шолпан.
13. Жердің ішкі құрылымы  
А) жер қыртысы, мантия, ядрро; В) таулар, ядро, рельеф; С) жер қыртысы, гидросфера, мантия.
14. Құрлықтар – ...  
А) құрлықтың кішкене бір бөлігі; В) ерекше табиғи кешен; С) айналасын мұхит, теңіз сулары қоршап жатқан құрлықтың үлкен бір бөлігі.
15. Жердің су қабығы?  
А) литосфера; В) гидросфера; С) атмосфера.
16. Қайсысы судың қатты күйі?  
А) мұз; В) шық; С) бұлт.
17. Жасанды су қоймасы  
А) тоған; В) көл; С) теңіз.
18. Өзеннің басталар жері?  
А) бастау; В) арна; С) саға.
19. Өзеннің құяр жері  
А) бастау; В) арна; С) саға.
20. Жердің ауа қабаты?  
А) гидросфера; В) литосфера; С) атмосфера.
21. Климат дегеніміз – ...  
А) атмосфераның төменгі қабатының көп жылдық жай-күйі; В) жылудың көп бөлінуі; С) көп мөлшерде энергияның бөлінуі.
22. Ауа райы – ...  
А) табиғат жағдайы; В) атмосфераның төменгі қабатының бір тәуліктегі жай-күйі; С) көп жылдық режим.
23. Ауа райын зерттейтін ғылым  
А) метеорология; В) температура; С) гидрология.
24. Климат терминін алғаш енгізген

А) Гиппократ; В) Теофраст; С) Аристотель.

25. Күн сәулесін атмосфераның өткізу себебі

А) иісі жоқ; В) жеңіл; С) мөлдір.

«Жаратылыстану» білім саласы пәндерін оқытудың ерекшеліктері:

- жаратылыстану ғылымдарының қоршаған ортаға, адам қызметінің экономикаға, технологияға, әлеуметтік және этикалық ортаға әсерін түсіну; әртүрлі іс-әрекеттер барысында қауіпсіздікті сақтау дағдыларын қалыптастыру;
- білім алушылардың өздігінен білім алуға ұмтылулары үшін қажетті жағдайлар жасау;

- білім алушылар жаратылыстану ғылымының заңдары мен заңдылықтары туралы білімін күнделікті іс-әрекетінде қолдану дағдыларын қалыптастыру.

Білім алушылардың ғылыми-жаратылыстану біліктілігінің қалыптасуына, өз білімдері мен біліктілігін күнделікті өмірде қолдануларына жағдай жасайтын есептер, тапсырмалар оқытудың жан-жақты құралы болып табылады [17].

Мектеп оқушыларының ғылыми-жаратылыстану біліктілігі табысты қалыптасуы үшін, мұғалім білім алушылардың білімдері мен біліктілігін кешенді қолдануы бойынша өздіктерінен іс-әрекет жасауға бағыттайтын тапсырмалар беруі тиіс.

Экстернат нысанында оқитын білім алушыларға аралық аттестаттау тапсырмаларын оқу-зерттеушілік және өмірлік жағдаяттарда география, физика, химия және биология пәндерінен алған білімдерін қолдану біліктілігін дамытатын есептерді, тапсырмаларды және жаттығуларды (өздіктерінен орындай алатын) кеңінен қолдану ұсынылады.

Мысалы, «Физика» пәнінен жоғары деңгейлі тапсырма: Балжанда екі магнит (А мен В) және бірдей екі темір шеге бар. Ол үстелдің бойымен А магнитін шеге магнитке жабысқанға дейін қозғады. Ол үстелдің бойымен В магнитін шеге магнитке жабысқанға дейін қозғады. Балжан А магниті шегені 15 см қашықтықтан, ал В магниті шегені 10 см қашықтықтан тартып алғанын байқады. Сырым екі магниттің де күші бірдей күшті деді. Сіз Сырыммен келісесіз бе?

Бұл сұрақ оқушылардан өз білімін қолдану, ойлау және қорытынды жасау біліктерін талап етеді. Тапсырма оқушылардың тәжірибе нәтижесін саралау, тәжірибенің нәтижесі негізінде жасалған қорытындыдағы қателікті табу және өз жауабын негіздеу біліктерін тексереді. Бұл тапсырманы орындауда жетістікке жету үшін оқушылар магниттің шегені тарту күші қашықтыққа байланысты анықталатынын түсінулері қажет [19].

Бірдей екі стақанға қайнаған және қайнамаған суды құйып, оларды бірнеше сағатқа қояды.

1-сұрақ. Осы уақытта не байқадыңыз?

А. Екі стақанда да ешқандай өзгеріс болған жоқ.

В. Қайнамаған суы бар стақанның ішкі қабырғаларында ұсақ көпіршіктер пайда болады.

С. Қайнаған су құйылған стақанның ішкі қабырғаларында ұсақ көпіршіктер пайда болады.

*Жауабы:*

2-сұрақ. Судың қайнауы барысында қандай өзгерістер болады?

А. Су қайнағанда газдармен қанығады.

В. Су қайнағанда газдар жойылады.

С. Су қайнағанда ешқандай өзгерістер болмайды.

*Жауабы:*

3-сұрақ. Қай стақанда қайнаған және қай стақанда қайнамаған су бар екенін қалай білуге болады? Жауаптарыңызды түсіндіріңіздер.

*Жауап.*

Түйенің 100-120 кг-ға дейін май жинайды, бұл майлар судың көзі болып табылады. Май ыдыраған кезде 40-50 кг су береді. Түйе бас алмастан 130 л су іше алады.

1-сұрақ. Түйе судың қандай массасын іше алады?

А. 50 кг.

В. 70 кг.

С. 130 кг.

*Жауабы.*

2-сұрақ. Осынша су ішу барысында түйеге әсер ететін ауырлық күші қалай өзгереді?

А. 1100 Н-ға азаяды.

В. 1300 Н-ға ұлғаяды.

С. 2000 Н-ға ұлғаяды.

*Жауабы.*

3-сұрақ. 80 кг. май ерігенде қанша су береді (литр есебімен)?

А. 55 л.

В. 84 л.

С. 32 л.

*Жауабы.*

«Химия» пәнінен жоғары деңгейлі тапсырма: Ахмет шыны түтікке кішкене мөлшерде ұнтақ салды. Содан соң оның үстінен сұйықтық құйды және сілкілеп араластырды. Химиялық реакция жүрді. Химиялық реакция барысында сіз байқауыңыз мүмкін екі процесті сипаттаңыз. (Температураның өзгеруі. Газ түйіршіктерінің шығуы.)

1-сұрақ. Химия сабағында зертханалық жұмыстың тапсырмасы бойынша сіз сынауықтағы сұйықтықты қыздыруыңыз қажет. Төмендегі іс-әрекет нұсқаларының қайсысы техника қауіпсіздігі ережелеріне сәйкес емес?

А. Қаттырақ шайқалып, шашырауы, үстел мен дәптерлерге төгілуі үшін сұйықтықты көбірек құясыз.

В. Қыздыра отырып, тезірек қайнағанды көру үшін сынауықтың ішіне үңілесіз.

С. Ыстық сынауықты қолмен ұстау ыңғайсыз екені есіңізде болғандықтан, көршілеріңіздің біреуіне өтініш жасайсыз немесе сынауықты өз дәптеріңіздің үстіне қоясыз.

*Жауабы:*

2-сұрақ. Сізге досыңыз тәтті тоқаш әкеліп, шай ішуді ұсынды. Төмендегі іс-әрекет нұсқаларының қайсысы техника қауіпсіздігі ережелеріне сәйкес емес?

А. Шайды химиялық стақанмен спиртовкада қайнатасыз және тәтті күлше үшін жұмыс үстелінің үстін тазартасыз.

В. Үстелді марганцовка ерітіндісімен жуасыз.

С. Үстелді сұйық маймен сүртесіз.

*Жауабы:*

3-сұрақ. Сіз спиртовканың жалынынан күйіп қалдыңыз делік ...

А. Күйікті жасыл дәрімен сүртесіз.

В. Сұйық маймен сүртесіз.

С. Күйікті жуасыз және залалсызданған таңғышпен жабасыз.

*Жауабы:*

4-сұрақ. Тәжірибе жүргізу нәтижесінде хлор газы бөлінді. Тұншығып қалмау үшін не істеу қажет?

А. Тәжірибе жасауды тоқтату.

В. Мұғалімді шақыру.

С. Терезені ашу.

Д. Мақта-дәкелік таңғышты кию.

«Биология» пәнінен тапсырма үлгісі: Сары май

Сары май – сиыр, ешкі, қой сүтінен қаймақ, қаймақты былғау немесе күбіде пісу арқылы алынатын майлы, құнарлы тағам. Сары майдың тағам өнімі ретінде қаншалықты жоғары бағаланатынын жақсы білесіздер.

Сары май – бұл кілегейді былғау арқылы алынған, сүт майының концентраты.

Сары майдың майлылығы 82,5%-дан кем емес.

Сары майды дайындау үшін кілегей, қаймақ немесе ашыған сүтті қолданған.

Сары майды таңдау барысында оның сыртқы орамасына көңіл аудару қажет. Жұқалтырға (фольгаға) оралған май өзінің құрамындағы А дәруменін жақсы сақтап қалады.

Сары майды мұздатқышта сақтаған жөн. Егер май бөлме температурасында сақталатын болса, онда оған күн сәулелерінің түспеуі тиіс. Күн сәулелері түсуі нәтижесінде сары май өзінің құнды қасиеттерін жояды. Сары майды үстелге арнайы май салатын ыдыста қойған дұрыс.

*1-сұрақ. Сары майдың құрамына қандай заттар кіреді?*

А. Түрлі органикалық қышқылдардың күрделі эфирлері.

В. Сүт майы.

С. Бос май қышқылдарының органикалық қышқылдары.

Д. Сары майдың құрамына А, Д, В витаминдері және ақуыздар, т.б. органикалық заттар.

*Жауабы:*

2-сұрақ. Сары май – тез бұзылатын азық. Оны сақтау жолдары туралы не білесіздер? Өз ойларыңызды тұжырымдаңыздар.

---

Сары майды күнделікті өмірде нанға жағып бутерброд әзірлеу үшін қолданады, сонымен қатар кейбір тағамдардың дәмін келтіру немесе жеңілдету (жұмсарту) үшін де қолданады.

3-сұрақ. Сары майды қандай азық түліктердің дәмін жеңілдету (жұмсарту) үшін қолданады?

*Жауабы.*

Кейбір ыстық тағамдардың дәмдік қасиетін жақсарту үшін де сары майды қолданады.

4-сұрақ. Сары майды қандай ыстық тағамдарға қосуға болады?

*Жауабы.*

География пәнінен келесідей тапсырмалар ұсынуға болады: Оңтүстік және Орталық Американың шөлейттерінде 6-7 ай, кей кезде тіпті 20 айға дейін де созылатын қуаңшылығы мен аяусыз ыстығына тек ксерофиттер – кактустар, агавалар ғана төзе алады. Эхинокактустар, ферокактустар және басқа да шар тәріздес кактустар Америкада жалпы «баррель-кэктэй» – кактус-бөшке деген атпен таныс. Бұл кактустар шөлейттерде адасқан саяхатшыларды өлімнен алып қалады.

Сұрақ. Кактус шөлейттерде адасқан саяхатшыларға қалайша көмектеседі?

*Жауап:*

Кактустардың «органо» деп аталатын түрі тікенді бағана тәріздес (6-сурет). Онын бұтақтары жердің бетіне өсіп шығысымен жоғары қарай өсе бастайды. Органо кактусының ерекшелігі жан-жаққа кеңінен жайылмайтындығында, бірақ бір біріне жақын орналасып өскендіктен олар қалың, «ит тұмысығы батпас» кедергі тудырады.

1-сұрақ. Ертеде Мексикада бұл кактустарды не үшін өсірген?

2-сұрақ. Тірі қорғаныс-дуал ретінде өсірілетін тағы қандай кактустарды білесіздер?

*Жауабы*



6-сурет. Органо кактусы

Жер шарындағы ең үлкен Сахара шөлінің 70%-ынан астам бөлігін «хамада» деп аталатын шексіз тасты шөлдер алып жатыр. Күндізгі аптап ыстық сүйектен өтетін түнгі суыққа ауысады. Тасты шөлдердің үсті күндіз  $+70^{\circ}$  С-ға дейін қызады, ал түнде ауа температурасы  $20-30^{\circ}$  С дейін күрт төмендейді. Ауа температурасының бұндай ауытқуына тастар да шыдай алмай жарылады. Түсте, яғни нағыз аптап ыстық кезінде өлі тыныштықты оқ атқан тәрізді, оқыс дыбыстар бұзып жібереді, бұл – күнге қатты күйген тастардың жарылып, жан-жаққа атқылаған дыбысы. Сахарада бұл тастар «атқылаушы» тастар деген атқа ие болған.

1-сұрақ. Тау жыныстары неліктен жарылады?

А. Тау жыныстары дымқылдың әсерінен жарылады.

В. Тау жыныстары температураның ауытқу әсерінен жарылады.

С. Тау жыныстары заттардың құрамының өзгеруі нәтижесінде жарылады.

2-сұрақ. Температураның көтерілуінен молекулалар арасындағы қашықтық қалай өзгереді?

А. Молекулалар арасындағы қашықтық өзгермейді.

В. Молекулалар арасындағы қашықтық ұлғаяды.

С. Молекулалар арасындағы қашықтық азаяды.

«Жаратылыстану» білім саласы бойынша экстерндердің ағымдық білімдерін бақылауға арналған тест тапсырмалары

6-сынып. География. I нұсқа

1. Жер сілкінуді зерттейтін ғылым

А) метеорология. В) сейсмалогия. С) геология. Д) экология.

2. Жердің су қабығы

А) атмосфера. В) гидросфера. С) биосфера. Д) литосфера.

3. Ең құнарлы топырақ

А) қарашірік. В) күлгін. С) қара. Д) тау топырағы.

4. Дүние жүзіндегі ең ұзын өзен

А) Обь. В) Ніл. С) Конго. Д) Дунай.

5. Дүниежүзілік мұхитың алып жатқан ауданы?

А) 360 млн км<sup>2</sup>. В) 359млн км<sup>2</sup>. С) 361 млн км<sup>2</sup>. Д) 365 млн км<sup>2</sup>.

6. Үгіліп жатқан мақтаға ұқсас, 2 шақырым биіктікке дейін таралатын бұлттар?

А) қабат-шарбы. В) будак. С) шарбы. Д) қабат.

7. Анхель сарқырамасы орналасқан

А) Ориноко ойпатында. В) Анды тауында. С) Гвиана қыратында. Д) Ла-Плата ойпатында.

8. Төменде аталған табиғат кешендерінің қайсысы антропогендік кешенге жатады?

А) бау-бақшалар мен су қоймалары. В) батпақтар пен көлдер. С) өзендер мен ормандар. Д) құрлықтар мен шығанақтар.

9. Гринвич меридианы басып өтетін қала?

А) Мадрид. В) Токио. С) Астана. Д) Лондон.



10. Карта масштабына қарай бөлінеді?  
А) 3-ке. В) 4-ке. С) 5-ке. Д) 2-ге.
11. Ең кішкентай құс колибри қайда кездеседі?  
А) амазонияда. В) сельваста. С) пампада. Д) саваннада.
12. Жылы ағысты тап  
А) Лабрадор. В) Гольфстрим. С) Перу. Д) Батыс желдер.
13. Қазақстандағы ең ірі тау мұздығы  
А) Жеңіс. В) Айсберг. С) Корженевский. Д) Алатау.
14. Жер асты ыстық суы  
А) гейзер. В) термалды. С) бұлақтар. Д) минералды.
15. Дүние жүзіндегі ең биік тау  
А) Гималай. В) Орал. С) Карпат. Д) Анд.
16. Тынық мұхитының ең терең жері  
А) 10022 м. В) 11022 м. С) 13000 м. Д) 15000 м.
17. Тұздылығы жоғары теңіз  
А) Қара. В) Азов. С) Қызыл. Д) Беринг.
18. Бүкіл құрылықты алып жатқан мемлекет  
А) Антарктида. В) АҚШ. С) Аустралия. Д) Ресей.
19. Ауадағы оттегінің пайыздық құрамы?  
А) 50%. В) 78%. С) 21%. Д) 20%.
20. Жер сілкінуден туатын толқын

#### География. 8-сынып. III нұсқа

1. Қазақстанмен шектеседі ... ел  
А) үш; В) бес; С) он; Д) жеті; Е) төрт.
2. Қазақстан жеріндегі ежелгі платформа  
А) Сібір жазығы; В) Тұран жазығы; С) Шығыс Еуропа жазығы; Д) Сарыарқа; Е) Торғай үстірті.
3. Арал теңізін зерттеген орыс ғалымы  
А) Бер; В) Семенов; С) Мушкетов; Д) Левшин; Е) Северцев.
4. Мұғалжар тауының биік нүктесі  
А) Бесбақан; В) Ақсоран; С) Бесшоқы; Д) Боктыбай; Е) Сарышоқы
5. Қазақстанның солтүстігінде қаңтардағы орташа температурасы  
А)  $-12^{\circ}\text{C}$ ; В)  $-15^{\circ}\text{C}$ ; С)  $-20^{\circ}\text{C}$ ; Д)  $-16^{\circ}\text{C}$ ; Е)  $-19^{\circ}\text{C}$ .
6. Қазақстанға ең көп жауын-шашынды әкелетін ауа массасы  
А) қоңыржай; В) тропиктік; С) арктикалық; Д) циклондық; Е) антициклондық.
7. Солтүстік Мұзды мұхит алабының өзендері  
А) Жайық, Еділ, Нұра; В) Сырдарья, Сарысу, Есіл; С) Ертіс, Есіл, Тобыл; Д) Іле, Шу, Қаратал; Е) Лепсі, Сарысу, Жем.
8. Каспий теңізінің жалпы ауданы мың км<sup>2</sup>  
А) 190; В) 390; С) 490; Д) 500; Е) 260.
9. Мұздықтары ең көп тау

А) Жоңғар Алатауында; В) Сауыр Тарбағатайда; С) Тянь-Шаньда; D) Орал тауында; E) Алтайда.

10. Ауыспалы табиғат зонасы – ...

А) шөл; В) дала; С) орман; D) шөлейт; E) биіктік белдеу.

11. Қазақстанның ... аудандары сейсмикалық

А) оңтүстік; В) оңтүстік-шығыс; С) батыс; D) солтүстік; E) солтүстік-батыс.

12. Орманды даланың топырағы

А) қара топырақ; В) қоңыр топырақ; С) қызғылт-қоңыр; D) сұр-қоңыр; E) қызғылт.

13. Жауын-шашын ең көп түсетін жер

А) Батыс Сібір жазығы; В) Шығыс Еуропа жазығы; С) Тянь-Шань тауы; D) Батыс Алтай; E) Каспий маңы ойпаты.

14. Тұран жазығының климаты

А) континентті; В) ылғалды; С) теңіздік; D) қоңыржай континентті; E) құрғақ континентті.

15. Қазақстандағы алғашқы қорық

А) Ақсу-Жабағылы; В) Алматы қорығы; С) Қорғалжын қорығы; D) Үстірт қорығы; E) Марқакөл қорығы.

16. Көлдері ең көп табиғат зонасы

А) дала; В) орманды дала; С) шөл; D) шөлейт; E) бір келкі тараған.

17. Қазақстан солтүстікте ... шектеседі

А) Өзбекстанмен; В) Қырғызстанмен; С) Ресеймен; D) Қытаймен; E) Түрікменстанмен.

18. Климатқа әсер ететін факторлар

А) географиялық орын, жер бедері; В) жер бедері, көлдер; С) теңіздер, жазықтар; D) күн сәулесі, өзендер; E) халықтың тығыздығы.

19. Қазақстанның суы ең мол өзені

А) Жайық; В) Есіл; С) Ертіс; D) Сырдарья; E) Іле.

20. Қазақстанның таулары қайтадан ... эрасында көтерілді.

А) палеозой; В) мезозой; С) архей; D) протерозой; E) кайнозой.

21. Сарыесік-Атырау шөлі ... көлінің маңында орналасқан.

А) Каспий; В) Балқаш; С) Арал; D) Алакөл; E) Селеті.

22. Дала табиғат зонасының ең үлкен құсы

А) тырна; В) бүркіт; С) шағала; D) дуадақ; E) тұрпан.

23. Республика аумағының 44%-ын алатын табиғат зонасы

А) шөлейт; В) шөл; С) дала; D) орманды дала; E) биіктік белдеу.

24. Батыс Сібір жазығының тектоникасы

А) плита; В) ежелгі платформа; С) геосинклиналь; D) платформа; E) сейсмикалық.

25. Жоңғар Алатауын зерттеген ғалым

А) Мушкетов; В) Северцев; С) Семенов; D) Уалиханов; E) Сатпаев.

Физика. 7-сынып. І-нұсқа

1. Физикалық құбылыстарға жатады

А) теңгенің қараюы; В) картоптың шіруі; С) құтыдағы сүттің ашуы; Д) қардың еруі.

2. Физикалық шамаға жататын термин

А) секунд; В) оқулық; С) көлем; Д) уақыт интервалы.

3. Халықаралық бірліктер жүйесіндегі ұзындық бірлігі

А) миллиметр; В) метр; С) сантиметр; Д) километр.

4. Қандай денелердің қозғалыс траекториясы қисық сызық?

А) минуттық стрелканың ұшының қозғалысы; В) қолыңнан түсіп кеткен тастың қозғалысы; С) лифт кабинасының қозғалысы; Д) дұрыс жауап жоқ.

5. Жолаушы поезы бірқалыпты қозғала отырып, 20 минутта 30 км жол жүрсе, поездың жылдамдығы қандай болған?

А) 15 м/с. В) 10 м/с. С) 25 м/с. Д) 1,5 м/с.

6. Дененің инерттілігін сипаттайтын шама

А) масса; В) күш; С) жылдамдық; Д) тығыздық.

7. Заттың көлемін анықтайтын формула

А)  $m = \rho V$ ; В)  $\rho = m/V$ ; С)  $V = m/\rho$ ; Д)  $v = S/t$ .

8. Денелердің өзара әсерлесуін зерттейтін шама

А) тығыздық; В) масса; С) қуат; Д) күш.

9. Күштің таңбасы

А)  $m$ ; В)  $F$ ; С)  $S$ ; Д)  $V$ .

10. Күшті өлшейтін құрал

А) динамометр; В) күш өлшеуіш; С) тартылысты өлшеуіш; Д) барлық жауаптар дұрыс.

11. Ауырлық күшін анықтайтын формула

А)  $F = mg$ ; В)  $F = m/g$ ; С)  $F = -kx$ ; Д)  $F = kx^2/2$ .

12. Дененің тірекке немесе аспаға әсер ететін күші ...

А) ауырлық күші; В) серпімділік күші; С) бүкіләлемдік тартылыс күші; Д) дененің салмағы.

13. Құтыға 1 л. май құйылды. Осы майға әсер ететін ауырлық күшін анықтаңдар. ( $g=10 \text{ Н/кг}$ ,  $\rho=800 \text{ кг/м}^3$ )

А) 8 Н; В) 8000 Н; С) 80 Н; Д) 0,8 Н.

14. Күштің перпендикуляр бағыттағы ауданға қатынасына тең шама

А) тығыздық; В) көлем; С) салмақ; Д) қысым.

15. Қысымның өлшем бірлігі

А) Н; В) Дж; С) Па; Д) м.

16. Үстелде массасы 0,6 кг кітап жатыр. Оның үстелмен жанасқан бетінің ауданы  $0,08 \text{ м}^2$ . Кітаптың үстелге түсіретін қысымы ...

А) 75 Па; В) 7,5 Па; С) 0,13 Па; Д) 0,048 Па.

17. Масса мен күш векторлық шамалар ма?

А. масса ғана векторлық шама; В) екеуі де векторлық шамалар; С) тек қана күш векторлық шама; Д) масса да күш те векторлық шамаларға жатпайды.

18. Өрнек қысым, сұйықтық бағанасының биіктігін және тығыздығын байланыстырады

A)  $p = \rho gh$ ; B)  $\rho = p/gh$ ; C)  $h = p/\rho g$ ; D)  $g = p/\rho h$ .

19. Денеге әрекет еткенде денені қозғалысқа келтіретін физикалық шама

A) күш; B) қысым; C) жұмыс; D) қуат.

20. Тереңдігі 10 м құдықтан массасы 5 кг шелекті көтергендегі атқарылған жұмысты табыңдар

A) 2,5 Дж; B) 25 Дж; C) 50 Дж; D) 500 Дж.

21. Қуаттың формуласы

A)  $A = FS$ ; B)  $N = A/t$ ; C)  $A = Nt$ ; D)  $A = mgh$ .

22. Дененің жұмыс істей алу қабілетін сипаттайтын физикалық шама

A) энергия; B) орын ауыстыру; C) шапшаңдық; D) қозғалыс.

23. Дененің өз қозғалысы салдарынан болатын энергия

A) кинетикалық; B) толық; C) потенциалдық; D) механикалық.

24. Құтыға 0,5 л сұйық май құйылған. Майдың тығыздығы  $930 \text{ кг/м}^3$ .

Оның массасы қанша?

A) 50 г; B) 0,5 кг; C) 465 г; D) 200 г.

25. Массасы 5 кг күшікке әсер ететін ауырлық күші

A) 5 Н; B) 500 Н; C) 0,5 Н; D) 50 Н.

Химия. 8-сынып. I-нұсқа

1. Төмендегі заттардан қайсысы жай заттар?

A) ас тұзы; B) алмаз; C) су; D) құм; E) бор.

2. Эмульсияға жатады

A) сірке қышқылы мен құм; B) бензин мен су; C) су мен спирт; D) су мен бал; E) су мен сірке қышқылы.

3. Қышқыл мен негіздер арасындағы реакция аталады

A) айрылу; B) орын басу; C) тотығу; D) қосылу; E) бейтараптану.

4. Электрондық конфигурациясы ...  $5s^2 5p^2$  элементті ата

A) Sn; B) C; C) Pb; D) Ge; E) Si.

5. Ионды байланыстағы заттар қатары:

A)  $\text{NH}_3$   $\text{H}_2\text{O}$   $\text{HBr}$ ; B) Al Na Fe; C)  $\text{CaF}_2$  NaF KBr; D)  $\text{H}_2\text{O}$   $\text{Fe}_2\text{O}_3$  HCl; E)  $\text{O}_2$   $\text{H}_2$   $\text{Cl}_2$ .

6. 2 моль хлордың атом саны

A)  $6 \cdot 10^{23}$ ; B)  $2,4 \cdot 10^{23}$ ; C)  $18 \cdot 10^{23}$ ; D)  $2,4 \cdot 10^{24}$ ; E)  $12 \cdot 10^{23}$ .

7. 4г натрий гидроксидінің құрамымен бірдей калий гидроксиді массасын

тап

A) 6,4 г.; B) 5,6 г.; C) 4,8 г.; D) 7,2 г.; E) 3,8 г.

8. Хлориді гидролизге түспейтін

A) темір; B) барий; C) алюминий; D) аммоний; E) цинк.

9. 100 л көміртек (II) оксиді жану үшін қажет оттегі көлемі (қ. ж)

A) 112 л.; B) 100 л.; C) 75 л.; D) 50 л.; E) 125 л.

10. Кальций гидроксиді ерітіндісімен әрекеттеседі:

А) көміртек (II) оксиді; В) кальций оксиді; С) калий хлориді; D) барий сульфаты; E) натрий хлориді.

11.  $S \rightarrow SO_2 \rightarrow A \rightarrow K_2SO_4$  сызбадағы А заты

А) су; В) калий гидроксиді; С) мырыш сульфаты; D) күкіртті қышқыл; E) тұз қышқылы.

12.  $Fe^{2+}$  и  $Fe^{3+}$  иондарын анықтау үшін қолданады

А) калий гидроксиді; В) натрий гидроксиді; С) лакмус; D) тұз қышқылы; E) калий перманганаты ерітіндісі.

13. 3-периодта натрийден хлорға дейін атом радиусы

А) артады; В) кемиді; С) алдымен артады, сосын кемиді; D) өзгермейді; E) алдымен кемиді, сосын артады.

14. 100 г 4% тұз дайындау үшін қажет

А) 40 г тұз және 60 г су; В) 4 г тұз және 104 г су; С) 4 г тұз және 100 г су; D) 0,4 г тұз және 96,6 г су; E) 4 г тұз және 96 г су.

15. Дұрыс реакцияны тап

1)  $Fe + CaCl_2 \rightarrow \dots$

2)  $Al + V_2O_5 \rightarrow \dots$

Жүретін реакция мен коэффициент қосындысын тап

А) 1 және 4; В) 1 және 10; С) 2 және 4; D) 1 және 24; E) 2 және 24.

16. Су тектің тотығу дәрежесі (-1)-ге тең қосылысы

А)  $CH_4$ ; В)  $H_2S$ ; С)  $H_2O$ ; D)  $CaH_2$ ; E)  $HCl$ .

17. Барий гидроксиді мен азот қышқылы ерітіндісінің арасындағы реакциядағы қысқартылған иондың теңдеуінің коэффициенттер қосындысы

А) 11; В) 10; С) 12; D) 8; E) 6.

18. 2 л. су 5,6 л. күкірсутекте ереді. Алынған ерітіндінің массалық үлесі тең

А) 2,3%; В) 34,8%; С) 36,2%; D) 23%; E) 0,42%.

19. Азот қосылыстары берілген ...

1)  $NH_3$ ; 2)  $N_2O_5$ ; 3)  $HNO_2$ ; 4)  $N_2O$ ; 5)  $NO$ .

Тотығу дәрежесінің кему қатары

А) 2 4 3 5 1.; В) 3 2 5 4 1.; С) 5 4 3 2 1.; D) 2 3 5 4 1.; E) 1 2 3 4 5.

20. Реакция соңына дейін барып, газ бөле жүреді

А) калий сульфаты мен тұз қышқылы;

В) кальций карбонаты мен тұз қышқылы;

С) күкірт қышқылы мен калий нитраты;

D) натрий нитраты мен тұз қышқылы;

E) алюминий сульфаты мен барий хлориді;

21. Минералды тыңайтқыш құрамына кіретін элемент

А) күкірт; В) йод; С) фосфор; D) хлор; E) фтор.

22. 300 кг пирит құрамына ал, 90% темір (II) ( $FeS$ ), дисульфиді кіретін болса, түзілген 60% күкірт қышқылының массасы

А) 650 кг.; В) 705 кг.; С) 675 кг.; D) 735 кг.; E) 635 кг.

23. Өнеркәсіпте натрий гидроксидін алу реакциясы

A)  $\text{Na}_2\text{CO}_3 + \text{Ca}(\text{OH})_2 \rightarrow \dots$ ; B)  $\text{Na}_2\text{O} + \text{H}_2\text{O} \rightarrow \dots$ ; C)  $\text{Na}_2\text{O}_2 + \text{H}_2\text{O} \rightarrow \dots$ ; D)  $\text{Na} + \text{H}_2\text{O} \rightarrow \dots$ ; E) электролиз раствора  $\text{NaCl}$  ...

24. Алюминий атомының электрондық формуласы

A)  $1s^2 2s^2 2p^6 3s^2$ ; B)  $1s^2 2s^2 2p^6 3s^2 3p^1$ ; C)  $1s^2 2s^2 2p^1$ ; D)  $1s^2 2s^2 2p^6 3s^2 3p^6$ ; E)  $1s^2 2s^2 2p^6 3s^1$ .

25. Тұзды қыздырғанда ыдырамайтын

A) күміс нитраты; B) магний карбонаты; C) кальций карбонаты; D) калий сульфаты; E) натрий нитраты.

## 2-нұсқа

1. Галогендерге жатады:

A) оттек және бром; B) күкірт және фтор; C) фтор және оттек; D) фтор және хлор; E) бром және көміртек.

2. 37 Реттік сандағы элементтің электрондық деңгей саны

A) 2; B) 5; C) 6; D) 4; E) 3.

3. Қаттылығы жоғары металл

A) Na; B) Fe; C) K; D) Cr; E) Li.

4. Озон қабаты үшін қауіпті:

A)  $\text{H}_2$ ; B)  $\text{I}_2$ ; C)  $\text{Br}_2$ ; D)  $\text{Cl}_2$ ; E)  $\text{S}_2$ .

5. 2 молекула калий хлориді мен 3 молекула калий карбонатының электролиттік диссоциациялануы нәтижесінде түзілетін иондар қосындысы тең

A) 13; B) 11; C) 12; D) 14; E) 10.

6. 848 г натрий карбонатының моль саны

A) 6; B) 10; C) 8; D) 7; E) 9.

7.  $\text{KClO}$  қосылысындағы хлордың тотығу дәрежесі тең

A) +5; B) +3; C) +1; D) +7; E) -1.

8. 120 л суда 60 г калий сульфатын ерітті. Ерітіндідегі  $\text{K}_2\text{SO}_4$  массалық үлесі тең

A) 50 %; B) 16%; C) 33%; D) 30%; E) 60%.

9. 7,8 г алюминий гидроксидін еріту үшін қажет 10%-ті натрий гидроксиді ерітіндісінің массасы

A) 10 г.; B) 50 г.; C) 20 г.; D) 40 г.; E) 60 г.

10. Аморфты кремнийді концентрациялы натрий гидроксиді ерітіндісімен әрекеттестіргенде 5,6 л газ бөлінді (қ.ж.) Кремнийдің зат мөлшері қандай?

A) 0,24 моль; B) 0,125 моль; C) 0,1 моль; D) 0,3 моль; E) 0,5 моль.

11. Айнымалы тотығу дәрежесін көрсететін металл

A) Al; B) Ca; C) Na; D) Cr; E) Zn.

12. Төмендегідей қосылыс түзетін элемент

$\text{Э}(\text{OH})_3 \rightarrow \text{Э}_2\text{O}_3 \rightarrow \text{Э}(\text{NO}_3)_2$ , молекулярные массалары  
 $78 \rightarrow 102 \rightarrow 213$  болса

A) Al; B) Fe; C) Cr; D) Ni; E) Mn.

13. Оттеппен бір ғана оксид түзе алатын элемент

A) фосфор; B) магний; C) темір; D) күкірт; E) көміртегі.

4. Иондар арасында соңына дейін баратын реакция

A)  $\text{Ca}^{2+} \text{CO}_3^{2-}$ ; B)  $\text{Na}^+ \text{Cl}^-$ ; C)  $\text{Mg}^{2+} \text{NO}_3^-$ ; D)  $\text{Ba}^{2+} \text{OH}^-$ ; E)  $\text{Al}^{3+} \text{SO}_4^{2-}$ .

15. Массасы 40 г мәрмәрді тұз қышқылының артық мөлшерімен әрекеттестіргенде түзілген газ көлемі (қ.ж.)  
А) 4,56 л.; В) 3,36 л.; С) 12,34 л.; D) 5,56 л.; E) 8,96 л.
16. Литий хлориді ерітіндісінің электролиз теңдеуіндегі барлық коэффициенттер қосындысы тең  
А) 2; В) 5; С) 4; D) 8; E) 6.
17. Массасы 39 г. шығымы 80% болатын кальций фторидінің электролизі кезінде түзілген фтордың массасы  
А) 19,0; В) 21,4; С) 15,2; D) 16,8; E) 25,6.
18. Қалыпты жағдайда 6 г сутек көлемі 6 г оттек көлемінен неше есеге артық  
А) 8 есеге; В) 16 есеге; С) 6 есеге; D) 2 есеге; E) 10 есеге.
19. Мырыш нитратының ыдырау реакциясының өнімі  
А)  $\text{Zn}(\text{NO}_3)_2$ ,  $\text{O}_2$ ; В)  $\text{ZnO}$ ,  $\text{NO}_2$ ; С)  $\text{Zn}$ ,  $\text{NO}_2$ ,  $\text{O}_2$ ; D)  $\text{Zn}$ ,  $\text{N}_2\text{O}$ ,  $\text{O}_2$ ; E)  $\text{ZnO}$ ,  $\text{O}_2$ ,  $\text{O}_2$ .
20. 14,2 г натрий сульфаты мен 50 г барий нитраты ерітінділерін араластырғанда түзілетін тұнбаның массасы (г)  
А) 27,6; В) 21,4; С) 16,7; D) 23,3; E) 11,8.
21. Алюминий хлориді әрекеттеседі  
А) мырышпен; В) күміспен; С) кальциймен; D) мыспен; E) темірмен.
22. 126 г 50% азот қышқылымен әрекеттесуге қажет азот оксидінің массасы  
А) 28 г.; В) 63 г.; С) 56 г.; D) 126 г.; E) 26 г.
23. Алюминий атомының электрондық формуласы  
А)  $1s^2 2s^2 2p^6 3s^2$ ; В)  $1s^2 2s^2 2p^6 3s^2 3p^1$ ; С)  $1s^2 2s^2 2p^1$ ; D)  $1s^2 2s^2 2p^6 3s^2 3p^6$ ; E)  $1s^2 2s^2 2p^6 3s^1$ .
24. Молекулалық массасы ең жоғары  
А) оттек; В) бромсутек; С) хлорсутек; D) сутек; E) фторсутек.
25. Минералды тыңайтқыш құрамына кіретін элемент  
А) күкірт; В) йод; С) фосфор; D) хлор; E) фтор.

#### Биология. 9-сынып. I нұсқа

1. Гүлсеріктің қызметі:  
А) қоректену. В) ұрықтану. С) гүлдің ішкі бөлігін қорғау. D) органикалық зат түзу. E) көбею.
2. Жапырақ жүйкесі мына ұлпадан тұрады  
А) дәнекер. В) өткізгіш, тірек. С) түзуші. D) фотосинтездеуші. E) қор жинауыш.
3. Гүлдің негізгі бөлігі  
А) аталық және аналық В) күлте жапырақша. С) гүлтабан және аналық. D) тостаған жапырақша. E) тозаңқап және аталық жіпше.
4. Қызанның тұқымдасы  
А) алқа тұқымдасы. В) лалагүл тұқымдасы. С) күрделігүлділер. D) астық тұқымдас. E) бұршақ тұқымдас.

5. Адам ағзасындағы бауырдың негізгі қызметі -  
А) ферменттердің әсерінен көмірсуларды ыдырату.  
В) мүшелердің жұмысын реттейтін гормондар бөлу.  
С) мүшелердің тіршілігінен пайда болған ағзадағы улы заттарды залалсыздандыру.  
D) ферменттердің әсерімен ақуыздарды ыдырату.  
Е) қорытылмаған заттарды қорыту, суды қанға өткізу.
6. Саңырауқұлақтың жемісті денесі түзіледі:  
А) өлі жасушалардан. В) талшықтардан. С) тарамдалған жіңішке жіпшелерден. D) жіп тәрізді балдырлардан. Е) қаттамалардан.
7. Клоакасы бар жануар:  
А) түлкі. В) қоян. С) қасқыр. D) аю. Е) бақа.
8. Шеткі жүйке жүйесінің бөлімі:  
А) жұлын. В) жүйкелер, жүйке түйінділері. С) мишық. D) үлкен ми сыңары. Е) ми бағаны.
9. Тұмауды қоздырушылар –  
А) бактериялар. В) шаң-тозандар. С) құрттар. D) саңырауқұлақтар. Е) вирустар.
10. Есту мүшесінің толтырылған сұйықтық қуысы  
А) сыртқы құлақ қуысы. В) құлақ қалқаны. С) самай сүйегіндегі қуыс. D) ортаңғы құлақ қуысы. Е) ішкі құлақ.
11. Зиготадағы хромосомалар жиынтығы  
А) төрт гаплоидты. В) гаплоидты. С) триплоидты. D) бес гаплоидты. Е) диплоидты.
12. Негроидтік нәсілдерге тән емес белгілер:  
А) көз пигменті қоңыр түсті. В) мұрны қыр мұрынды. С) терісінің түсі қара. D) жалпақ бетті. Е) шашы қою, қара.
13. Агроценоздарда қоректік тізбектің міндетті бөлігі –  
А) саңырауқұлақтар. В) жасыл өсімдіктер. С) микроорганизмдер. D) адам. Е) жануарлар.
14. Қызыл кітаптың міндеттері  
А) жабайы жануарлардың барлық түрін сақтау.  
В) жабайы өсімдіктердің барлық түрін сақтап қалу.  
С) республика заңдарына сәйкес сирек түрлерді қорғау.  
D) мәдени өсімдіктердің барлық түрін сақтап қалу.  
Е) үй жануарларының барлық түрін сақтап қалу.
15. Жемісі қауашақты өсімдік  
А) алма, алмұрт. В) асбұршақ, соя. С) шие, тұшала. D) жер жаңғақ, қарағай. Е) сасық меңдуана, темекі.
16. Сүліктің сорғыштарының орналасқан жері  
А) денесінің екі ұшында. В) құйрығында. С) жұтқыншағында. D) аузында. Е) өңешінде.
17. Шаянтәрізділердің көбеюі



А) ұрықтанған уылдырық салу арқылы. В) ұрықтанбаған уылдырық салу арқылы. С) тірідей туу арқылы. D) дернәсілдер арқылы. E) қуыршақ арқылы.

18. Құрылысы, атқаратын қызметі ұқсас жасушалар жиынтығы

А) жасуша. В) ағза. С) мүше. D) дене. E) ұлпа.

19. Кез келген бұлшық еттердің жиырылуы ... байланысты.

А) тежелуге. В) қозуға. С) көмірқышқыл газын пайдалануға. D) энергияны пайдалануға. E) оттегін пайдалануға.

20. Ағзаның иммунитет жүйесін құрайтын қан компоненті

А) гемоглобин. В) лейкоцит. С) фибриноген. D) эритроцит. E) тромбоцит.

21. 1 гр май ыдырағанда бөлінетін энергия

А) 30 КДЖ. В) 38,9 КДЖ. С) 17,8 КДЖ. D) 26 КДЖ. E) 32 КДЖ.

22. Тері бездері арқылы сыртқа шығарылатын заттар

А) дәрумендер. В) глюкоза. С) майлар. D) су мен тұз. E) ақуыз (нәруыз).

23. Рибосомалардың «жинақталуы»

А) хлоропласта. В) митохондрияда. С) гольджи комплексінде. D) эндоплазмалық торда. E) вакуоляда.

24. Ағзаға әсер ететін қоршаған орта жағдайы

А) шектеуші. В) абиотикалық. С) биотикалық. D) экологиялық. E) антропогендік.

25. Ақ мүк деп аталу себебі

А) шымтезекке айналуынан. В) тамыры болмағандықтан. С) өлі жасушаларының іші ауаға толы болғандықтан. D) батпақта өсетіндіктен. E) ризойдтары болмағандықтан.

Экстернат нысанында оқитын білім алушыларға «Жаратылыстану», «География», «Биология», «Физика», «Химия» пәндерінен өздіктерінен білім алулары үшін пайдалануға ұсынылатын ресурстар:

1. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ <http://www.kazatomprom.kz/>

2. Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі: <http://energo.gov.kz/>

3. «Қазақстан Ғарыш Сапары» Ұлттық компаниясы <http://gharysh.kz/news/>

4. «Эврика» – білім беру мекемелерінде авторлық эксперименталдық бағдарламаларды жүзеге асыратын, 650-ден астам мектеп ұжымдарын біріктіретін эксперименттік алаңдардың инновациялық білім беру желісі: <http://www.eurekanet.ru>

5. Bookz.ru – электрондық кітаптар, журналдар және сөздіктер. Навигацияның ыңғайлы болуы үшін, авторлардың алфавиттік каталогінен басқа шығармалардың алфавиттік каталогы да қолжетімді, яғни кітаптарды алфавиттік тізім бойынша іздеуге болады: [www.bookz.ru](http://www.bookz.ru).

6. EOLSS (Encyclopedia of Life Support Systems) – өмірді қамтамасыз ету жүйелерінің энциклопедиялары. Мазмұны алфавиттік ретпен берілген көптеген энциклопедияларға қарағанда EOLSS білімінің ауқымы тақырыптармен ұйымдастырылған. Пәндердің ішінде: математика, физика, энергетика, табиғатты қорғау – Жер және атмосфера туралы ғылым; экология, азық-түлік тағамдары және ауыл шаруашылығы туралы ғылымдар, адамзат ресурстары

туралы, басқару және т.б., тілі – ағылшын: <http://www.eolss.net/>.

7. Энциклопедиялар әлемі кітапханасы: <http://www.encyclopedia.ru/>.

8. Britannica School – мазмұны және ақпараттары кең ауқымы, онда мыңдаған мақалалар, бейнелер, видео, түпдеректер, электронды кітаптар, ұсынылатын веб-сайттар, тезаурус және дүние жүзінің атласы шығады. Барлық контент оқытудың STEM жүйесі әдістемесімен негізделген. Жұмыс барысында оқушылар оқиды, жазады, зерттеулер жүргізеді және жаратылыстану ғылымдары саласындағы өздерінің сөздік қорларын байытады. Кіріктірілген «Мұғалімдерге арналған сабақ жоспары» аталған онлайн ресурстың артықшылығы болып табылады, бұл жерде мұғалім өз «Жоспарын» жасауға немесе басқа мұғалімдер құрастырған «Жоспарды» қолдануына болады. Аталған ресурсты сынып режимінде де, сонымен қатар үй тапсырмасын орындау барысында және олимпиадаларға қатысу үшін қажетті ғылыми жоба орындау үшін де қолдануға болады: (<http://school.eb.co.uk>).

9. «Сандардағы және картадағы дүниежүзі елдері». Интерактивті анықтамалықтарда дүние жүзінің алдыңғы қатарлы елдерін сипаттайтын статистикалық ақпарат және негізгі көрсеткіштер берілген: <http://www.sci.aha.ru>.

10. Рубрикон. Ірі энциклопедиялық портал. Неғұрлым белгілі энциклопедиялар, сөздіктер және анықтамалықтар, суреттер және карталар берілген: <http://www.rubricon.com>.

11. Оқушылар оқу бағдарламасын меңгеру барысында АКТ қолдану дағдыларын дамытады. «География» пәнінің оқу бағдарламасына сәйкес келесі веб-ресурстар ұсынылады [17]:

<a href="http://www.earthquakes.usgs.gov">www.earthquakes.usgs.gov</a>	<a href="http://www.rgo.ru">www.rgo.ru</a>	<a href="http://www.geo2000.nm.ru">www.geo2000.nm.ru</a>
<a href="http://www.geo.historic.ru">www.geo.historic.ru</a>	<a href="http://www.geografia.ru/">www.geografia.ru/</a>	<a href="http://www.geographic.org">www.geographic.org</a>
<a href="http://www.mygeog.ru">www.mygeog.ru</a>	<a href="http://www.e-cis.info">www.e-cis.info</a>	<a href="http://www.geography.about.com">www.geography.about.com</a>
<a href="http://www.hobitus.com">www.hobitus.com</a>	<a href="http://www.imf.org">www.imf.org</a>	<a href="http://www.kisi.kz">www.kisi.kz</a>
<a href="http://www.meteosputnik.ru">www.meteosputnik.ru</a>	<a href="http://www.mfa.gov.kz">www.mfa.gov.kz</a>	<a href="http://www.oecd.org">www.oecd.org</a>
<a href="http://www.stat.gov.kz">www.stat.gov.kz</a>	<a href="http://www.theodora.com">www.theodora.com</a>	<a href="http://www.un.kz">www.un.kz</a>
<a href="http://www.un.org">www.un.org</a>	<a href="http://www.undp.kz">www.undp.kz</a>	<a href="http://www.unesco.kz">www.unesco.kz</a>
<a href="http://www.unesco.org">www.unesco.org</a>	<a href="http://www.unmultimedia.org">www.unmultimedia.org</a>	<a href="http://www.volcanodiscovery.com">www.volcanodiscovery.com</a>
<a href="http://www.worldbank.org">www.worldbank.org</a>		

Қазіргі қоғам мен өткенді байланыстыратын тарихи сана өскелең ұрпаққа бүгінгі күнгі оқиғалардың мәні туралы түсінік қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Тарихи сана – бұл тарихты білу, тарихи тәжірибе мен оның сабақтарын ұғынып түсіну, әлеуметтік болжау, өз іс-әрекеті үшін тарихи жауапкершілікті түсіну, тарихи білім тұлғаның, азамат пен патриоттың қалыптасуына септігін тигізеді.

«Қазақстан тарихы» және «Дүниежүзі тарихы» пәндерінің негізгі мақсаттарының бірі – білім алушылардың бойында тарихи ойлау дағдыларын қалыптастыру мен дамыту болып табылады.

Экстерндер үшін «Қазақстан тарихы» және «Дүниежүзі тарихы» пәндерінен дұрыс құрастырылған сұрақтар маңызды орын алады. Мұғалімдерге «сатылап сұрақ қою» әдісін қолдану ұсынылады. Бұл әдісте дерекке немесе белгілі бір иллюстрацияға қойылатын сұрақтар жеңілден қиынға қарай күрделенеді.

Тарих сабағында себеп-салдарлық байланыстарды анықтау кең таралған. Берілген тарихи түсініктер бойынша тапсырмалар білім алушылар тарапынан тек қана себеп пен салдарды анықтаумен шектелмей, бұл себептерді берілген белгілері бойынша жіктеу (мазмұны, уақыты және рөлі бойынша), түрлі себептер арасында өзара байланысты анықтау және оларды қатысты (маңыздылық) деңгейі бойынша орналастыруға мүмкіндік беретіндей түрде құрастырылуы қажет.

«Қазақстан тарихы» және «Дүниежүзі тарихы» пәндері бойынша білім алушыларға өздіктерінен білім алу үшін ұсынылатын сайттар: <http://www.tarih-begalinka.kz>; <http://www.e-history.kz>; <http://bilimsite.kz/tarih/>; <http://testcenter.kz/entrants/for-ent/>.

<http://www.world-history.ru>; <http://historic.ru>; <http://historyatlas.narod.ru>; <http://testcenter.kz/entrants/for-ent/> [14].

«Қазақстан тарихы» және «Дүниежүзі тарихы» пәндері бойынша экстерндердің ағымдық білімдерін бақылауға арналған тест тапсырмалары

#### 6-сынып. Қазақстан тарихы. I нұсқа

1. Қазақстан аумағындағы ежелгі адам іздері қай дәуірге жатады?

А) ерте тас дәуірі. В) орта тас дәуірі. С) кейінгі тас дәуірі. Д) мезолит дәуірі. Е) неолит дәуірі.

2. Орталық Қазақстаннан табылған ерте палеолит дәуірінің археологиялық ескерткіші

А) Қозыбай. В) Тегіскен. С) Құдайкөл. Д) Өніжек. Е) Сексеуіл.

3. Кейінгі палеолит дәуірінің хронологиясын ата.

А) б.з.б. 5 мың – 2 мың жыл.

В) б.з.б. 10 мың – 5 мың жыл.

С) б.з.б. 40 мың – 12 мың жыл.

Д) б.з.б. 140 мың – 40 мың жыл.

Е) б.з.б. 800 мың – 140 мың жыл.

4. Жебелі садақ пен бумеранг қай дәуірде пайда болды?

А) палеолитте. В) мезолитте. С) неолитте. Д) қола дәуірінде. Е) темір дәуірінде

5. Кейінгі палеолит дәуірінде қалыптасқан ежелгі адам

А) австралопитек. В) питекантроп. С) синантроп. Д) неандертальдық. Е) кроманьондық.

6. Еңбек құралдарын жасаудың нуклеустік әдісі кең тараған дәуір

А) қола дәуірі. В) неолит дәуірі. С) мезолит дәуірі. Д) мустьер дәуірі. Е) темір дәуірі.

7. Неолит дәуірінде яшма мен кварциттен еңбек құралдары жасалған Қазақстан аймағы

А) Сырдарияның төменгі ағысында. В) Солтүстік-Шығыс Балқашта. С) Қаратау жотасында. Д) Арал өңірінде. Е) Жетісуда.

8. Кейінгі палеолит қамтитын кезең

А) б.з.б. 15 мың – 5 мың жыл. В) б.з.б. 10 мың – 5 мың жыл. Д) 50-40 мың жыл бұрынғы. С) 35-30 мың – 12-10 мың жыл бұрынғы. Е) 10-2 мың жыл бұрынғы.

9. Мезолит дәуірінің ескерткіші – Дүзбай тұрағы табылған жер

А) Оңтүстік Қазақстан. В) Солтүстік Қазақстан. С) Батыс Қазақстан. Д) Шығыс Қазақстан. Е) Орталық Қазақстан.

10. Ерте палеолит дәуірінде тас құралдар жасау тәсілі

А) жарып түсіру техникасы. В) нуклеустік тәсіл. С) ретуштік тәсіл. Д) жылтырата тегістеу. Е) қаптау тәсілі.

11. Орта палеолит дәуірінің ең көне тұрағын ата

А) Сарытас тұрағы. В) Обалысай тұрағы. С) Ш.Уәлиханов атындағы тұрақ. Д) Қарабас тұрағы. Е) Свинчатка тұрағы.

12. Шаруашылық еңбек қалыптасып, өнім өндіру шыққан кезең

А) палеолит. В) мезолит. С) неолит. Д) қола. Е) Темір.

13. Рулық қауым кезінде қалыптасқан меншіктің түрі

А) орталық меншік. В) жеке меншік. С) мемлекеттік меншік. Д) аксүйектер меншігі. Е) меншік болмаған.

14. «Қытай адамы» қалай аталады?

А) неандертальдық. В) автралопитек. С) синантроп. Д) кроманьондық. Е) питекантроп.

15. Кейінгі палеолит дәуірінің ескерткіші – Шақпақата тұрағы табылған Қазақстан аймағы

А) Оңтүстік Қазақстан. В) Солтүстік Қазақстан. С) Орталық Қазақстан. Д) Батыс Қазақстан. Е) Шығыс Қазақстан.

16. Жеңіл найза, ілмекті сүңгілер мен боластар шыққан дәуір

А) ерте палеолит. В) орта палеолит. С) кейінгі палеолит. Д) мезолит. Е) неолит.

17. Сатшықыз тұрағы қай кезеңге жатады?

А) б.з.б. 800 мың – 140 мың жыл. В) б.з.б. 40 мың – 12 мың жыл. С) б.з.б. 2 мың – 1 мың жыл. Д) б.з.б. 5 мың – 3 мың жыл. Е) б.з.б. 12 мың – 5 мың жыл.

18. Неолит дәуірінде пайда болған тас өңдеу техникасының тәсілі

А) жарып түсіру тәсілі. В) түзету арқылы өңдеу тәсіл. С) жылтырата тегістеу тәсілі. Д) нуклеустік тәсіл. Е) қалақтар жасау тәсілі.

19. Ерте палеолит дәуірінің археологиялық ескерткіштерін анықта

А) Шульбинка тұрағы. В) Өгізтау тұрағы. С) Сексеуіл тұрағы. Д) Әкімбек тұрағы. Е) Жаман айбат тұрағы.

20. Келтеминар мәдениетінің хронологиялық кезеңін тап

А) б.з.б. 4 мың ж аяғы – 2 мың жыл басы. В) б.з.б. 6 мың – 3 мың жыл.  
С) б.з.б. 7 мың – 6 мың жыл. Д) б.з.б. 8 мың – 7 мың жыл. Е) б.з.б. 1 мың ж – б.з.1 мың жыл.

21. Алғашқы адамның даму эволюциясы жетіліп біткен тарихи кезең

А) тобырда. В) рулық қауымда. С) көршілес қауымда. Д) тайпада.

Е) тайпалық одақтарда.

22. Мустьер деп қай дәуірді атайды?

А) ерте палеолит. В) орта палеолит. С) кейінгі палеолит. Д) Мезолит.

Е) неолит.

23. Палеолит дәуірінің кезеңін анықта

А) б.з.б. 2 млн – 140 мың жыл. В) б.з.б. 2 млн – 5 мың жыл. С) б.з.б. 2 млн – 12 мың жыл. Д) б.з.б. 2 млн – 6 мың жыл. Е) б.з.б. 2 млн – 3 мың жыл.

24. Шаруашылық еңбектің қалыптасып, өнім өндіру кезеңі

А) б.з.б. 12 – 5 мың ж. В) б.з.б. 1 мың ж. С) б.з.б. 2 – 1 мың ж. Д) б.з.б. 5 – 3 мың ж. Е) б.з.1 мың ж.

25. Кейінгі палеолит дәуірінің ескерткіші

А) Шірік-Рабат, Баланды. В) Затобольское, Чаглинка. С) Ащысай, Үсіктас. Д) Өніжек, Аққыр. Е) Сексеуіл.

26. Қазақстанның территориясынан неолиттік және энеолиттік қанша ескерткіштер табылды?

А) 1500. В) 1000. С) 950. Д) 700. Е) 600.

27. Неолит дәуірінде Ботай тұрағынан не табылды?

А) әйел-ана бейнесі. В) қыш ыдыстар. С) пышақ тіліктер.

Д) жертөледегі жылқы сүйектері. Е) гемма.

28. Кейінгі палеолит дәуірінде күрделі діни сенімнің болғандығын көрсетеді

А) мәйітті өртеу. В) мәйітке қызыл бояу жағу. С) мәйіттің аяғын бүгіп, бір қырымен жатқызу. Д) еңбек құралдарын бірге көму. Е) діни сенім болған жоқ.

29. Мезолит дәуірінің кезеңін анықта

А) б.з.б. 40 мың – 12 мың жыл. В) б.з.б. 12 мың – 5 мың жыл. С) б.з.б. 5 мың – 3 мың жыл. Д) б.з.б. 3 мың – 2 мың жыл. Е) б.з.б. 2 мың – 1 мың жыл.

30. Тік жүретін адам өмір сүрген дәуір

А) ежелгі палеолит. В) мезолит. С) мустьер. Д) неолит. Е) кейінгі палеолит.

31. Жер бетінде адам баласы пайда болды

А) б.з.б. 1 млн жыл. В) б.з.б. 2 млн жыл. С) б.з.б. 3 млн жыл. Д) б.з.б. 4 млн жыл. Е) б.з.б. 5 млн жыл.

32. Қазақстан климатының үлкен өзгерістерге ұшырап, мұз басу кезеңі болған уақыт

А) б.з.б. 200 – 180 мың ж. В) б.з.б. 100 – 80 мың ж. С) б.з.б. 80 – 50 мың ж. Д) б.з.б. 50 – 30 мың ж. Е) б.з.б. 30 – 10 мың ж.

33. Тас өңдеу әдістері жоғары нәтижеге жеткен дәуір

А) палеолит. В) мезолит. С) неолит. Д) энеолит. Е) қола.

34. Ежелгі палеолит кезеңіне жататын ескерткіштер табылған Қазақстан аймағы

А) Батыс Қазақстан. В) Шығыс Қазақстан. С) Орталық Қазақстан. Д) Оңтүстік Қазақстан. Е) Солтүстік Қазақстан.

35. Питекантроп қашан табылды?

А) 1690 ж. В) 1780 ж. С) 1890 ж. Д) 1901 ж. Е) 1914 ж.

36. Туыстық қауымдастықты не алмастырды?

А) жекелеген отбасы. В) көршілік қауым. С) діни қауымдастық. Д) тайпалық бірлестік. Е) мемлекет.

37. Адамзат қазіргі заманғы адамдар қалпына қашаннан бастап келді?

А) 2 млн жыл бұрын. В) 1 млн жыл бұрын. С) 500 мың жыл бұрын. Д) 140 мың жыл бұрын. Е) 40 мың жыл бұрын.

38. Тас ғасыры аяқталған кезең

А) палеолит. В) қола. С) мезолит. Д) неолит. Е) мустьер.

39. Алғашқы еңбек құралдарының атауы

А) чоппер. В) нуклеус. С) ретушь. Д) болас. Е) гарпун.

40. Мустьер дәуірінің хронологиясы –

А) б.з.б. 2 млн – 800 мың ж. В) б.з.б. 800 мың – 140 мың ж. С) б.з.б. 1400 мың – 40 мың ж. Д) б.з.б. 40 мың – 10 мың ж. Е) б.з.б. 10 мың – 5 мың

#### 9-сынып. Дүниежүзі тарихы. І нұсқа

1. Бірінші дүние жүзілік соғыста Германияның одақтасы болды

а) Жапония; б) Румыния; в) Сербия; г) Болгария.

2. 1908 жылғы ішкі саяси дағдарыс байланысты болды

а) Австро-Венгрияның Босния мен Герцеговинамен анексиясы; б) екінші балқан соғысының қорытындысы; в) Италия мен түрік соғысымен; г) марокандық оқиғалармен.

3. 1899-1902 жылдары болған соғыс

а) орыс-жапон; б) түрік-италия; в) ағылшын-бур; г) испан-американдық.

4. XX ғ. басында монархиялық билеу формасы болған ел

а) АҚШ; б) Франция; в) Венесуэла; г) Австро-Венгрия.

5. І дүние жүзілік соғысқа қатыспаған ел

а) Польша; б) Бельгия; в) Сербия; г) Болгария.

6. «Верден қырғыны» болған жыл

а) 1914 ж.; б) 1915 ж.; в) 1916 ж.; г) 1917 ж..

7. Антантаға кірмеген ел

а) Румыния; б) Болгария; в) Канада; г) Оңтүстік-Африкалық одақ.

8. І дүние жүзілік соғыстың қорытындысы бойынша Франция иеленді

а) Сирияны; б) Иракты; в) Иорданияны; г) Триполияны.

9. Ұлттар лигасын құруды ұсынды

а) Клемансо; б) Вильсон; в) Рузвельт; г) Ллойд Джордж.

10. І дүние жүзілік соғыс қорытындысы бойынша Германияның жоғалтқан жері

- а) Эльзас; б) Тюрингию; в) Мекленбург; г) Пфальц.
11. АҚШ І дүние жүзілік соғысқа ... кірді  
а) 1914 ж.; б) 1915 ж.; в) 1916 ж.; г) 1917 ж.
12. Нобель сыйлығының лауреаты  
а) Менделеев; б) Павлов; в) Жуковский; г) Циолковский.
13. Ресей мен Германия арасында сепаративтік бітім жасалды  
а) 18 желтоқсан 1917 ж.; б) 23 ақпан 1918 ж.; в) 3 наурыз 1918 ж.; г) 15 қазан 1919 ж.
14. Гэнуя конференциясы өтті  
а) 1926 ж.; б) 1926 ж.; в) 1922 ж.; г) 1924 ж.
15. Версаль-Вашингтон келісімі Тынық мұхиттағы қатынасты қай елдің пайдасына шешті?  
а) Жапония; б) АҚШ; в) Қытай; г) Англия.
16. Германияда Гитлер өкімет басына келді  
а) 1933 ж.; б) 1932 ж.; в) 1931 ж.; г) 1930 ж.
17. 1935 жылы қазан айында Италия басып кірді  
а) Сомали; б) Эфиопия; в) Ливия; г) Тунис.
18. Австрияда «Аншлюс» өтті  
а) 12 наурыз 1938 ж.; б) 12 наурыз 1937 ж.; в) 12 наурыз 1936 ж.; г) 12 наурыз 1939 ж.
19. «Жаңа бағыт» саясатын енгізген президент  
а) Трумэн; б) Рузвельт; в) Вильсон; г) Гувер.
20. КСРО Ұлттар Лигасына енді  
а) 1930 ж.; б) 1933 ж.; в) 1932 ж.; г) 1934 ж.
21. II дүниежүзілік соғыс Германияның қай елге басып кіруімен басталды?  
а) Франция; б) Польша; в) КСРО; г) Венгрия.
22. Рузвельттің заңы ... аталады  
а) МИРА; б) НИРА; в) ФИРА; г) ЗИРА.
23. «Мюнхен келісінде» қатыспаған ел  
а) Чехославакия; б) Ұлыбритания; в) Франция; г) Италия.
24. Гитлерлік Германияның оккупациясына басқа елдерден бұрын ұшыраған ел  
а) Чехославакия. б) Польша. в) Албания. г) Дания.
25. «Эльбадағы кездесу» болған жылы  
а) 25 сәуір 1945 ж.; б) 25 сәуір 1944 ж.; в) 25 сәуір 1943 ж.; г) 25 сәуір 1942 ж.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылдың 16 қарашасындағы № 660 бұйрығына сәйкес 2016-2017 оқу жылынан бастап мектепті бітірушілер үшін жоғары оқу орындарына түсу емтиханы болып табылатын Ұлттық бірыңғай тестілеудің жаңа форматы енгізілді. Қорытынды аттестаттау – жалпы орта білім беру ұйымдарында өткізілетін 11-сынып білім алушыларына арналған мемлекеттік бітіру емтиханы. Экстернат нысанында білім алатын экстерндерді қорытынды аттестаттауға дайындау мақсатында ана

тілі және әдебиетінен (оқыту тілі) эссе нысанында тапсырылатын жазбаша емтиханның ерекшеліктерімен таныстыру жұмысын жүргізуді ұсынамыз. Эссе туралы мәліметтер төменде келтірілген.

Эссе шығармашылық еркіндікті көздейді. Кез келген тақырыптың еркін стильде жазылуы оның ең негізгі көркемдігі болып табылады. Эссе - автордың жеке басының ойы, сезімі, әлемге деген көзқарасы. Бұл шығарманың басты мақсаты (10-кесте).

10-кесте – Эссе мен шығарманың айырмашылығы.

	Эссе	Шығарма
Анықтамасы	Эссе дегеніміз ( <i>фр. тіл. essai - тәжірбие, лат.т. exagium – құрау</i> ) – философиялық, әдеби, тарихи, публицистикалық, әлеуметтану, саяси және тағы басқа саладағы ғылыми емес, автордың жеке көзқарасын білдіретін прозалық мәтін.	Шығарма – оқушының туған халқының әдебиетінен алған білімін өз ойымен, дүниетанымдық көзқарасымен еркін ұштастыра отырып баяндайтын шығармашылық төл еңбегі. Оқушыдан көркем шығарманы өзіндік ой-пікірі, көзқарасы тұрғысында терең талдап пайымдауы, әсерлі, көркем тілмен жүйелі баяндауы талап етіледі.
	Эссе – еркін композициялық құрылымға негізделген немесе көркем-публицистикалық жанрдың бір түрі	Шығарма – белгілі бір берілген тақырыпқа арналған, міндетті құрылымнан тұратын, тек пәндік білімге бағытталған шығармашылық жұмыс.
	Эссе қатаң түрде жоспарға негізделуі міндетті емес.	Шығармада жоспарды жазу міндетті.
	Эссе жеке көзқарас, сараптама, дәлелдемелергенегізделеді.	Шығарма формасы оның түріне байланысты, көбінесе көркем мәтінді талдауға негізделеді.
	Эссенің мақсаты – эссе жазушының өзіндік көзқарасын, сыни ойын жетілдіру, ұстанымын дәлелді бекіту үшін жан-жақты білім алып, ақпараттық қарулану, тақырыпты ашуда метатанымдық білігін тиімді қолдану, шығармашылық қабілетін шындау, ой жүйелілігін реттеу, жазу түрлеріне қарай жазу тәсілдерін таңдай біліп, эссе түріне қарай жазу стилін сақтау, ой жүйесінің бірізділігін сақтауда сөз оралымдарын тиімді қолдану,	Шығарманың мақсаты – жазылым тілін дамыту, логикалық ойлауды дамыту, шығармашылық, қиялды, нақты нәрсені еркін, қызықты түрде беруге ұластыру, әдебиетті іштей түсіне отырып, оның мәні мен құдіретті орнын өз дүниесінде көркемдеп бере алу.



	шығармашыл жазбаларда сөздік қорының байлығын дамыту, талдау жұмыстарында қажетті термин сөздерді тиімді қолдану.	
--	---	--

Эссенің түрлері:

Ана тілі мен әдебиеті пәндерінің қорытынды аттестаттау емтиханында әдеби эссе жазады. *Әдеби эссе* – эссе түрлерінің ішіндегі ең күрделісі. Эссенің *әдеби тақырыбы* таңдалған жағдайда авторлық ұстанымға сүйенуге және өзіндік көзқарасты тұжырымдау ұсынылады. Тезистерін әдеби туындыларға сүйене отырып, дәйектеу қажет. Әдеби эссенің мақсаты, өзіндік жазылу ерекшеліктері бар [20].

*Еркін* тақырыптар философиялық немесе адамгершілік мәселесі бойынша эссе жазуды болжайды Эссенің *еркін тақырыбын* таңдаған жағдайда өз ұстанымын көркем туындылардың мазмұнына, сондай-ақ, өзінің өмірлік тәжірибесіне (жеке әсерлеріне, өзіндік ойларына, біліміне және т.б.) сүйенуімен дәйектеуге болады.

Тақырыптардың біріне *пікір-эссе* жазған кезде білім алушы көркем туындылардың мазмұнына да, өзіндік өмірлік тәжірибесіне де (сезімі мен тақырыпқа қатысты ойларына және т.б.) сүйенумен дәйектер келтіруі мүмкін.

Мәдениет өкілдерінің бірінің пікірін білдіретін дәйексөз түрінде тұжырымдалған эссе тақырыптары еркін пайымдауды негіздейді, ол пікірдің әділдігін растайтын дәйектерді де, сондай-ақ, басқа көзқарастың болу мүмкіндігін дәлелдейтін қарама-қарсы дәйектерді де қамтуы мүмкін.

Әдеби эссе жазылу мақсатына қарай әдеби-талдау эссе, әдеби-сыни эссе, әдеби-синтез эссе, әдеби-дәлелдеме эссе, әдеби-салыстырмалы эссе, әдеби-шығармашыл эссе болып бөлінеді. Әдеби эссенің әрбір түрінің жазу әдістері бар. Әдеби-талдау эссені туындыға талдау жасай отырып жазады. Әдеби-сыни эсседе автор көзқарасына, автор бейнесіне, автор үлесіне сыни көзқарасын, пікірін білдіріп жазады. Әдеби-синтез эсседе бір тақырыптың бірнеше туындыдағы көрінісін талдай келе, шешім шығарады. Шешіміне талдау жүргізе отырып, қорытындыға келеді. Әдеби-дәлелдеме эсседе ұстанымын көрсете отырып, аргументтер арқылы дәлелдеп жазады. Әдеби-салыстырмалы эсседе туындыны басқа туындымен және сол туындыдағы кейіпкерлерді, оқиға жайларын салыстыра отырып, талдап жазады. Әдеби-шығармашыл эсседе әдеби туындыдағы оқиғаны өз шығармашылығымен оқиға тудырып және кейіпкер рөліне еніп немесе оқиға уақытына, мекеніне түсіп, сезімін, ойын, жай-күйін баяндап, сипаттап, суреттеп жазады.

Әдеби эссенің әр түрінің мақсаты, жазылу ерекшеліктері бар. Мақсат, жазылу ерекшеліктері эссе тақырыптары арқылы айқындалады. Мысалы,

- «М.Әуезовтің «Көксерек» повесіндегі тосын және қатыгез эмоцияларды автордың оқырманына жеткізу тәсілдерін талдап жаз». Әдеби-талдау эссе автордың тосын және қатыгез эмоцияларды жеткізу үшін қолданған тәсілдерін тауып, талдап жазылады.


- «М.Әуезов «Көксерек» повесіндегі тосын және қатыгез эмоцияларды оқырманына қаншалықты әсерлі жеткізе алды?» Әдеби-сыни эссе автордың тіл шеберлігіне сыни бағасын бере отырып жазылады.

- «Тосын және қатыгез эмоциялар: М.Әуезовтің «Көксерек» повесі және әлемдік әдебиетте». Әдеби-синтез эсседе бірнеше туындылардағы тосын және қатігез эмоциялардың берілуін талдай келе, өзіндік бағасын шығарады. Өзіндік көзқарасы тұрғысынан шығарылған бағасына талдау жүргізеді.

- М.Әуезовтің «Көксерек» повесіндегі тосын және қатыгез эмоциялар оқырман психологиясына кері әсер ете ме? Әдеби-дәлелдеме эсседе білім алушы өз позициясын/ұстанымын/ танытады. Позициясын аргументтер арқылы дәлелдеп жазады. Аргумент келтіруде М.Әуезовтің «Көксерек» повесімен ғана шектелмей, неғұрлым өзге дереккөздерден аргументтер келтірген сайын, соғұрлым эссе бағасы жоғарылайды.

- «М.Әуезовтің «Көксерек» повесіндегі Құрмаишсың. Жоғалып кеткен Көксеректі күтпеген сәтте кездестірдің. Көксерек саған қарсы шауып, жараландың. Осы сәттегі сезіміңді сипаттап жаз. Әдеби-шығармашыл эссе жазуда Құрмаиш рөліне енеді, сезімін, жай-күйін сипаттап жазады. Келесі кестеде эссенің құрылымы берілген (11-кесте).

#### 11-кесте – Эссенің құрылымы



Эссе жазуға дайындық үшін ұсынылатын шығармалар  
10-сынып бойынша:

Авторлары:

Әдебиет, 10-сынып, *қоғамдық-гуманитарлық бағыт*, С.Қирабаев, Ұ.Асыл, К.Құрманбай, С.Дүйсебаев, Б.Әрінова, қазақ әдебиеті оқулығы, «Мектеп» баспасы, 2014 жыл. Хрестоматия, З.Ахметов, Ұ.Асыл, «Мектеп» баспасы, 2014 жыл.

Әдебиет, 10-сынып, *жаратылыстану-математикалық бағыт*, Қ.Алпысбаев, Б.Әбдіғазыұлы, Б.Сманов, Ж.Сәметова, қазақ әдебиеті оқулығы, «Мектеп» баспасы, 2014 жыл. Хрестоматия, Қ.Алпысбаев, Ж.Сәметова, А.Далабаева, «Мектеп» баспасы, 2014 жыл.

1. Махамбет Өтемісұлы, «Қара нар керек бұл іске», «Қызғыш құс», «Еңселігім екі елі» өлеңдері
2. Дулат Бабатайұлы, «Еспенбет» поэмасы
3. Шортанбай Қанайұлы, «Зар заман» өлеңі
4. Сүйінбай Аронұлы, «Сүйінбай мен Қатағанның айтысы»
5. Қашаған Күржіманұлы, «Есқали сұпыға айтқаны», «Байларға», «Оразалыға» өлеңдері
6. Мұрат Мөңкеұлы, «Қыз» өлеңі
7. Мәшһүр Жүсіп Көпеев, «Ғибратнама», «Шайтанның саудасы» өлеңдері.
8. Ыбырай Алтынсарин, «Атымтай Жомарт» әңгімесі.
9. А.Құнанбаев, «Жігіттер, ойын - арзан, күлкі - қымбат» өлеңі, 19-қарасөзі, «Ескендір» поэмасы.
10. Шәкәрім Құдайбердиев, «Еңлік-Кебек» поэмасы.
11. Жаяу Мұса, «Ақ сиса» өлеңі.
12. Мұхит Мералыұлы, «Зәуреш», «Айнамақ», «Дүние-ау» өлеңдері.
13. Үкілі Ыбырай, «Қалдырған» өлеңі.
14. Балуан Шолақ, «Ғалия» өлеңі.
15. Мәди Бәпиұлы, «Қарқаралы», «Қаракесек» өлеңдері.
16. Біржан сал, «Ләйлім шырақ», «Теміртас».
17. Ақан сері, «Асыл мен Жасық», «Жақсы мен Жаман», «Құлагер».
18. Әсет Найманбайұлы, «Салиха-Сәмен» поэмасы.

11-сынып бойынша:

Авторлары:

Әдебиет, 11-сынып, *қоғамдық-гуманитарлық бағыт*, З.Қабдолов, С.Қирабаев, Х.Әдібаев, Б.Ыбырайым, Ұлықман Асыл, «Мектеп», 2015 жыл.

Әдебиет, 11-сынып, *жаратылыстану-математикалық бағыт*, Р.Бердібай, Р.Нұрғали, Б.Ыбырайым, Ж.Дәдебаев, Қ.Мәдібай, «Мектеп», 2015 жыл.

1. Ахмет Байтұрсынов, «Қазақ салты» өлеңі.
2. М.Дулатов, «Бақытсыз Жамал» романы.

3. М.Жұмабаев, «Толқын», «Қойлыбайдың қобызы» дастаны.
4. Ж.Аймауытов, «Ақбілек» романы.
5. С.Сейфуллин, «Сыр сандық» өлеңі.
6. І.Жансүгіров, «Құлагер» поэмасы.
7. М.Әуезов, «Абай жолы» романы.
8. М.Әуезов, «Еңлік-Кебек» драмасы.
9. С.Мұқанов, «Сұлушаш» поэмасы.
10. Қ.Аманжолов, «Ақын өлімі туралы аңыз».
11. Ж.Молдағалиев, «Мен - қазақпын» поэмасы.
12. С.Мәуленов, «Құлын», «Түбірлер» өлеңдері.
13. Т.Ахтанов, «Шырағың сөнбесін» романы.
14. Ә.Нұршайықов, «Ақиқат пен аңыз» роман-диалогі.
15. М.Мақатаев, «Ақ кимешек көрінсе» өлеңі, «Дариға-жүрек» шағын поэмасы.
16. М.Шаханов, «Ғашықтық ғаламаты» өлеңі.
17. С.Жүнісов, «Заманай мен Аманай» повесі.
18. Қадыр Мырза Әли, «Өмірдің өзі қызық-ақ» өлеңі.
19. Қ.Жұмаділов, «Тағдыр» романы.

Экстернат – мектепте оқудың ерекше түрі. Білім алушы жалпы білім беретін мектептің бағдарламасымен оқиды. Мектеп оқулықтары мен кітапханасына рұқсаты бар. Экстерн нысанында оқу кең еркіндіктер береді, дегенмен де ата-ана мен білім алушының иығына түсетін жауапкершілік те үлкен. Білім алушы материалмен өз бетімен жұмыс істеуге үйренуі керек. Сондықтан бастапқы уақытта ата-аналар мұғалімнің рөліне еніп балаларына білім алуға көмектесулері керек. Экстерн нысанында білім алғысы келетін оқушының нәтижеге бағытталған уәждемесі болуы қажет. Ол не себептен дербес және мақсатқа ұмтылу керектігін түсінуі тиіс.

### **3 Негізгі және жалпы орта білім беру ұйымдарында экстернаттық оқыту жағдайындағы оқу нәтижесін бағалау процесінің ерекшеліктері**

Оқу нәтижелерін бағалау педагогикалық процестің маңызды элементтерінің бірі, ал баға – педагогтің белгілі бір міндеттерін атқаратын педагогикалық құрал. Бағалау бойынша кез келген іс-әрекет білім алушының немесе педагогтің білім алу процесіндегі әрекеттестігі қаншалықты тиімді жүріп жатқандығы туралы ақпарат алу қажеттілігінен туындайды.

Баға білім алу процесінің әртүрлі әдістер, тәсілдер, құралдар және сандық немесе сапалық бағалау жүйесі ретінде қаралады: ол оқушының оқу жетістігі, бағдарлама бойынша білімі мен дағдыларының сапасы, шығармашылық бағыттағы дамуы да болуы мүмкін. Бағалау оқытудың соңғы нәтижелерін ғана мәлімдеп қою емес, білім беру процесімен үнемі және тұрақты бірге жүретін процесс деп айтуға болады.

С.И. Ожеговтың түсіндірме сөздігінде баға (оценка) – «құндылық туралы пікір, біреудің немесе бір нәрсенің деңгейі немесе құны туралы пікір», ал баға (отметка) – «білім беру жүйесінде қабылданған бағалау, оқушылардың мінез-құлқы» деп берілген [21].

И.А.Кайровтың редакциясымен жазылған педагогикалық сөздіктен келесідей анықтама табамыз: «Баға – пәннің деңгейі мен жағдайына байланысты бағдарлама анықтаған, оқушының білім, білік, дағдыларды меңгеру деңгейін шартты белгілер-балдар, сонымен қатар мұғалімнің бағалау туралы пікірі арқылы анықтау және білдіру» [22].

Педагогикалық энциклопедияда сәл басқаша анықтама берілген: «Оқушының жетістігін бағалау – оқушылардың мектеп бағдарламалары бойынша оларға қойылатын талаптарға сәйкес білім мен дағдыларды игеру дәрежесін анықтау» деп көрсетілген [23].

Бағалаудың заманауи түсінігі оқушының үлгеріміне баға қоюдан білім алушының нақты жетістіктерін, оның жеке даму қорытындыларын бағалауға көшумен байланысты. «Бағалау - бұл бала үшін табысқа жету жағдайын жасау жолы» [24].

Сонымен, бағалау білім алушының оқу жетістіктерінің көрсеткіші.

Педагогикалық шеберлік орталығының мұғалімдерге арналған нұсқаулығындағы анықтамаға сүйенетін болсақ: ««Бағалау» термині «жақын отыру» дегенді білдіретін латын сөзінен шыққандығы кездейсоқ емес, себебі бағалаудың негізгі сипаты бір адам басқа адамның не айтып, не істегенін немесе өзін-өзі бақылау жағдайында өзінің дербес ойлауын, түсінігін немесе тәртібін мұқият бақылауы болып табылады. Бұл ресми тестілер мен емтихандардан бастап, мұғалімдер сыныптарда күніне жүз рет өткізетін бейресми бағалауға дейінгі бүкіл бағалау түрлерін қамтиды. Бұған қарамастан, бағалау түрлі нысанда болуы мүмкін: бір тестілер қолдағы қарындаш пен қағаздың көмегімен жүргізілсе, басқалары сыныптағы әдеттегі сөйлесу кезінде сұрақ қоюға негізделеді. Бағалаудың барлық түрлеріне жалпы сипаттамалар тән және олар төмендегілерді қамтиды:

қадағалау;

алынған мәліметтердің интерпретациясы;

бұдан арғы іс-әрекетті анықтауға бағытталған қорытынды» делінген, демек бағалау білім беру жүйесіндегі білім алушымен мұғалім арасындағы тығыз қарым-қатынаста жүргізілетін үздіксіз процесс [25].

Қазақстан Республикасының Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында келесідей анықтама беріледі: «Бағалау – білім алушылардың оқуда қол жеткізген шынайы нәтижелерін дайындалған өлшемшарттар негізінде оқытудан күтілетін нәтижелермен салыстыру процесі» [4], бұл анықтама экстернаттық оқыту барысында да қолданылады.

Сондықтан, бағалауды білім беру процесімен үнемі, үздіксіз бірге жүретін құрамдас бөлігі деп айтуға болады.

### Критериалды бағалау жүйесі

Қазақстандық жалпы білім беретін мектептер үшін жаңа критериалды бағалау жүйесі білім алушыны дамыту, оның оқуға қызығушылығы мен мотивациясын арттыруға бағытталады. Әрбір оқушы мен оның ата-анасына бағалаудың түсінікті, айқын және өлшемді критерилерін орнатқан жағдайда оған қол жеткізуге болады.

Критериалды бағалау жүйесінің мазмұны бағалау стандарттарымен, процестерімен, құралдарымен және нәтижелерімен анықталады сондай-ақ бірқатар нормативтік және әдістемелік-нұсқаулық құжаттармен реттеледі.

Білім алушының оқу жылындағы үлгерімі және оқудағы жетістіктері туралы деректерді жинау үшін бағалаудың екі түрі: формативті бағалау және жиынтық бағалау іске асырылады. Жиынтық бағалау, өз кезегінде, бөлім/ортақ тақырыпты, тоқсандық және орта білім деңгейін жиынтық бағалау рәсімінен тұрады [26].



7-сурет. Критериалды бағалау құрылымы [26].

Формативті бағалау – сыныпта күнделікті жұмыс барысында жүргізілетін бағалау түрі, білім алушылардың үлгерімінің ағымдағы көрсеткіші болып табылады, оқыту барысында білім алушылар мен мұғалім арасындағы жедел өзара байланысты, оқушы мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді және білім беру процесін жетілдіруге мүмкіндік береді;

Жиынтық бағалау – анықталған оқу кезеңін (тоқсан, триместр, оқу жылы), сондай-ақ оқу бағдарламасына сәйкес бөлімдерді оқып аяқтағаннан кейін өткізілетін бағалау түрі [4].

Формативті бағалау оқыту процесінің ажырамас бөлігі және мұғалім тоқсан бойы үнемі жүргізіп отырады. Формативті бағалау бал және баға қойылмастан, білім алушылар мен мұғалім арасында үздіксіз байланысты қамтамасыз етеді. Формативті бағалауда білім алушы қателесу және оны түзетуге болады. Бұл білім алушының мүмкіндігін анықтау, қиындықтарды айқындау, анағұрлым жақсы нәтижелерге қол жеткізу, оқу процесін дер кезінде түзетуде көмектесуге мүмкіндік береді.

Формативті бағалау оқудағы жетістіктердің өсуіне және дамуына тікелей ықпал және мұғалім мен білім алушылар арасында кері байланысты қамтамасыз ететін процесс.

Формативті бағалау оқытудың ажырамас бөлігі болуы тиіс, ол қосымша жаттығулар немесе тест ретінде қарастырылмауы қажет. Оқыту мақсаттары мен оқу бағдарламасының әрбір бөлімі бойынша күтілетін нәтижелер формативті бағалау практикасының мазмұнын анықтайды.

Мұғалім формативті бағалау процесінде оқу бағдарламасының барлық оқыту мақсаттарын қамтуы қажет. Мұғалімге көмекке оқыту мақсаттары бойынша бағалау критерилерінен, дескрипторларымен тапсырмалар үлгілерінен тұратын формативті бағалауға арналған тапсырмалар жинағы дайындалды.

Мұғалім білім алушылардың жеке ерекшеліктері және оқыту мәнмәтінін ескере отырып тапсырмаларды дайындайды немесе таңдайды. Әрбір тапсырмаға дескрипторлар анықталады. Бағалауда мұғалімнің шешімі шынайы болатындай тапсырмалардың дескрипторлары анық және нақты болуы тиіс. Сондай-ақ, дескрипторлар білім алушы тапсырманы орындаудың қай кезеңінде қиналғанын анықтауға мүмкіндік береді. Бұл білім алушылар мен ата-аналарға сындарлы кері байланыс жасауына ықпал етеді [26].

Критериалды бағалау – бұл критерилер арқылы бағалау, яғни бағалау компоненттерінен (критерилер) тұрады, олар білім алушылардың әртүрлі бағыттағы оқу-танымдық құзыреттіліктерінің даму жетістіктерін көрсетеді.

Өлшемшарттар (критерилер) арқылы бағалау – білім алушылардың оқу жетістіктерін оқу процесінің барлық қатысушыларына алдын ала белгілі нақты айқындалған өлшемшарттарымен, білім берудің тиісті мақсаттары және мазмұнымен салыстыруға негізделген процесс [27].

Критерилер – бұл пән бойынша бағалау өлшемі, яғни пәннің білімділік мақсаттары болып табылады, мінездемелер тіліне аударатын болсақ мінсіз оқытылған білім алушының портретін береді.



Критерилер өте жақсы орындалған оқу тапсырмасының (әр жеке нақты жұмысқа арналған) қандай болуы керек екендігінің көрсеткіші, ал кез келген көрсеткіш бойынша бағалау білім алушының қойылған мақсатқа қаншалықты жеткендігін анықтау.

Критери – белгілі бір нәрсенің (оқиғаның) қойылған талаптарға сәйкестігін анықтауға арналған белгісі, негіздемесі, ережесі. Критерилер дескрипторлар арқылы сипатталады, олар оқу тапсырмасының (әр жеке нақты жұмысқа арналған) өте жақсы орындалған нұсқасы туралы түсінік береді, ал дескрипторға сәйкес бағалау – бұл білім алушының қойылған мақсатқа қаншалықты жеткендігін анықтау болып табылады.

Бағалау өлшемшарттары (критерилері) – қалыптастырушы бағалау кезінде мұғалім мен білім алушыға оқу мақсатына жеткенін тануға мүмкіндік беретін тұжырымдар (табыс өлшемшарттары), жиынтық бағалау кезінде білім алушы жұмысты қаншалықты жақсы орындағанын бағалауға мүмкіндік беретін тұжырымдар (балдарды қою өлшемшарттары) [27].

Критериалды бағалауды енгізудің мақсаты – білім алушылардың мектепте алған білім сапасын көтеру және бітірушілердің білім деңгейлерінің халықаралық стандарттарға сәйкестігіне жету. Критериалды бағалау білім алушыларды объективті бағалауды қамтамасыз етіп, олардың жоғары жетістіктерге жетуіне ықпал етуі керек. Бағалау жүйесі:

- оқу материалының қаншалықты меңгерілгендігі, тәжірибелік дағды қаншалықты қалыптасқандығын анықтауға мүмкіндік беруі керек;
- мұғалім, білім алушы, ата-ана және мектеп ұжымының арасындағы қарым-қатынасты алдын ала ескеріп, қамтамасыз етуі қажет;
- нақты сыныпқа бірегей түрде қолданылуы қажет;
- білім алушының психикалық жағдайына ұқыпты, зиян келтірмейтіндей етіп құрылуы керек.

Критериалды бағалаудың артқышылықтары:

- пәннің оқу мақсаттарына сәйкес келеді және объективті бағалауға мүмкіндік береді;
  - жетістік деңгейлері нақты құрылған;
- білім процесінің қатысушыларының барлығына, ата-анаалар, мұғалімдер, бағалау түсінікті болады;
  - өзін-өзі бағалау дағдысын дамытуға ықпал жасайды;
- білім алушының өз еңбегінің нәтижесі үшін жауапкершілікке тәрбиелейді;
- білім алуға деген ынтасының өсуіне ықпал етеді;
- білім алушыларды сабақтың әр кезеңінде бағалуға мүмкіндік береді (білім алушы қорытынды бағаның неден тұратындығын көреді);
- өзін-өзі және өзара бағалау мүмкіншілігі туындайды (жұптық жұмыс немесе топтық жұмыс, білім алушылардың ұжымда жұмыс істеу дағдылары қалыптасады, алайда оқу барысындағы қорытынды бағаға мұғалімнің ықпалы азайғандығы байқалады);
- білім сапасы көтеріледі.



Білім алушыларға бағалау қалай жүретіндігі түсінікті болу үшін оларға әртүрлі критерилер ұсынылады. Осы кезеңдегі маңызды сәт олардың өздерін және өзгелерді бағалауға мүмкіндік беру. Бағалау критерилерін мұғалімнің жеке өзі немесе білім алушылармен бірге құруға болады: бұл білім алушылар дәл қазір меңгеруі қажет стандарт. Критерилер – білім алушылар білуі, түсінуі, айта және түрлендіре алуы мүмкін деректер, ұғымдар және дәлелдер. Критериалды бағалау барысында бір білім алушыны екінші білім алушымен салыстыру шарты жоқ, бір немесе басқа критери бойынша бағалау және жетістіктерін көтерудің қосымша мүмкіндіктері пайда болады.

Жеке жұмысты бағалай отырып мұғалім қорытынды бағаның жиынтығының белгілі бір құрастырушысы бойынша білім алушының жетістігіне көңіл аударады.

Критериалды бағалау әдістемесі білім алушының оқу әрекетіне уәжін көтеру мен даралап оқытудың пәрменді құралы болып табылады. Аталып отырған технологияны енгізген жағдайда әрбір білім алушы дамудың белгілі бір деңгейіне жете алады, өйткені технологияның өзі оқушының алдыға жылжуы мен өзін-өзі жетілдіруге бағытталған [28].

Критериалды бағалау мүмкіндік береді:

- сабақтың әр түрлі кезеңдерінде дайындық деңгейін анықтауға;
- пән бойынша оқу бағдарламасының мақсаттарын орындау (жету) қабілетін анықтауға;
- тұлғаның даму жетістіктерін бағалауға;
- білім алу барысында жіберілген қателіктерді анықтауға;
- орындалған тапсырмаға қойылған бағаның әділдігін тексеруге;
- мұғалім-оқушы, мұғалім-ата-ана кері байланысын орнатуға.

Критериалды бағалаудың білім алушы, мұғалім, ата-ана үшін де маңызы зор.

Мысалы, білім алушылардың мүмкіндігі бар:

- өздерінің танымдық және ойлау қабілеттерінің деңгейін көтеру үшін әртүрлі оқыту әдістерін қолдануға;
- жаңа білімді меңгеру барысында мақсатқа жеткізетін бағалау критерилерін түсінуге;
- өзін-өзі бағалау және сыныптастарды бағалау арқылы кері байланыс орнатуға, жұртшылыққа өз білімін ұсынуға, сыни ойлауға және өз ойын еркін жеткізуге;
- жаңа білімді өз бетінше алу дағдысын қалыптастыруға, оқу әрекетін ұйымдастыруға, мақсат қоюға, жоспарлауға, өзін өзі бақылауға және өзінің әрекетінің нәтижесін бағалауға, өз іс-әрекетінің нәтижесіне бағдар жасауға;
- бастапқы фактілер мен болжамдардың, теориялық моделдер мен нақты нысандар арасындағы айырмашылықты оларды түсіндіру үшін түсіну;
- гипотезалар мысалында белгілі фактілер мен берліген гипотезаларды эксперименттік тексерулер жүргізу үшін әмбебап оқу іс-әрекеттерін меңгеру, процестер мен құбылыстардың теориялық моделдерін әзірлеу;

– ақпаратты қабылдау, өңдеу және берудің ауызша, бейнелі, таңбалық түрде беру, қойылған міндетке сәйкес алынған ақпаратты талдау және өңдеу дағдыларын қалыптастыру;

– оқылған мәтіннің негізгі ойын анықтау, одан қойылған сұрақтарға жауап табу және оны айтып беру;

– танымдық міндетті шешу үшін әртүрлі дереккөздерден және жаңа ақпараттық технологияларды қолдану арқылы ақпаратты өз бетімен іздеу, талдау және таңдап алу тәжірибесін алу;

– монологтық және диалогтық сөйлеуін дамыту, өз ойын жеткізу және сұхбаттасушыны есту; оның көзқарасын түсіну, басқа адамның басқаша ойлау құқын мойындау;

– стандартты емес жағдайлардағы іс-қимыл әрекетін, эвритстикалық әдістер және мәселелерді шешу әдістерін меңгеру;

– әртүрлі әлеуметтік ролдерді орындайтын топта жұмыс істеу дағдысын қалыптастыру, өз көзқарастары мен сенімдерін жеткізе білу және қорғау, талқылау жүргізу.

Мұғалімдердің мүмкіндігі бар:

– оқытудың сапалы нәтижесіне жетудің критерилерін құрастыруға;

– білім алушылардың әрқайсысының жас және психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып әртүрлі тапсырмалар мен критерилерді жоспарлауға;

– бағалаудың әртүрлі әдістерін қолдануға;

– білім алушы және оның ата-аналарымен кері байланыс орнатуға.

Ата-аналардың мүмкіндігі бар:

– баласының жетістіктерін қадағалап отыруға;

– білім сапасы және нәтижесімен танысуға;

– білім берудегі қолдау бағытын білуге.

Критериалды бағалау жүйесін қолдану үшін мұғалім білу және түсіну критеріі бойынша білім алушылардың жас және психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, қолдану, сыни ойлау және зерттеу, коммуникация және рефлексия және басқа критерилер бойынша оқу пәнінің оқыту мақсаттарына сәйкес дескрипторлар құрастыруы керек. Әр критері білім алушылардың тапсырманы орындауын жүйелі бағалауға мүмкіндік беретін дескрипторлардан тұрады, сонымен қатар білім алушылар осы критерилердің көмегімен өз жұмыстарының нәтижесін бағалай алады [29].

Өз бетінше шығармашыл жұмыс істейтін, өзгермелі өмір жағдайында бәсекеге қабілетті, жан-жақты дамыған, құзыретті тұлғаны тәрбиелеу – заман талабы. Осыған орай бағалаудың жаңа түрі критериалды бағалау білім алушылардың ұжымдағы қарым-қатынасы дағдысы дамытуға, шығармашыл бірлесіп жұмыс істеуін ұйымдастыруға бағытталған.

### **Экстернаттық оқыту барысында оқу нәтижелерін бағалау ресімдемесі**

Экстернат нысанында білім алушыларды аралық және қорытынды аттестаттау ережелері Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің

2016 жылғы 22 қаңтардағы № 61 бұйрығымен бекітілгендігі осы әдістемелік ұсынымдаманың 1 тарауында айтылған.

Оқу бағдарламаларын жеке режимде меңгерген экстернат нысанында білім алушылардың оқу нәтижесін бағалау рәсімі келесі кезеңдерден тұрады:

- *аралық аттестаттау аясындағы бағалау;*
- *қорытынды аттестаттау аясындағы бағалау.*

### ***Аралық аттестаттау аясындағы бағалау***

Білім алушылардың аралық аттестаттау – білім алушылардың бір оқу пәнінің бір бөлігін немесе барлық көлемін оқып аяқтағаннан кейін, оның меңгерілу дәрежесінің сапасын бағалау мақсатында жүргізілетін рәсім.

Жалпы білім беретін бағдарламаларды экстернат нысанында кәмелетке толмаған білім алушы жеке немесе педагогтердің, немесе ата-анасының (заңды өкілдерінің) көмегімен меңгеріп аралық аттестациялаудан өтеді. Сынып жетекшісі экстерн-оқушыларды жеке тапсырмалар, емтихан және кеңес беру кестесімен ақпараттандырып отырады және олардың бұл ақпаратты алғандығын жазбаша түрде расталуын қамтамасыз етеді.

Экстернат нысанында білім алушыларға көмек ретінде №9 «Зерде» мектебі барлық пәндер бойынша жеке тапсырмалардың жаднамаларын әзірлеген.

Экстернат нысанында білім алушыларға барлық пәндер бойынша  
\_\_\_\_\_ сыныпқа жеке тапсырмалар

### **ЖАДНАМАСЫ**

Сіз әр пәннен орындауға тиісті тапсырмалар тест сұрақтарының екі нұсқасынан тұрады. Әр нұсқа пән бойынша оқу жылында қарастырылған барлық материалды қамтиды. Бір нұсқасы жаттығу, екіншісі бақылау үшін. Әр оқу пәнінен оқулықтағы барлық материалды талдап шығу қажет, анықтамаларды, формулаларды, ұғымдарды жаттап алу керек. Оқу пәндерін меңгеру ретін өзіңіз таңдайсыз. Оқу пәні бойынша баға алу үшін 2017 жылдың 1-мамырына дейін тест тапсырмаларының кез келген бір нұсқасын орындап салып жіберуіңіз қажет.

Тест тапсырмаларындағы дұрыс жауапты ерекшеленіз немесе таңбамен белгілеңіз.

Өзін-өзі тану пәнінен бір шығармашылық тапсырма жіберіледі. Мәтінге қол қоюды ұмытпаңыз.

Экстерндердің ата-аналарына аралық аттестаттауды өткізу ережелері туралы хабарлама немесе ескертулері бар ақпараттық хат жолданады. Астана қаласы №9 «Зерде» мектебінің іс-тәжірибесінен алынған ақпараттық хаттың мысалы төменде ұсынылған.

## АҚПАРАТТЫҚ ХАТ 2017 жылдың 1 ақпаны

Экстернаттық формада оқитын сыныптан сыныпқа көшу оқушыларына (5-ші, 6-шы, 7-ші, 8-ші, 10-шы) және олардың ата-аналарына.

1. ҚР БҒМ 2016 жылғы 16 қарашадағы №660 бұйрығымен Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелеріне өзгерістер енгізілуіне байланысты:

1) Сыныптан сыныпқа көшу оқушылары үшін оқыту тілі және математика пәндерінен жазбаша емтихандар (қазақ/орыс тілінен мәтінмен жұмыс және математикадан бақылау жұмысы) өткізіледі;

2) Емтихан материалдары 17 сәуірден кеш емес мерзімде электрондық поштамен жіберіледі, 19 сәуірде орындалған бақылау жұмыстарын тексеру үшін экстернатқа жіберу қажет. Электрондық поштаға жіберу немесе мектепке әкеліп беру (eksternat @inbox.ru немесе Астана қаласы Сарыарқа көшесі, 20 мекен жайына, байланыс тел. 50-18-03).

Емтихан жұмысы бойынша қанағаттандырылғысыз баға алынған жағдайда, оқушыға емтиханды қайтадан тапсыру мүмкіндігі беріледі.

3) Аралық аттестаттаудың барлық тестілерін орындап және тексеру үшін 2017 жылдың 01.05. дейін жіберу қажет.

4) Келесі сыныпқа көшіру оқушылардың барлық пәндер бойынша үлгерімін қарастырудан кейін, педагогикалық Кеңестің шешімімен 2017 жылдың 20 мамырында жүзеге асырылады.

Ақпараттық хатты алғаныңызды растауыңызды өтінеміз.

Экстернат бойынша директордың орынбасары  
Орындаушы. Жанибекова А.Ж.  
50-18-03

Г.Н.Симакина

Аралық аттесттау экстерн оқу жұмыс жоспарының белгілі сыныпқа арналған жеке оқу пәнін немесе барлық оқу пәндерін меңгергеннен кейін жүргізіледі. Экстерн білім алушылардың оқу нәтижесін бағалау барысында экстерн тест тапсырмаларының нәтижесіне байланысты баға алады.

Аралық аттестаттаудың тест тапсырмалары 5-6 нұсқада дайындалады, олардың 2 нұсқасы міндетті түрде орындалады. Тест тапсырмаларына 20-30 сұрақ болады. Төменде 10-сыныпқа арналған «Алгебра және анализ бастамасы», 11-сыныпқа арналған «Қазақстан тарихы» және 8-ші сыныпқа арналған «Биология» пәндерінен аралық аттесттатауға берілетін тест тапсырмаларының мысалдарын Астана қаласы №9 «Зерде» мектебінің тәжірибесінен келтіріп отырмыз.

«Алгебра және анализ бастамалары» оқу пәнінен  
10-сыныпқа арналған көктемгі сыныптан-сыныпқа көшіру емтихандарының  
жазбаша жұмысы (экстернат 2017ж.)

1. Теңдеуді шешіндер.

а)  $\sin x = \frac{\sqrt{2}}{2}$       б)  $6\sin 5x - 6 = 0$       в)  $\cos\left(\frac{x}{8} + \frac{\pi}{4}\right) - 1 = 0$

г)  $\cos 5x + \cos 3x = 0$       д)  $6\operatorname{tg}^2 x + \operatorname{tg} x - 1 = 0$

2. Функцияның  $x_0 = -1$  нүктесіндегі туындысын табыңдар.

а)  $f(x) = 4x^6 + 7x^5 + x + 1$ ,  $x_0 = 1$

б)  $f(x) = x^2(x-1)$ ,  $x_0 = -1$

в)  $f(x) = \frac{x+1}{x-2}$ ,  $x_0 = -1$

г)  $(3\sqrt{x} - 2x^2 + x^5)^5$ ,  $x_0 = 1$

д)  $f(x) = \frac{3x+4}{\cos x}$ ,  $x_0 = \frac{\pi}{3}$

3.  $y=f(x)$  функциясының  $x_0$  нүктесінде жүргізілген жанаманың теңдеуін жазыңдар.

$f(x) = 4x^2 + x - 1$        $x_0 = 2$

4. Функцияны зерттеп графигін салыңдар.

$Y = x^3 + 3x - 5$

5. Нүкте түзу сызық бойында  $x(t) = 2t^2 + 3$  (м) бойынша қозғалып келеді.  $t = 2$  сек уақыттағы жылдамдығын табыңдар.

### Қазақстан тарихы пәнінен тест тапсырмалары

#### 11 сынып

1. Бөкей және Мәулен шығармасын жазды:

А) В.Писарев; В) А.Затаевич; С) В.Даль; Д) Ф.Достоевский; Е) Т.Шевченко.

2. А.С. Пушкин Оралда бір поэманы қағазға түсірді:

А) «Капитан қызы»; В) «Ер-Тарғын»; С) «Қозы-Көрпеш және Баян-Сұлу»; Д) «Манас»; Е) «Алпамыс».

3. Қай уақыт аралығында М. Өтемісов Жәңгір хан баласының атабекі болды:

А) 3 жыл; В) 4 жыл; С) 5 жыл; Д) 6 жыл; Е) 7 жыл.

4. Жәңгір хан бұйрығымен ерекше тігілген киіз үй сыйлық ретінде берілді:

А) І Петрге; В) ІІ Екатеринаға; С) І Николайға; Д) І Павлға; Е) ІІ Николайға.

5. 1789 ж. ашылған Азиялық мектеп қазақ балалары арасынан дайындады:

А) патша әскерінің офицерлерін; В) бекіністерді құруға инженерлерді; С) тілмаштар мен писарларды; Д) қазақ мектептеріне мұғалімдерді; Е) орыс шіркеулеріне адамдарды.

6. Қытайдағы дұңған көтерілісі туралы Ш. Уәлиханның соңғы еңбегінің шыққан газеттің атауы:

А) Омские ведомости; В) «Русский инвалид»; С) «Семипалатинские Вести»; Д) «Вестник Русского Географического общества»; Е) «Родная Старина».

7. Семей өлкесіне жіберілген Достоевский өлке тарихын зерттеуде көңіл аударды:

А) фольклор жинауға; В) археологиялық ескерткіштер туралы мәлімет жинауға; С) өлкенің флора мен фаунасын зерттеуге; D) қазақ хандарының шежіресін зерттеуге; E) дұрыс жауабы жоқ.

8. Ы. Алтынсариннің ағартушылық ісінде айқын көрінген бағыттардың бірі:

А) Баспа мектебі; В) мектеп-интернаттарының ашылуы; С) қолөнер және ауылшаруашылық мектептердің ашылуы; D) ауыл және болыс мектептерінің ашылуы; E) театрлар ашылуы.

9. 1880 ж. Казанда жарық көрген Дулат Бабатайұлының қандай өлеңдер жинағына патша тыйым салды:

А) жас Барак; В) хан Кене; С) жас Махамбет; D) өсиет нама; E) Шыңғыз-тарихи.

10. «Қалқаман-Мамыр» поэмасының авторы:

А) С.Торайғыров; В) С.Дөнентаев; С) М.Жұмабаев; D) Ш.Құдайбердиев; E) М.Көбеев.

11. XIX ғ. II жартысындағы облыстық статистикалық комитетінің мүшесіне сайланған қазақ ағартушысы:

А) Алтынсарин; В) Абай; С) Байтұрсынов; D) Тынышпаев; E) дұрыс жауабы жоқ.

12. Халық орындаушысы – домбрашы, композитор, қазақ мәдениетінің қайраткері Дина Нұрпеисованың туған жері:

А) Оңтүстік-Қазақстан облысы; В) Батыс-Қазақстан облысы; С) Солтүстік-Қазақстан облысы; D) Қарағанды облысы; E) Ақмола облысы.

13. Көрнекті қазақ ғалымы және қоғам қайраткері Алихан Бөкейханов 1905-1907 жж. газет редакторы болды

А) «Айқап», «Отан»; В) «Қазақ», «Отан тарихы»; С) «Алаш», «Дала хабары»; D) «Омич», «Дала дауысы»; E) «Дала хабары», «Омбы ведомосы».

14. 1916 ж. ұлт-азаттық көтеріліс батыры, Амангельды Иманов азаматтық соғыс жылдарында қаза тапқан қаланы атаңыз:

А) Перовскіде; В) Орынборда; С) Оралда; D) Торғайда; E) Петропавлда.

### Биология пәнінен тест тапсырмалары

#### 8 сынып I нұсқа

1. Жасушаның ішін толтырып тұратын іркілдек сұйықтық ...

А) ядро; В) кариоплазма; С) цитоплазма; D) ядрошық;

2. Адамның дене жасушаларындағы хромосома саны ...

А) 46; В) 48; С) 23; D) 24.

3. Бауыр мен бұлшықеттің жасушаларында қор ретінде кездесетін күрделі көмірсу ...

А) глюкоза; В) глюкагон; С) гликоген; D) гликолиз.

4. Сұйық дәнекер ұлпа ...

А) қан; В) сүт; С) тер; D) сілекей.

5. Бірыңғай салалы бұлшықет астарлап жатқан мүше ...  
А) жүрек; В) өкпе; С) асқазан; D) тұлға.
6. Ішкі секреция безіне жатпайды ?  
А) гипофиз; В) қалқанша безі; С) ұйқы безі; D) сілекей безі.
7. Қалқанша безі бөлетін гормон  
А) өсу гормоны; В) паратгормон; С) тироксин; D) тимозин.
8. Ауру адам өте әлсіз, қан қысымы 70/30, терісі қола түсті болып өзгереді. Бұл ауру -  
А) Адиссон ауруы; В) Базедов ауру; С) Даун; D) тетания.
9. Қозуды орталық жүйке жүйесінен бұлшықеттер мен ішкі мүшелерге өткізетін нейрон  
А) сезгіш; В) байланыстырғыш; С) қозғалтқыш; D) орталыққа тепкіш нейроны.
10. Әр омыртқаның бүйір тұсынан жұлыннан екі жаққа қанша жұп жұлын жүйкелері тарайды ?  
А) 31; В) 62; С) 42; D) 38.
11. Жөтелу, құсу, жұтыну, түшкіру, сөл бөлу рефлекстері қандай ми арқылы жүзеге асырылады?  
А) мишық; В) алдыңғи ми сыңарлары; С) сопақша; D) ортаңғы.
12. Көру жүйкелері арқылы қозу ми қыртысының қай аймағынан шығады?  
А) самай аймағынан; В) маңдай аймағынан; С) төбе аймағынан; D) шүйде аймағынан.
13. Қарашықтың (зрачок) маңызы  
А) көздің ішіне жарық өтеді; В) көзе түс береді; С) қоректік заттармен қоректендіреді; D) көзді ылғалдайды.
14. Ортаңғы құлақта ... болмайды.  
А) балғашық; В) төс; С) үзеңгі; D) дыбыс жолы.
15. Тілдің ұшы ... сезеді.  
А) тәттіні; В) ащыны; С) тұздыны; D) қышқылды.
16. Көздің қосалқы мүшелері  
А) ақ қабықша мен торлы қабықша; В) таяқша мен құтыша; С) қас пен кірпік; D) қарашық.
17. Қысқа сүйекке ... жатады.  
А) жілік; В) жамбас; С) жауырын; D) омыртқа.
18. Бірімен-бірі қозғалмаспай тұтасып кеткен, пішіні үшбұрышты, ойыс жағында тесіктері бар омыртқа  
А) мойын; В) арқа; С) құйымшак; D) сегізкөз.
19. Сүйекке серпімді және иілігіштік қасиет беретін ағзалық зат?  
А) казеин; В) оссеин; С) миолин; D) миозин.
20. Қан плазмасының ең көп бөлігін не алып жатыр?  
А) су; В) тұздар; С) глюкоза; D) нәруыз.

Аралық аттестаттауды өткізу барысында тест тапсырмаларымен қатар оқу пәні бойынша жазбаша сынақ алынуы да мүмкін, бұл кезде оқу пәні бойынша сынақ сұрақтары құрастырылып білім алушыға жіберіледі. Төменде «Өзін-өзі тану» оқу пәнінен 9-шы, 10-сынып оқушыларына арналған сынақ жүргізуге арналған сұрақтар мен эссе тақырыптарының мысалдарын Астана қаласы №9 «Зерде» мектебінің тәжірибесінен ұсынып отырмыз.

«Өзін-өзі тану» оқу пәні бойынша сынақ сұрақтары

9 сынып (I-нұсқа)

1. «Өзіңді тану – өмірді тану» тақырыбына эссе жазыңыз.
2. «Салауатты өмір» жобасын жасау.
3. «Дені сау адам–табиғаттың ең қымбат жемісі» (Т. Карлейль) нақыл сөзін басшылыққа алып, денсаулық сақтаудың адам өміріндегі маңызы туралы шығарма жазыңыз.
4. «Адам көркі - еңбек» тақырыбына әңгіме құрастырыңыз.
5. «Жақсылық–жан жадыратады», Сіз өзге адамға жақсылық сыйлай (жасай) аласыз ба ? Ойыңызды жазыңыз.
6. «Мінез-адам көрсеткіші».Өзіңіздің мінезіңіз туралы ой түйіндеңіз.
7. Адалдық пен шындықтың адами қарым-қатынастағы мәні. Шығарма жазыңыз.
8. «Жан бұлағының көзін ашу» («ақиқат» құндылығы туралы) тақырыбына эссе жазыңыз.
9. «Менің Отаным-Қазақстан» тақырыбына эссе жазыңыз.
10. Адамдар арасындағы жарастықты, сыйластықты, тыныштықты сақтауға не ықпал етеді деп ойлайсыз? «Адами қарым-қатынас ізгіліктері» тақырыбына жоба жасаңыз.
11. «Махаббат – өмір өзегі» тақырыбына эссе жазыңыз.
12. «Қазақстан - 2020» тақырыбына шығарма жазыңыз.
13. Тарихта ерлігімен, еңбегімен, өнерімен даңқы шыққан әйел-қыздардан кімдерді білесіз? Оларға тән қасиеттер (слайд).
14. Жеті атаңызды білесіз бе? Өзіңіздің ата-әжелеріңіз туралы шағын әңгіме жазыңыз.
15. «Менің ойымдағы әсемдік (сұлулық)» тақырыбына эссе жазу.
16. «Ғажайып қазақ елі» моделін құрыңыз.
17. «Мақсат-жетістік желкені» тақырыбына жоба қорғау.
18. «Қоғамға қызмет ету бақыты» (дұрыс әрекет құндылығы туралы) тақырыбына эссе жазыңыз.
19. «Адам көркі - еңбек» тақырыбына өлең шығарыңыз.
20. «Мінез-адам көрсеткіші» тақырыбына сипаттама беріңіз.

Өзін-өзі тану пәні бойынша сынақ сұрақтары

10 сынып (II нұсқа)

1. «Қанағатшыл адамға» сипаттама беріңіз. «Адамды қанағат аздырмайды» деген нақыл сөздің мағынасын ашыңыз.



2. «Мен білетін ең әділ адам» тақырыбына әңгіме жазыңыз.
3. «Ащы болса да шындық қымбат!» тақырыбына әңгіме құрастырыңыз.
4. «Даналықтың шыңы-сүйіспеншілік» («сүйіспеншілік» құндылығы туралы) тақырыбына эссе жазыңыз.
5. «Қоғам мүшесі болу жастарға қандай жауапкершілік жүктейді?» тақырыбында интервью алыңыз (сыныптастарыңыздан, достарыңыздан, 15-29 жас аралығындағы жастардан).
6. «Жастық шақ - даналықты меңгеруге арналған уақыт» тақырыбына эссе жазыңыз.
7. Аға буын мен жастардың арасында келіспеушілік тудыратын жағдайлар, өзара шешімге келудің әдіс-тәсілдері (сахналық қойылым сценарийі).
8. «Қоғамға қызмет ету бақыты» («дұрыс әрекет» құндылығы туралы) тақырыбына эссе жазыңыз.
9. «Адам өміріндегі ең тамаша нәрсе-оның басқа адамдармен қарым-қатынасы» тақырыбына эссе жазыңыз.
10. «Ішкі әлеміңнен маржан тап» («ішкі тыныштық» құндылығы туралы).
11. «Сүйіспеншілік-күн көзіндей жарқырайды» тақырыбына өлең жазыңыз.
12. «Махаббатқа толы жүрек» тақырыбына эссе жазыңыз.
13. «Махаббатқа толы жүрек» тақырыбына сыныптан тыс іс-шара сценарийін жазыңыз.
14. «Қиянат жасамау-қайраттылардың қаруы» («қиянат жасамау» құндылығы туралы) тақырыбына эссе жазыңыз.
15. «Жан бұлағының көзін ашу» («ақиқат» құндылығы туралы) тақырыбына эссе жазыңыз.
16. «Жалынды жастық шақ» бейнесі.
17. «Мәлім дүниенің беймәлім қырлары» тақырыбына слайд дайындаңыз.
18. «Уақыттың бос өткені – өмірдің бос кеткені» тақырыбына эссе жазыңыз.
19. «Жұлдызым менің жоғары» тақырыбына эссе жазыңыз.
20. «Өміріңе немқұрайлы қарама!» тақырыбына шағын әңгіме құрастырыңыз.

Сынақ өтіп болғаннан кейін сынақ қорытындысы бойынша арнайы «Экстернат нысанында білім алушылардың сынақ тізімдемесі» толтырылады (12-кесте).

«№2 мектеп- гимназия» Мемлекеттік мекемесі  
экстернат нысанында білім алушылардың сынақ тізімдемесі

\_\_\_\_\_ оқу жылы \_\_\_\_\_ сынып  
\_\_\_\_\_ пәні бойынша

Сынақ қабылдаушы\_\_\_\_\_

12-кесте – Сынақ тізімдемесі

	Оқушының аты-жөні	Сынақ бағасы	Оқытушының қолы

Дереккөз: Ақтөбе облысы Білім басқармасының мәліметі

«\_\_»\_\_\_\_\_сынақ өтетін күні

Жазбаша\_\_\_\_\_басталуы\_\_\_\_\_аяқталуы

Ауызша\_\_\_\_\_басталуы\_\_\_\_\_аяқталуы

Сынақ өткізуге кеткен уақыт \_\_\_\_\_ сағ \_\_\_\_\_ мин

Сынақ қабылдаушының қолы\_\_\_\_\_

Экстернат нысанында оқытудың оқу ісінің меңгерушінің қолы\_\_\_\_\_

Экстерндерді аралық және қорытынды мемлекеттік аттестаттау емтихан комиссиясының барлық мүшелері қол қойған және орта білім беру ұйымының басшысы бекіткен «Экстернат» белгісі бар хаттамаларда көрсетіледі. Хаттамаға аралық және қорытынды мемлекеттік аттестаттаудан өту нәтижелерінің жазбаша материалдары қоса тігіледі. Хаттаманың үлгісі 1-бөлімде көрсетілген.

Оқу жылының соңында аралық аттестаттаудан өткен экстерндерге бағалар тізімдемесі мен тиісті оқу бағдарламалары бойынша оқуды экстернат нысанында аяқтағаны туралы белгісі бар қорытынды бағаларымен табель беріледі. Төменде мысал ретінде Астана қаласының №9 мектебі экстерн нысанында білім алушысының жалпы орта мектеп курсы бойынша аралық аттестаттаудан алған бағалар тізімдемесі ұсынылып отыр (13-кесте).

Астана қаласы әкімдігінің Дарынды балаларға арналған  
№9 «Зерде» мектебі

Астана қаласы, Сарыарқа көшесі, 20

8/7172/50-18-03

eksternat@inbox.ru

«17» ақпан 2017 ж.

№96

Экстерн нысанында білім алушысының  
жалпы орта мектеп курсы бойынша аралық аттестаттау  
БАҒАЛАР ТІЗІМДЕМЕСІ

Смағұлов Тимур Болатұлы  
(01.09.2016 - 11.06.2017 ж. аралығында)

13-кесте – Аралық аттесттатудың бағалар тізімдемесі

Пән атауы		Сынып
		11
		Қорытынды баға
1	Қазақ тілі	5
2	Қазақ әдебиеті	4
3	Орыс тілі	5
4	Орыс әдебиеті	5
5	Шет тілі /ағылшын тілі/	4
6	Алгебра және анализ бастамасы	5
7	Геометрия	4
8	Қазақстан тарихы	5
9	Дүниежүзі тарихы	4
10	География	4
11	Физика	5
12	Химия	5
13	Биология	5
14	Адам. Қоғам. Құқық.	5
15	Құқық негіздері	4
16	Информатика	5
17	Дене шынықтыру	оқылған жоқ
18	Өзін-өзі тану	сынақ
19	Бастапқы әскери дайындық	оқылған жоқ
20	Технология	оқылған жоқ
21	Сызу	оқылған жоқ
22	Қолоданбалы курстар	оқылған жоқ

Директор  
Директордың экстернат  
бойынша орынбасары  
Сынып жетекшісі

Жанибекова А.  
  
Симакина Г.Н.  
Жумабекова А.

8-суретте мысал ретінде қорытынды бағалары мен келесі сыныпқа көшкені туралы жазбасы бар табель келтірілген.

Оқу жылының кезеңдері	Пән атаулары / Названия предметов																								Таңдау бойынша пәндер Предметы по выбору		Тәртібі / Поведение	Ынтығасы / Прилежание	Ата-ананың қолы Подпись родителей	Сынып жетекшісінің қолы Подпись классного руководителя			
	Қазақ тілі / Казахский язык	Қазақ әдебиеті / Казахская литература	Орыс тілі / Русский язык	Орыс әдебиеті / Русская литература	Шетел тілі / Иностранный язык	Математика	Алгебра	Геометрия	Информатика	Жаратылыстану / Естествознание	География	Биология	Физика	Химия	Қазақстан тарихы / История Казахстана	Дүние жүзі тарихы / Всемирная история	Адам, Қоғам, Құқық / Человек, Общество, Право	Өзін-өзі тану / Самопознание	Музыка	Бейнелеу өнері / Изобразительное искусство	Технология	Сызу / Черчение	Дене шынықтыру / Физич. культура	Алғашқы әскери дайындық / Нач. военная подготовка									
1 тоқсан четверть	4			5		4	3	5		5	4	4	3	4								5											
2 тоқсан четверть	4	4	4	4	5		4	4	5		4	4	4	4	4	4	5	сың		5		5	5										
жарты жылдық полугодие																																	
3 тоқсан четверть	4			5		4	4	5		5	4	5	4	5								5											
4 тоқсан четверть	4	4	4	5	5		4	4	4		4	4	4	4	5	4	5	сың		5		5	5										
жарты жылдық полугодие																																	
Жылдық бағасы Годовая оценка	4	4	4	5	5		4	4	5		4	4	4	4	5	4	5	сың		5		5	5										
Емтихан бағасы Экспертная оценка						4									4																		
Қорытынды баға Итоговая оценка															4																		
Оқу жылы қорытындысы бойынша педагогикалық кеңестің қаулысы 30.05.2016 ж. №6 пер. кеңестің қаулымен бекітіледі																																	
Педсоветтің педагогикалық кеңестің қаулысы 11 шілде 2016 ж.																																	
Мектеп директоры		Директор школы										Сынып жетекшісі										Классный руководитель											
Мектеп директоры		Директор школы										Сынып жетекшісі										Классный руководитель											
Мектеп директоры		Директор школы										Сынып жетекшісі										Классный руководитель											
Мектеп директоры		Директор школы										Сынып жетекшісі										Классный руководитель											

Дереккөз: Астана қ. Білім басқармасының мәліметтері

## 8-сурет. Қорытынды бағалары мен келесі сыныпқа көшкені туралы жазбасы бар табель

Емтихандық жұмыстар бес балдық жүйеде бағаланады.

Аралық аттестаттауды өткізу мерзімін екстерн-оқушы контингентіде бекітілген білім беру мекемесі анықтайды.

### Қорытынды аттестаттау аясындағы бағалау

Білім алушыларды қорытынды аттестаттау – тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында көзделген оқу пәндерінің көлемін олардың меңгеру дәрежесін айқындау мақсатында жүргізілетін рәсім [4].

Экстерн-оқушылардың ата-аналарына қорытынды аттестаттауды өткізу ережелері туралы хабарлама немесе ескертулері бар ақпараттық хат жіберіледі. Ақпараттық хаттың мысалын ұсынып отырмыз.

Ақпараттық хат 11.04.2017 ж.

Экстернаттық формада оқитын жалпы білім беретін мектеп бітірушілеріне және олардың ата-аналарына

1. 11-сыныптың білім алушылары үшін қорытынды аттестаттау келесі формаларда өткізіледі (ҚР БҒМ 2017 жылғы 24 наурыздағы №128 бұйрығы негізінде):

1) ана тілі және әдебиетінен (оқыту тілі) эссе нысанында жазбаша емтихан – 2017 жылғы 29 мамыр;

2) таңдау бойынша пәннен (физика, химия, биология, география, геометрия, дүниежүзі тарихы, әдебиет, шетел тілі (ағылшын, француз, неміс), информатика) тестілеу – 2017 жылғы 2 маусым;

3) орыс тілінде оқытатын мектептерде қазақ тілінен және қазақ тілінде оқытатын мектептерде орыс тілінен тестілеу – 2017 жылғы 2 маусым;

4) алгебра және анализ бастамалары пәнінен жазбаша емтихан – 2017 жылғы 7 маусым;

5) Қазақстан тарихынан ауызша емтихан - 2017 жылғы 9 маусым.

2. Қорытынды аттестаттауды (мемлекеттік емтихандарды) өту үшін білім алушылар 2017 жылдың 20 мамырынан кешікпей «Зерде» мектебіне келулері тиіс.

3. Сабақ маусым айына дейін созылатын шетелдердің оқу ұйымдарында оқитын білім алушылар (олардың ата-аналары), 2017 жылдың 01 мамырынан кешіктірмей келесі құжаттарды ұсынулары тиіс:

1) Ата-аналардың (немесе білім алушының заңды өкілінің) қорытынды (мемлекеттік) аттестаттау уақытын шілде айына ауыстыру туралы өтініші (мектеп бітірушінің Астана қаласына келу мерзімдерін көрсету қажет);

2) қорытынды аттестаттау уақытын өзгерту себебін дәлелдейтін құжаттарды ұсыну (оқу ұйымдарында оқу жылының аяқталуы немесе басқа себептер туралы анықтама).

Экстернат бойынша директордың орынбасары

Г.Н.Симакина

*Орындаушы. Жанибекова А.Ж.*

*50-18-03*

Экстернат нысанында білім алушыларды аралық және қорытынды аттестаттау бекітілген қағидаларының 16-тармағында: «Қорытынды мемлекеттік аттестаттаудан өткен экстерндерге «Мемлекеттік үлгідегі білім беру туралы құжаттардың түрлері мен нысандарын және оларды беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы № 39 бұйрығына сәйкес білім деңгейі (сатысы) туралы мемлекеттік үлгідегі құжат беріледі» деп айтылған.

Экстерндердің мемлекеттік қорытынды аттесттауы ҚР МБҒ Ү. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы әзірлеген «Мектеп бітірушілердің қорытынды аттестаттауын ұйымдастыру және дайындау бойынша әдістемелік ұсынымдама» басшылыққа алып жүргізіледі [30].

## **Мектеп бітірушілерді қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру**

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында анықталғандай, қолданыстағы ҰБТ форматын жетілдіру мақсатында ҰБТ рәсімін мектептегі қорытынды аттестаттау және жоғары оқу орындарына түсу емтиханына бөлу, сонымен қатар, әрі қарай оқу қабілетін, логикалық ойлау деңгейін, ағылшын тілін меңгеруін, базалық біліктілігін (функционалдық сауаттылық) анықтауға бағытталған тестілеудің қолдану шеңберін кеңейту қарастырылады.

Сол себепті, 2016-2017 оқу жылынан мектепті бітірушілер үшін жоғары оқу орындарына түсу емтиханы болып табылатын Ұлттық бірыңғай тестілеудің (бұдан әрі – ҰБТ) жаңа форматы енгізілді.

Қорытынды аттестаттау – жалпы орта білім беру ұйымдарында өткізілетін 11 (12) - сынып білім алушыларына арналған мемлекеттік бітіру емтиханы.

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңы бойынша білім алушыларды қорытынды аттестаттау - білім алушылардың тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында қарастырылған оқу пәндерінің көлемін меңгеру дәрежесін анықтау мақсатында жүргізілетін рәсім деп көрсетілген.

Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгерімін ағымдық бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды жүргізудің Типтік ережесіне сәйкес (16.11.2016 ж.) жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын меңгерген 11(12) - сыныптың білім алушылары қорытынды аттестаттау барысында бес емтихан, оның ішінде біреуін таңдау бойынша тапсырады.

11 (12) сынып білім алушыларын қорытынды аттестаттау мынадай нысандарда өткізіледі:

1) ана тілі және әдебиетінен (оқыту тілі) эссе нысанында жазбаша емтихан;

2) алгебра және анализ бастамалары бойынша жазбаша емтихан;

3) Қазақстан тарихы бойынша ауызша емтихан;

4) орыс, өзбек, ұйғыр және тәжік тілдерінде оқытатын мектептерде қазақ тілінен және қазақ тілінде оқытатын мектептерде орыс тілінен тестілеу;

5) таңдау бойынша пәннен (физика, химия, биология, география, геометрия, дүниежүзі тарихы, әдебиет, шетел тілі (ағылшын, француз, неміс), информатика) тестілеу.

### **Емтихандарды өткізу формалары**

*Ана тілі мен әдебиеті* (оқыту тілі) бойынша жазбаша емтихан эссе түрінде өткізіледі, оған 3 астрономиялық сағат бөлінеді.

Мектеп бітірушілерге таңдау үшін 10 тақырып беріледі; эссе тақырыптары берілген конверттер емтихан басталғанға дейін 15 минут бұрын ашылады; эссе көлемі – 250-300 сөз. Эссе тақырыптарын ҚР Білім және ғылым министрлігі анықтайды. Эссе тақырыптары 10 наурызға дейінгі мерзімде ашық

баспасөзде жарияланады. Ұсынылған 100 тақырыпқа емтиханда берілетін тақырыптар да енгізілетін болады.

Эссе – ол тақырыпты түпкілікті және толық қамтуға есептелмеген нақты мәселе бойынша жеке көзқарасты білдіретін шағын көлемдегі, еркін композициялық прозалық шығарма. Эсседе ауқымды мәселелердің талдауы болмайды. Ол бір мәселе бойынша жаңа, субъективтік көзқарас болып табылады, ондай шығарма философиялық, тарихи-биографиялық, публицистикалық, әдеби-сыни, ғылыми-көпшілік немесе беллетристикалық сипатта болуы мүмкін. Эссенің мақсаты – өзіндік шығармашылық ойлау және сол ойды жазбаша бере білу дағдыларын дамыту. Эссе мазмұнында ең алдымен ойды нақты және сауатты тұжырымдау, ақпаратты жүйелеу, негізгі түсініктерді қолдану, себеп-салдар байланысын және тәжірибені нақты мысалдармен көрсете білу, ойларын қорытындылай білу бағаланады.

Эссе құрылымы оған қойылатын мынадай талаптармен анықталады:

- эссе авторының ойлары проблема бойынша қысқа тезистер ретінде беріледі;

- ойлар дәлелді болуы тиіс, сондықтан тезистерден кейін дәйектер жазылады.

Дәйектер – қоғамдық өмірден, алынған фактілер, оқиғалар, өмірлік жағдайлар мен өмірлік тәжірибелер, ғылыми дәлелдер, ғалымдардың пікірлеріне жүгіну және т.б. Әрбір тезиске екі дәйек келтіріледі, себебі бір дәйек келтіру көп жағдайларда жеткіліксіз, үш дәйек ықшамдыққа және көркемдікке бағытталған жанрда жазылған шығарманы «ауырлатуы» мүмкін.

Сонымен, эссенің құрылымы (тезистер мен дәйектердің саны тақырыпқа, құрылған жоспарға, ойды дамыту логикасына байланысты болады):

- кіріспе;
- тезис, дәйектер;
- тезис, дәйектер;
- қорытынды.

Кіріспе және қорытынды бөлімдерде қарастырылып отырған проблемаға назар аударуы қажет (кіріспеде мәселе қойылады, қорытындыда автордың ойы нақтыланады). Эссе тіліне эмоционалдық, экспрессивтік, көркемдік тән екенін оқушылардың түсінулеруі аса маңызды. Сонымен қатар, эсседе сленгті, шаблонды фразаларды, сөздерді қысқартудан аулақ болу қажет. Эссені жазуда қолданылатын тіл жеңіл қабылданатындай болуы тиіс.

Эссені жазудың формальді ережесіне сәйкес атауының болуымен ерекшеленеді. Эссенің ішкі құрылымы еркін болуы мүмкін. Бұл жазба жұмысының шағын түрі болғандықтан, соңында қорытындылауды міндетті түрде қайталау талап етілмейді, олар негізгі мәтіннің немесе атауының ішіне енгізілуі мүмкін. Дәйектеме мәселені тұжырымдаудың алдында болуы мүмкін. Мәселені тұжырымдау соңғы қорытындымен сәйкес келуі мүмкін.

Эссе жазу барысында мынадай типтік қателіктер жиі кездеседі:

- ұзақ кіріспе;
- детальдар санының жетіспеушілігі;

- мысалдары суреттелмей берілген пайымдаулар;
- көпсөзділік, себебі, эссе көлемі нақты мөлшермен шектелген;
- автордың шынайы ойын көрсете алмайын ұзын сөйлемдердің болуы, қайта керісінше қысқа сөйлемдер үлкен әсер қалдырады. Эсседе ұзын сөйлемдер мен қысқа сөйлемдер ауысып отырса, ол өте тиімді болады;
- ғылыми терминдерді қолдану, энциклопедиялық сөздерді келтіру эссені түсінуді ауырлатады және оқушының назарын басқа жаққа аударады, эссенің мәні төмендейді.

«Алгебра мен анализ бастамалары» пәні бойынша жазбаша емтихан қоғамдық-гуманитарлық бағытында бес тапсырмадан, жаратылыстану-математика бағытында және математика тереңдетіліп оқытылатын мектептерде (сыныптарда) алты тапсырмадан тұрады.

Тапсырмалар теориялық материалды және есеп шығару әдістерін меңгеру деңгейін, есептерді шығара білу мүмкіндігін, функционалдық сауаттылығын анықтауға бағытталады. Емтиханға 5 астрономиялық сағат бөлінеді.

11(12) сыныптардағы эссе екі бағамен бағаланады, алгебра мен анализ бастамалары бойынша жазбаша емтихан бір бағамен бағаланады.

Қазақстан тарихынан ауызша емтихан билеттер бойынша жүргізіледі. Құрастырылатын билеттердің саны – 30; әр билетте 3 сұрақ болады, оның екі сұрағы– ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі Қазақстан тарихы курсының негізгі бөлімдері мен тақырыптарының теориялық материалдары бойынша, үшінші сұрақ – практикалық түрде беріледі (тарихи карталар, терминология бойынша жұмыс, тарихи тұлғаны сипаттау).

Ауызша емтиханда білім алушы дайындалу үшін кем дегенде 20 минут уақыт беріледі. Егер білім алушы билет бойынша жауап бермесе, комиссия оған екінші билет алуға мүмкіндік береді (бұл жағдайда жауап бір баллға кемиді).

Оқыту қазақ тілді емес мектептерде *қазақ тілі* бойынша тестілеуге немесе оқыту орыс тілді емес мектептерде *орыс тілі* бойынша тестілеуге 80 минут уақыт беріледі. Тест үш блокқа бөлінген 40 сұрақтан тұрады:

- лексико-грамматикалық блок – бір дұрыс жауабы берілген 20 тест тапсырмадан тұрады;

- «Тыңдалым» блогі – 200-250 сөзден тұратын 2 мәтін, бір дұрыс жауабы бар 10 тест тапсырмасынан тұрады;

- «Оқылым» блогі – 200-250 сөздерден тұратын 2 мәтін, бір дұрыс жауабы бар 10 тест тапсырмасынан тұрады

Мектеп бітіруші ең жоғары 60 балды алуы мүмкін: Бір дұрыс жауабы бар 20 тест тапсырмасы үшін 20 балл, екі және одан да көп жауаптары бар 20 тапсырма ең көп дегенде 40 балмен бағаланады..

Таңдау пәні бойынша тестілеу. Бітірушінің таңдауына келесідей пәндер ұсынылады: Физика, Химия, Биология, География, Геометрия, Дүниежүзі тарихы, Әдебиет, Шет тілі (ағылшын, француз, неміс), Информатика.

Таңдау пәндері бойынша тестілеу («Шет тілі» және «Информатика» пәндерінен басқа) 40 тест тапсырмасынан тұрады, олар ең көп дегенде 60 балмен бағаланады, оның ішінде 20 тест тапсырмасы бір дұрыс жауаппен



берілген (бұл 20 балды құрайды) және жоғары 40 балмен бағаланатын 20 тапсырма екі және одан көп дұрыс жауаптарымен беріледі.

Әр таңдау пәндері бойынша тестілеуге 80 минут уақыт бөлінеді.

Шет тілі үш блоктан тұрады: лексико-грамматикалық (20 сұрақ бір дұрыс жауабы бар), «Тыңдалым» блогі (әрқайсысы 200-250 сөзден тұратын бір мәтін негізіндегі 10 сұрақ), «Оқылым» блогі (әрқайсысы 200-250 сөзден тұратын 2 мәтін, 200-250 сөз, мәтін бойынша 5 тест тапсырмасы). Шет тілі бойынша тестілеуге 80 минут уақыт беріледі.

«Информатика» пәні бойынша емтихан тестілеуден және практикалық тапсырмалардан тұрады. Бұл пән мынадай принциппен тапсырылатын болады:

- 1) бір дұрыс жауабы бар 20 тест тапсырмасы;
- 2) 7 практикалық тапсырма.

Информатика бойынша тапсырмаларды орындауға 80 минут уақыт бөлінеді.

Тестілеу оқу пәндері шеңберінде мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес «Ұлттық тестілеу орталығы» Республикалық мемлекеттік қазыналық мекемесі әзірленген (бұдан әрі – ҰТО) тест тапсырмалары бойынша жүргізіледі. ҰТО тапсырмалар базасын жасайды, білім беру органдарына тестілеу материалдарын жеткізеді.

Білім алушы емтиханға қойылған бағамен келіспеген жағдайда, емтихан бағасы жарияланғаннан кейінгі келесі күні 13 сағат 00 минутқа дейін аудандық, қалалық білім бөлімдерінің, білім басқармаларының жанынан құрылған Комиссияға (бұдан әрі – Комиссия) шағымданады.

Типтік ережеде көрсетілгендей мынадай жағдайларда білім алушылар қорытынды аттестаттаудан босатылады: денсаулық жағдайына байланысты; I-II топтағы мүгедектер, бала кезінен мүгедектер, мүгедек балалар; жазғы оқу-жаттығу жиындарына қатысушылар, халықаралық олимпиадаларға (жарысқа) қатысу үшін Қазақстан Республикасының құрама командасына үміткерлер.

11 (12) - сыныптардың бітірушілерін мерзімінен бұрын қорытынды аттестаттауға білім алушылар шетелге оқуға түсу үшін кеткенде немесе тұрғылықты орнын шетелге ауыстырған жағдайда жіберіледі және ол оқу жылының аяқталуына дейін 2 ай бұрын қорытынды емтихандар немесе мемлекеттік бітіру емтихандары нысанында өткізіледі.

Білім алушылардың халықаралық алмасу желісі бойынша шетелге оқуға баратын және сол жақта білім беру мекемелерін аяқтайтын 11 (12) сыныпты бітірушілер Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында 11 (12) сынып үшін қорытынды аттестаттаудан өтуі қажет. Шетелде оқыған пәндерден алған бағаларын, білім беру ұйымдарында алдыңғы сыныптарда алған жылдық және қорытынды бағаларын есепке ала отырып, қорытынды аттестаттаудан өткеннен кейін оларға жалпы орта білім туралы аттестат беріледі.

Білім алушылардың халықаралық алмасу бағдарламасының толық оқу курсы оқыған кезеңде білім алушылардың халықаралық алмасу желісімен

кеткенге дейін оқыған жалпы білім беретін мектебіндегі контингенттің есебінде болады.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған арнайы түзеу мекемелерінде және жалпы білім беретін мектептердегі арнайы сыныптардың білім алушылары үшін қорытынды аттестаттау өткізу қажеттілігі туралы мәселені білім алушылардың медициналық диагнозына сәйкес аудандық, қалалық білім бөлімдері немесе білім басқармасы шешеді.

Арнайы түзеу мекемелері үшін қорытынды аттестаттаудың емтихандық материалдары білім басқармаларымен әзірленеді.

Қорытынды аттестаттаудан ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға мектептің ұсынымдамасына сәйкес, білім алушыларды қорытынды аттестаттау жөніндегі Комиссияның шешіміне сәйкес емтихан тапсыру үшін қосымша уақыт ұсынылады.

«Алтын белгі» алуға талапкерлер өз мектептерінде қорытынды аттестаттау емтихандарын тапсырады. Жақсы мінез-құлық танытқан және 5-11 (12) сыныптар аралығында барлық пәндерден жылдық және қорытынды бағалары «5» болған және жалпы орта білімі бойынша қорытынды аттестаттаудан «5» деген бағаға өткен 11 (12) сынып бітірушілеріне № 39 бұйрықпен бекітілген нысанға сәйкес жалпы орта білім туралы «Алтын белгі» аттестаты және «Алтын белгі» белгісі беріледі.

2017 жылғы 30 наурызға дейін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «2016-2017 оқу жылын аяқтау туралы» бұйрығына сәйкес қорытынды аттестаттау мерзімі белгіленетін болады.

Қорытынды аттестаттаудың барлық материалдары Ұлттық тестілеу орталығында жасалады және білім басқармаларына, одан әрі білім басқармаларымен мектептерге жеткізетін болады.

Жазбаша және ауызша емтихандарды бағалау, сонымен қатар тестілеудің жауап парақтарын мектептерде пән бойынша Комиссия тексеретін болады. Ол үшін оларға дұрыс жауаптардың коды беріледі. Қорытынды аттестаттаудың материалдары (жауап парақтары, сұрақ кітапшалары және т.б.) мектептерде үш оқу жылы бойы сақталатын болады [30].

### **Мектеп бітірушілерді қорытынды аттестаттау мазмұнына қойылатын талаптар, бағалау өлшемдері**

«Ана тілі мен әдебиеті» (оқыту тілі), «Алгебра және анализ бастамалары» және «Қазақстан тарихы» пәндері бойынша мемлекеттік бітіру емтихандарына емтихан материалдары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ұлттық тестілеу орталығымен әзірленеді.

**Ана тілі мен әдебиетінен (оқыту тілі) мемлекеттік емтихан** белгілі құрылымға сәйкес топтастырылған әртүрлі мәселелерді құрайтын он тақырыптан тұратын эссе түрінде беріледі: бесеуі – әдеби тақырып, бесеуі – еркін тақырып болып табылады.

Эссенің әдеби тақырыбы таңдалған жағдайда авторлық ұстанымға сүйенуге және өзіндік көзқарасты тұжырымдау ұсынылады. Тезистерін әдеби туындыларға сүйене отырып, дәйектеу қажет.

Эссенің еркін тақырыбын таңдаған жағдайда өз ұстанымын көркем туындылардың мазмұнына да, сондай-ақ өз өмірлік тәжірибеге де (жеке әсерлерге, жеке ойларға, білімдерге және т.б.) сүйенумен дәйектеуге болады.

Сондай-ақ, білім алушылар үшін қысқаша нұсқаулар қоса тіркеледі.

*Емтихан жұмысының құрылымы және мазмұны.*

Әдеби тақырып «Әдебиет» курсының шеңберінде оқытылған көркем туындыларды талдаумен байланысты. Олар емтихан материалында екі әдеби дәуірлердің: XIX ғ. және XX ғ. әдебиеті туындылары болатындай таңдалған. Сонымен бірге көркем туындылардың әдеби түрлері және жанрлары алуан түрлі келтірілген.

Мектеп бітіруші поэзиямен байланысты эссе тақырыптарын кем дегенде екі өлеңнен мысал келтіре отырып ашуы тиіс. Кіші эпикалық нысанды туындылармен байланысты эссе тақырыптары бір-екі туындының мысалында ашылады (олардың саны бітірушінің өзінің қалауына қарай ұлғайтылуы мүмкін).

Ұсынылған эссе тақырыптарының тек біреуін таңдау қажет, содан кейін 250-300 сөз көлемінде таңдап алған тақырыпқа эссе жазу керек. Эссенің композициясын мұқият ойластыру қажет.

Эссені анық және түсінікті етіп, сөйлеу тілі нормаларын сақтай отырып жазу қажет.

Емтиханға қатысушыларға орфографиялық және түсіндірме сөздіктерді, афоризмдер жинағын қолдануға рұқсат етіледі [7].

*Емтихан жұмысының ұзақтығы.*

Ана тілі мен әдебиетінен емтихан жұмысын орындауға 3 астрономиялық сағат беріледі. Оқу пәндері бойынша емтихан жұмысын орындаудың ұзақтығына дайындау шараларына бөлінген уақыт енбейді (оқушыларға нұсқау беру, емтихан материалдарын тарату, емтихан жұмыстарын толтыру).

*Орыс тілінен емтихан нәтижелерін бағалау (жазбаша нысан).*

Емтихан жұмысын бағалау үшін тапсырмалардың белгілі бір типіне сәйкес келетін бағалау өлшемдерінің кешені пайдаланылады: әдебиет тақырыбына эссе жазу, еркін тақырыпқа эссе жазу.

Эссені тексерген кезде мынадай дағдылардың қалыптасу деңгейі бағаланады:

- мәтінді ұсынылған тақырыпқа сәйкес жазу;
- эссенің тезистік-дәлелді бөлігін өзіндік пікірін келтіре отырып, ойын логикалық баяндауы;
- дәйектелген пікірді келтіре отырып, сенімді дәйектерді таңдау; қойылған мәселелерге автордың қатысын анықтау, өз ұстанымын басқа көзқараспен салыстыру;
- эссенің түріне, жанрына және тақырыбына сәйкес тілдік құралдарды

таңдауды жүзеге асыру; мәтінді әдеби тіл нормаларына сәйкес ресімдеу.

Оқыту тілінен емтихан жұмыстарын бағалауға келесі талаптар ұсынылады:

- емтихан жұмысы аталған өлшемдер бойынша бастапқы балдарды қосу және оларды бағалаудың бес балдық жүйесіне ауыстыру жолымен бағаланады;
- әдеби тақырыпқа және еркін тақырыпқа жазылған эссе төменде келтірілген кестеде көрсетілген өлшемдер бойынша бағаланады.

Емтихан жұмысының нәтижесін шығаратын балдар төмендегі ережелерге негізделіп анықталады:

- егер екі емтихан алушының қойған балдары сәйкес келсе, онда бұл балдар қорытынды балл болып табылады;
- егер екі емтихан алушының қойған балдарында болмашы айырмашылық анықталса, онда қорытынды балл сандары дөңгелектеу ережелеріне сәйкес дөңгелектеумен екі емтихан алушының орташа арифметикалық балдары ретінде анықталады;
- егер екі емтихан алушы қойған балдарда маңызды айырмашылық анықталса, онда қосымша (үшінші) тексеру тағайындалады.

Екі емтихан алушы қойған балдардағы маңызды айырмашылық – 8 және одан көп балдардағы айырмашылық болып табылады.

Эссе мазмұны төмендегі кестеде көрсетілген өлшемдер бойынша бағаланады.

Эссе бағаланатын өлшемдердің арасында бірінші өлшем (эссе тақырыбын ашу тереңдігі және пікірлердің сенімділігі) негізгі болып табылады. Егер бірінші өлшем бойынша эссе 0 ұпайға бағаланса, онда тапсырма орындалмаған болып саналады және басқа өлшемдер бойынша бағаланбайды (13, 14. 15-кестелер).

13-кесте – Әдеби тақырыпқа жазылған эссенің мазмұнын бағалау өлшемдері

Бағалау өлшемдері	балдары
Эссе тақырыбын ашу тереңдігі және пікірлердің сенімділігі	
Емтихан тапсырушы эссе тақырыбын ашады, өз көзқарасын тұжырымдайды, өз тезистерін сенімді дәлелдейді	4
Емтихан тапсырушы эссе тақырыбын ашады, өз көзқарасын тұжырымдайды, бірақ тезистер жеткіліксіз сенімді негіздемейді	2
Емтихан тапсырушы эссе тақырыбын үстірт ашады және/немесе өз тезистерін негіздемейді	1
Емтихан тапсырушы эссе тақырыбын ашпайды	0
Емтихан тапсырушының эссе тақырыбы бойынша өз пікірін дәйектеуі	

Емтихан тапсырушы эссе тақырыбына сәйкес келетін мәселе бойынша өз пікірін білдірді және осы пікірді растау үшін кем дегенде екі дәйек келтірді	3
Емтихан тапсырушы эссе тақырыбына сәйкес келетін мәселе бойынша өз пікірін білдірді және осы пікірді растау үшін тек бір ғана дәйек келтіреді	2
Емтихан тапсырушы эссе тақырыбына сәйкес келетін мәселе бойынша өз пікірін білдірді, бірақ дәйектер келтірген жоқ, немесе емтихан тапсырушының пікірі жұмыста көрсетілген жоқ, немесе емтихан тапсырушы өз пікірін эссе тақырыбына сәйкес келмейтін мәселе бойынша білгірлі	1
Эссенің композициялық тұтастығы және логикалық жүйелілігі	
Эссе композициялық тұтастығымен сипатталады, пікірлердің бөліктері логикалық байланысты, ой біртіндеп дамиды, дәлелденбеген қайталаулар және логикалық жүйеліліктің бұзылулары жоқ	3
Эссенің бөліктері бір - бірімен логикалық байланысты, бірақ композициялық тұтастықтың бұзылуы орын алған: ой қайталанатын, және/немесе баяндау жүйелілігі бұзылған (оның ішінде пікірдің ішкі ой бөліктерінде), және/немесе эссе тақырыбынан ауытқу бар	1
Эсседе композициялық ой бақыланбайды, және/немесе баяндау жүйелілігінде өрескел қателер жіберілген, және/немесе эссенің бөліктерінің арасында және бөліктерінің ішінде байланыс жоқ	0
Әдеби тақырыпқа жазылған эссе үшін балдардың ең жоғары саны	10

14-кесте – Еркін тақырыпқа жазылған эссенің мазмұнын бағалау өлшемдері

Бағалау өлшемдері	Балдары
Эссе тақырыбын ашу тереңдігі және пікірлердің сенімділігі	
Емтихан тапсырушы эссе тақырыбын ашады, өз көзқарасын тұжырымдайды, өз тезистерін сенімді дәлелдейді, шығарма мәтінінен мысалдар келтіреді	3
Емтихан тапсырушы эссе тақырыбын ашады, бірақ тезистер жеткіліксіз сенімді негіздемейді, шығарма мәтінінен ұсынылған тезиспен тікелей байланысты емес мысалдар келтіреді	2
Емтихан тапсырушы эссе тақырыбын ашпайды, шығарма мәтінінен мысалдар келтірілмеген, өзіндік пікірі мәтінде негізделмеген	0
Емтихан тапсырушының эссе тақырыбы бойынша өз пікірін дәйектеуі	
Емтихан тапсырушы эссе тақырыбына сәйкес келетін мәселе бойынша өз пікірін білдірді және осы пікірді растау үшін кем дегенде екі дәйек келтірді	3

Емтихан тапсырушы эссе тақырыбына сәйкес келетін мәселе бойынша өз пікірін білдірді және осы пікірді растау үшін тек бір ғана дәйек келтіреді	2
Емтихан тапсырушы эссе тақырыбына сәйкес келетін мәселе бойынша өз пікірін білдірді, бірақ дәйектер келтірген жоқ, немесе емтихан тапсырушының пікірі жұмыста көрсетілген жоқ, немесе емтихан тапсырушы өз пікірін эссе тақырыбына сәйкес келмейтін мәселе бойынша білдірді	1
Эссенің композициялық тұтастығы және логикалық берілуі.	
Эссе композициялық тұтастығымен сипатталады, пікірлердің бөліктері логикалық байланысты, ой біртіндеп дамиды, дәлелденбеген қайталаулар мен логикалық жүйелілігінің бұзылулары жоқ	3
Эссенің бөліктері бір-бірімен логикалық байланысты, бірақ композициялық тұтастықтың бұзылуы орын алған: ой қайталанады, және/немесе баяндау жүйелілігі бұзылған (оның ішінде пікірдің ішкі ой бөліктерінің), және/немесе эссе тақырыбынан ауытқуы бар	1
Эсседе композициялық түпкі ой бақыланбайды, және/немесе жүйелі баяндауда өрескел қателіктер жіберілген, және/немесе эссенің бөліктері және ішкі бөліктердің ішінде байланыс жоқ	0
Еркін тақырыпқа жазылған эссе үшін қойылатын ұпайлардың өлшемдер бойынша ең жоғары саны	9

Әдеби тақырып және еркін тақырып бойынша сауаттылығы және сөзінің нақты дәлдігі төмендегі кестеде көрсетілген өлшемдермен бағаланады

#### 15-кесте – Сауаттылығы және сөзінің нақты дәлдігін бағалау өлшемдері

Емтихан тапсырушының сауаттылығын және сөздерінің нақты дәлдігін бағалау өлшемдері	Балдары
<b>Орфографиялық нормаларды сақтау</b>	
Орфографиялық қателер жоқ, немесе бір қате ғана жіберілді	2
Екі-үш қате жіберілді	1
Төрт (ҚГБ)/ бес (ЖМБ) және одан көп қате жіберілді	0
<b>Пунктуациялық нормаларды сақтау</b>	
Пунктуациялық қателер жоқ, немесе екі қате ғана жіберілді	2
Үш-төрт қате жіберілді	1
Бес және одан көп қате жіберілді	0
<b>Грамматикалық нормаларды сақтау</b>	
Грамматикалық қателер жоқ немесе бір қате жіберілді	2
Екі қате жіберілді	1
Үш және одан көп қате жіберілді	0
<b>Сөйлеу нормаларын сақтау</b>	
Сөйлеу қателері жоқ немесе екі қате ғана жіберілді	2

Үш-төрт қате жіберілді	1
Бес және одан көп қате жіберілді	0
Өлшемдер бойынша эссе балдарының ең жоғары саны	8

Төменде бес балдық жүйе бойынша эссені бағалаудың қайта санау шкаласы келтірілген (16, 17-кестелер).

Әдеби тақырыптағы эссені бес балдық жүйе бойынша бағалау шкаласы

16-кесте – Әдеби эссені

Бағалудың бес балдық жүйесі бойынша баға	«2»	«3»	«4»	«5»
Мазмұны	0–3	4–6	7–8	9–10
Сауаттылығы	0-2	3-4	5-6	7-8

Еркін тақырыптағы эссені бес балдық жүйе бойынша бағалау шкаласы

17-кесте – Еркін эссені бағалау шкаласы

Бағалудың бес балдық жүйесі бойынша баға	«2»	«3»	«4»	«5»
Мазмұны	0–3	4–5	6–7	8–9
Сауаттылығы	0-2	3-4	5-6	7-8

Ана тілінен емтихан материалдарының үлгілері ұсынылады (жазбаша нысан):

1. Бай-сұлтандардың образдары М.Әуезовтің «Абай жолы» романының атауымен қандай өзара қатынаста болады?
2. Мағжан Жұмабаев өлеңдеріндегі махаббат лирикасы.
3. Мен қазақ қыздарына қайран қалам (Ғ. Мүсіреповтің «Ұлпан» романы бойынша)
4. Туыстарға көңіл бөлу маңыздылығы жөнінде толғану.
5. Өзіндік дарынға қалай қарау қажет?

### **«Алгебра және анализ бастамалары» пәні**

Кез келген жазбаша емтиханды өткізу барысында басты назар оқыту бағытына, емтихан тапсырмаларының мазмұнына, жазбаша жұмысты рәсімдеуге және бағалауға аударылуы керек.

Алгебра және анализ бастамалары бойынша емтихан тапсырмаларының мазмұны туралы

I. Жалпы білім беретін мектептердің 10-11-сыныптарында оқыту бағыттар бойынша жүргізіледі, сонымен қатар жекелеген мектептерде (сыныптарда) математика пәні тереңдетіліп оқытылады. Сондықтан емтихан тапсырмалары оқыту бағыттарына (қоғамдық-гуманитарлық бағыт,

жаратылыстану-математика бағыты, математиканы тереңдетіп оқыту) сәйкес құрастырылуы тиіс.

II. Емтихан тапсырмаларының мазмұны оқыту бағытына сәйкес «Алгебра және анализ бастамалары» пәні оқу бағдарламасының барлық тарауларын қамтуы тиіс (18-кесте) [30].

18-кесте – «Алгебра және анализ бастамалары» пәні бойынша оқу бағдарламасының тараулары

Қоғамдық-гуманитарлық бағыт	Жаратылыстану-математика бағыты	Математиканы тереңдетіп оқыту
10-сынып		
Функция, оның қасиеттері және графигі	Функция, оның қасиеттері және графигі	Функция, оның қасиеттері және графигі
Тригонометриялық функциялар	Тригонометриялық функциялар	Тригонометриялық функциялар
Тригонометриялық теңдеулер мен теңсіздіктер	Тригонометриялық теңдеулер мен теңсіздіктер	Тригонометриялық теңдеулер мен теңсіздіктер
Туынды	Туынды	Туынды
Туындыны қолдану	Туындыны қолдану	Туындыны қолдану
11-сынып		
Алғашқы функция және интеграл	Алғашқы функция және интеграл	Алғашқы функция және интеграл
Дәреже және түбір. Дәрежелік функция	Дәреже және түбір. Дәрежелік функция	Дәреже және түбір. Дәрежелік функция
Көрсеткіштік және логарифмдік функциялар	Көрсеткіштік және логарифмдік функциялар	Көрсеткіштік және логарифмдік функциялар
Көрсеткіштік және логарифмдік теңдеулер мен теңсіздіктер	Көрсеткіштік және логарифмдік теңдеулер мен теңсіздіктер	Көрсеткіштік және логарифмдік теңдеулер мен теңсіздіктер
	Теңдеулер және теңсіздіктер, теңдеулер мен теңсіздіктер жүйелері	Теңдеулер және теңсіздіктер, теңдеулер мен теңсіздіктер жүйелері

III. Көрсетілген тарауларды ескере отырып, емтихан жұмыстарының тапсырмаларын «Есептеулер», «Өрнектерді тепе-тең түрлендіру», «Теңдеулер мен олардың жүйелері», «Теңсіздіктер мен олардың жүйелері», «Функция және оның графигі», «Мәтінді есептер» бөлімдері бойынша құрастыру ұсынылады. Мәтіндік есептерде жазық фигураның ауданы және дене көлемін табу, ең үлкен



немесе ең кіші мәнді табу есептерін және т.б. құрайды. Барлық тапсырмалар А, В, С, деңгейлеріне бөлінеді:

- А деңгейінің тапсырмаларын орындау үшін оқушыларда күрделі емес есептеулер мен түрлендірулерді, теңдеулер мен теңсіздіктерді шешудің стандарт тәсілдерін меңгеру бойынша базалық білімдері мен дағдылары болуы тиіс;

- В деңгейі – күрделілігі орташа деңгейдегі тапсырмалар;

- С деңгейі тапсырмаларын орындау үшін оқушыларда оқу бағдарламасымен бекітілген көлемде терең теориялық білімі болуы тиіс.

Оқыту бағытын ескере отырып, бақылау жұмысындағы емтихан тапсырмаларын келесідей бөлуді ұсынамыз:

1) қоғамдық-гуманитарлық бағыты үшін үш тапсырма - А деңгейі, екі тапсырма - В деңгейі, барлығы 5 тапсырма ( $3A + 2B$ );

2) жаратылыстану-математика бағыты үшін үш тапсырма - А деңгейі, екі тапсырма - В деңгейі, бір тапсырма - С деңгейі, барлығы 6 тапсырма ( $3A + 2B + C$ );

3) математика пәнін тереңдетіп оқытатын мектептер (сыныптар) үшін әр деңгейден екі тапсырмадан, барлығы 6 тапсырма ( $2A + 2B + 2C$ ).

Алгебра және анализ бастамалары бойынша емтихан жұмысын бағалау

Математика пәнінен бағаны қою кезінде маңызды және маңызды емес қателерді атауға болады (19-кесте)

19-кесте – Қате түрлері

Маңызды	Маңызды емес
Оқушылардың формулаларды, ережелерді, негізгі қиыметтерді, теоремаларды білмейтінін және қолдана алмайтынын көрсететін қателер	Анықтамаларды, теоремаларды, теориялық материалды беруде дәлділіктің болмауы
Оқулықта қарастырылған есептерді шығару тәсілдерін білмеуі	Графиктерді салуда дәлділіктің болмауы
Функция графиктерін салу мен оқуды білмеуі	Тиімсіз шешімді қолдануы
Логикалық қателер	Түсініктеменің, шешуді негіздемеуінің жеткіліксіз болуы немесе болмауы
Түбірдің жоғалуы немесе жауабында бөгде түбірдің болуы	Жазуларда, сызбалар мен графиктерді салуда ұқыптылықтың болмауы
	Жауапта қысқартылатын бөлшектің, бөлімінде иррационал өрнектің жазылуы

Емтихан жұмысын бағалау кезінде маңызды және маңызды емес қателердің сипаттамасына көңіл бөлінуі керек. Маңызды және маңызды емес қателерді ажырата білу өте маңызды. Көрнекті емес жағдайларды міндетті түрде негіздеу қажет. Мысалы, теңдеудің екі жағын квадраттауды түсіндіру, квадрат теңдеудің жалпы формулаларын, тригонометрия формулаларын және т.б. жазу қажет емес. Бірақ бөгде түбірдің болуын, түбірлердің болмауын, жазық фигураның ауданын және дененің көлемін табуды суретте қосымша сызықтарды жүргізуді және т.б. міндетті түрде негіздеп көрсету қажет.

Алгебра және анализ бастамалары бойынша емтихан жұмысын бағалауға келесі ұсыныстар беріледі (20-кесте).

20-кесте – Жазба емтихан жұмысын бағалау

«5»	«4»	«3»	«2»
Жұмыс толығымен орындалған: 5 (ҚГБ), 6(ЖМБ, тереңдетіп оқыту) тапсырма	Жұмыста 4 (ҚГБ), 4 немесе 6 (ЖМБ, тереңдетіп оқыту) тапсырма дұрыс орындалған (деңгейіне байланысты емес)	Жұмыста 3 тапсырма дұрыс орындалған (деңгейіне байланысты емес)	Тапсырмалардың жартысынан көбі орындалмаған
Жұмыста математикалық қателер жоқ	Бір қате немесе түрлендірулер мен есептеулерде, суреттер мен графиктерде екі-үш кемшіліктер жіберілген	Екі-үш қате немесе түрлендірулер мен есептеулерде, суреттер мен графиктерде үш-төрт кемшіліктер жіберілген, бірақ оқушы міндетті білім мен білікті меңгерген	Білім алушының тақырып бойынша міндетті білім мен біліктігін меңгермегенін көрсететін үштен артық қате жіберілген
Материал мазмұнының логикалығы және толықтығы	Материалды беруде кейбір дәлелсіздіктер жіберілген.	Материалды беруде логикалық тұрғыдан қателер жіберілген, материал толығымен ашылмаған	Материалды беруде логика сақталмаған

Алгебра және анализ бастамаларының жазба жұмысын рәсімдеу

Емтихан жұмысын рәсімдеуде емтихан тапсырмаларын орындау барысында келесі талаптар сақталуы тиіс:

- есептің шығарылуының дұрыстығы;
- есептің шығарылуының негізделуі;
- есептің шығарылуының толықтығы;
- есептің шығарылуының тиімділігі;
- емле ережесінің сақталуы.

Суреттер, кестелер, графиктер және т.б. қарындашпен салынады.

**Қазақстан тарихы пәнінен ауызша емтихан** билеттер арқылы жүргізіледі. Билет саны – 25. Әр билет 3 сұрақтан тұрады, оның ішінде 2 сұрақ Ежелгі Қазақстан тарихынан бастап бүгінгі күнге дейінгі негізгі тарихи оқиғалар мен кезеңдердің теориялық материалдарынан тұрады.

Емтихан билеттерінің құрылымы мен мазмұнын қарастырамыз:

1-сұрақ ежелгі және орта ғасырдағы Қазақстан тарихы материалдарын;

2-сұрақ жаңа және қазіргі замандағы Қазақстан тарихы курсын;

3-сұрақ практикалық сипаттағы тапсырмаларды (тарихи карталар, термин сөздермен жұмыстар, тұлғаларға тарихи сипаттама т.б.) қамтиды (21-кесте).

21-кесте – Емтихан билеттерінің құрылымы мен мазмұны

	Сұрақтар саны	Сұрақ бойынша ең жоғарғы балл	Жауап түрі
1 сұрақ Ежелгі немесе ортағасырлардағы Қазақстан тарихынан	1	10	Ауызша
2 сұрақ Жаңа немесе қазіргі замандағы Қазақстан тарихынан	1	10	Ауызша
3 сұрақ Практикалық сипаттағы тапсырмалар	1	10	Ауызша, жазбаша
Барлығы	3	30	

Әрқайсысы ең жоғары 10 балмен бағаланатын 1 және 2 сұрақтарды бағалауға қойылатын талаптар:

- базалық деңгейдегі жауапқа 1-6 балл;
- жоғары деңгейдегі жауапқа 7-10 балл.

Базалық деңгей:

- Қазақстан тарихындағы негізгі фактілерді, құбылыстар мен процестерді әлемдік тарихтың құрамдас бөлігі ретінде қарастыра білуі, тарихи оқиғаларды уақыт шеңберімен баяндай алуы.

Жоғары деңгей:

- тарихи білімдерін теориялық, фактологиялық, хронологиялық, картографиялық қосымша деректер арқылы және тарихи тұлғаның қоғамдық саяси қызметі мен ұлт тарихында алатын орнын салыстырмалы талдауы негізінде себеп-салдарлық байланыстарды анықтау, жағдаяттарды талдау;

- жинақтау, бағалау негізінде ой қорытынды жасау.

Тарихи карталармен; тірек-сызбалармен; хронологиялық тізбектермен; тарихи тұлғаларды сипаттау; иллюстративтік материалдарды талдау жұмыстарын жүргізу кезінде билеттің 3-ші сұрағын ең жоғары 10 ұпаймен бағалауға қойылатын мынадай талаптар ұсынылады.

Осыған сәйкес бағалау өлшемдері:

- Қазақстан тарихындағы негізгі фактілерді, құбылыстар мен үдерістерді тарихи карта арқылы көрсету;

- тарихи фактілерді, құбылыстар мен үдерістерді тірек-сызбаларға түсіру, хронологиялық тізбек құру;

- тарихи тұлғаның қоғамдық саяси қызметі мен ұлт тарихында алатын орын бағамдау;

- иллюстративті материалдар арқылы оқиға желісін баяндау (22-кесте).

22-кесте – Бағалау өлшемдері

№	Өлшемдер	Балдары
1	Жалпы білім деңгейі	1
2	Нақты проблеманы білу және тарихи дереккөздерін пайдалану	5
3	Логикалық және талдамалық ойлау, құрастыруы және баяндау стилі	2
4	Тарихи материалды ашу жөніндегі дағдылар	1
5	Сындарлы қорытынды жасау және ой қорыту қабілеті	1

Ескерту: Билеттің әрбір 3 сұрағына жауап 10 (он) балмен бағаланады. Жалпы алғанда, 3 сұрақтың ең жоғары жиынтық балы 30 балды құрайды.

Сұрақтарға жауап беру барысында жинақтаған балды бес баллдық бағалау жүйесіне ауыстыру өлшемі (23-кесте).

23-кесте – Есептеу шкаласы

Бағалудың бес баллдық жүйесі бойынша баға	«2»	«3»	«4»	«5»
Жалпы бал	0-4	5-16	17-24	25-30

Емтихан жұмысының ұзақтығы сыныптағы оқушы санына (параллелдердегі) байланысты. Мектеп бітірушіге емтихан билетін алғаннан кейін 20 минут уақыт дайындыққа беріледі.

Емтиханда заманауи техникалық құралдар мен құрылғыларды қолдануға тыйым салынады. Барлық қосымша қажетті материалдарды (карталар, сызбалар, кестелер және т.б.) мұғалім дайындайды [30].

Сонымен, мектептің заманауи өркендеуі кезеңінде, оқытудың басты мақсаттарының бірі білім алушының дамуы болғандықтан, баға - оқыту процесінің оқушыға әсер етіуінің, оның өзгеруінің және дамуының өлшемі болып табылады. Ал, бағалау дамытушылық және ынталандырушылық функцияларды орындайды, сонымен қатар білім алушының өзін-өзі адекватты және позитивті бағалау дағдысын қалыптастырады.

Экстернаттық білім беру нысанындағы аралық аттестаттау жүйесінде білім алушының оқу әрекетінің сапасы мен нәтижелілігін бағалаудың тест тапсырмалары арқылы бағаланатын өз позициялары бар. Экстерн білім алушылармен жұмыс істейтін педагогтар экстерн нысанында білім берудің ерекшеліктері мен міндеттеріне сәйкес келетін бағалау критерилері, әдістері және бағалау түрлерін табуға ұмтылулары керек.

## Қорытынды

Адам өміріндегі негізгі аспектілердің бірі, бәлкім ең бастысы болуы да мүмкін, ол – білім. Заманауи адам тұтыну дәуірінде өмір сүруде. Білім мен білікті тұрақты даму барысында ғана алу мүмкін. Көп жағдайда білім беру мен сапалы білім, бұл екеуі бір нәрсе емес. Диплом, аттестат, куәлік, сертификат және т.б. иегерлерінің объективті білімдері, мәлімделген құжатқа әрдайым сәйкес келе бермеуі мүмкін. Сондықтан, көп нәрсені адам – өзіне қажетті білім мен біліктіліктерді қандай негізде қабылдағаны байланысты.

Заманауи мектеп білім алушылардың өзін-өзі тануына, өздігінен тәрбиелеуіне, білім алуына, ойларын жүзеге асыруға және қоғамға өзін-өзі танытуына мүмкіндік жасауы тиіс.

Оқытудың ең тиімді түрлерінің бірі экстернат немесе өздігінен білім алу болып табылады. Осы уақытқа дейін мұндай оқыту түрі аз танымал және аз таралған болып келді, бірақ қазіргі уақытта ол кеңінен таралып келеді.

Экстернат – соңғы жылдары өз қатарына көп оқушылар санын тарта отырып, қарқынды дамып келе жатқан білім алу түрлерінің бірі. Бүгінде мектептердің жалпы білім беру қызметін ұйымдастырудың түрлері арасында, экстерн жаңа білім алу түрлерінің бірі ретінде бекіді. Экстернат жалпы білім алудың түрі ретінде білім алушыларға шығармашылықпен тереңірек айналысып, спортпен, ғылыми зерттеулермен айналысуға уақыт табуға, жоғары оқу орындарына түсуге дайындалуға күшін жұмылдыруға мүмкіндік береді.

Экстернаттық білім берудің шетелдік тәжірибесін зерделеудің нәтижесі, экстернат білім берудің жаңа түрі болып табылатындығын көрсетті.

Білім беруді қарқындату мақсатында ақпараттық технологияларды қолдануға ерекше көңіл аударылуы қажет. Ғаламдық желінің білім ресурстары, электрондық оқу құралдарымен жұмыс істеу, қашықтықтан оқыту элементтерін қолдану білім алу нәтижесін көтеру мен уақытты үнемдеуге ғана көмектеспейді, сонымен бірге білім алушылардың оқуға деген оң уәжін тудыруға ықпал жасайды. Оқу-әдістемелік, ұйымдастырушылық және психологиялық-педагогикалық мәселелерді кешенді шешу білім беру мекемелеріне экстерн нысанында білім алушыларға қажетті жағдайды жасау мен уақытында кәсіби қолдау көрсетуге де көмектеседі.

Экстернет нысанында білім берудің қажеттілігі мен келеші даусыз. Экстерн бүгінгі таңда білім беру жүйесінің маңызды салаларының бірі, белгілі деңгейде оның тұрақтылығын, сабақтастығын сақтауға және толық жалпы орта білім алғысы келетін азаматты білім беру жүйесіне енгізуге қолдау көрсетеді. Өздігінен білім алуға және осы негізгі құзыреттілікті қалыптастыруға үйретеді, ол өз кезегінде үздіксіз білім алудың негізін қалайды, бұл үздіксіз білім алуға ниеті бар адамдарға кешенді қызмет көрсететін мектептердің міндеті болып табылады.

Экстернат бойынша білім алатын экстерннің құқықтары, жалпы білім беретін мектеп білім алушыларының құқықтарынан еш айырмашылығы жоқ деп айтуға болады. Экстерн мектепте өтетін зертханалық және практикалық

жұмыстарға, пән олимпиадаларына, тестілеу сынақтарына және басқа да іс-шараларға қатыса алады. Мектепті аяқтағаннан кейін жоғары оқу орнына түсуге мүмкіндік беретін жалпы орта білім туралы аттестат алады.

Білім берудің экстернаттық формасын дамытудың қажеттілігі даусыз факт болып табылады. Әр түрлі себептермен жалпы орта білім беру ұйымдарында оқу мүмкіндігі жоқ, бірақ жалпы орта білім алғысы келетін адам үшін экстернат нысанында оқу бүгінгі күнгі білім беру жүйесінің маңызды бөлігі болып отырғаны сөзсіз. Өздігінен білім алуға үйрету және болашақта үздіксіз білім алудың негізгі құзыреттілігін меңгеруде көмек көрсету – экстернат нысанында білім алғысы келетін адамдар үшін кешенді қызмет көрсету, мектептің алдына қоятын міндеті болып табылуы тиіс.

## Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. Астана, 2017 жылғы 31 қаңтар «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» [adilet.zan.kz/rus/docs/K1700002017](http://adilet.zan.kz/rus/docs/K1700002017)
2. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013110> Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 61 бұйрығымен Негізгі орта және жалпы орта білім беру бағдарламаларын іске асыратын орта білім беру ұйымдарында экстернат нысанында оқыту Қағидалары.
3. Экстернат нысанында оқуға өтініштерді қабылдау және оған рұқсат беру, қажетті құжаттар тізбесі Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11057 болып тіркелген «Орта білім беру саласында жергілікті атқарушы органдармен мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 8 сәуірдегі № 179 бұйрығы
4. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1600000292> «Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы **Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдағы №292 Қаулысы**
5. «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 16 қарашадағы № 660 бұйрығы
6. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V070004991> «Білім беру ұйымдары білім беру қызметінде пайдаланатын қатаң есептіліктегі құжаттардың нысанын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 тамыздағы № 531 бұйрығы
7. ХХ. «Білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттардың түрлері мен нысандарын және оларды беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 28 қаңтарындағы №39 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы ҚР БҒМ 2017 жылғы 14 наурыздағы №118 бұйрығы.
8. Владимирская О. Д. Индивидуальный маршрут обучения в экстернате: [опыт индивидуал. обучения в «Экстернате» Ин-та образования взрослых Рос. акад. образования] // Открытая шк. 1998. № 5. С. 22 — 24.
9. Положение о получении общего образования в форме экстерната, утвержденное Приказом Минобразования России от 23.06.2000 N 1884 (зарегистрирован Минюстом России 04.07.2000, N 2300)
10. Приказ «О внесении изменений и дополнений в Приказ Министерства образования Российской Федерации от 23.06.2000 N 1884» от 17.04.2001 N 1728 (зарегистрирован Минюстом России 17.05.2001 N 2709)
11. <http://fb.ru/article/256596/obrazovanie-v-forme-eksternata-eksternat---eto>



12. [http://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=34913071#pos=0;0](http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=34913071#pos=0;0)  
Украинаның Білім және ғылым министрлігінің «Білім туралы» Заңы. Жалпы білім беретін оқу орындарындағы экстернат туралы Ереже (2017 жылғы 13.03. №369 бұйрық).
13. <http://rudocs.exdat.com/docs/index-402390.html> Беларусь Республикасы Білім министрлігінің 2005 жылғы 25 шілдедегі № 130 қаулысымен бекітілген экстернат оқу үрдісінде сертификаттау жөніндегі нұсқаулық.
14. Вершинин В. Н. Вершинин В. Н. Экстернат – экзаменовать или учить?: [Групповое обучение экстернов в период подготовки к экзаменам в центре обучения взрослых № 1 г. Ульяновска] // Открытая шк. 1997. № 3. С. 17-19.
15. Лопанова, Е.В. Компетентностный подход в обучении: технологии реализации: Учебно-методическое пособие / Е.В. Лопанова, Т.Б. Рабочих. – Омск: Изд-во ОмГТУ, 2007. – 120 с.
16. Самсонова Н.Н., Морозова В.В. Экстернатная форма обучения: состояние и перспективы /Вестник РГУ им.И. Канта. Вып. 15. Калининград: Изд-во РГУ им.И.Канта, 2010. – С. 3 – 7.
17. 2017-2018 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы: Әдістемелік нұсқау хат. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2017. – 340 б.
18. Мектептегі математикалық білім беру: жағдайы және оқыту сапасын жетілдіру жолдары. Аналитикалық жинақ. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2015. – 500 б.
19. PISA, TIMSS зерттеулерінің тапсырмалары негізінде оқушылардың ғылыми жаратылыстану сауаттылықтарын дамыту. Оқу-әдістемелік құрал. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2014. – 40 б.
20. Мектеп бітірушілердің қорытынды аттестаттауын ұйымдастыру және дайындау бойынша әдістемелік ұсынымдама.– Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2016. – 46 б.
21. Ожегов, С.И. Толковый словарь русского языка / С.И. Ожегов // под ред. Н.Ю. Шведовой. - М.: Русский язык. 1984.
22. Оценка без отметки. Сборник. Составитель О. Варшавер – М.: ЦГЛ, 2005.
23. Педагогическая энциклопедия. / Под ред. И.А. Каирова. Издательство «Советская энциклопедия».- М.: 1966.
24. Белкин, А.С. Ситуация успеха. Как ее создать / А.С. Белкин. - М.: Просвещение. 1991. - 124 с.
25. Мұғалімге арналған нұсқаулық, Астана, 2016 «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ «Педагогикалық шеберлік орталығы», 2016.
26. 2016-2017 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері

туралы. Әдістемелік нұсқау хат. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2016. – 258 б.

27. Білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 52.

28. Критериальное оценивание результатов обучения учащихся на уроках. [http://krscool.ucoz.ru/load/dlja\\_uchitilej/kriterialnoe\\_ocenivanie\\_rezultatov](http://krscool.ucoz.ru/load/dlja_uchitilej/kriterialnoe_ocenivanie_rezultatov).

29. <http://nsportal.ru/shkola/geografiya/library?page=9>.

30. Мектеп бітірушілердің қорытынды аттестаттауын ұйымдастыру және дайындау бойынша әдістемелік ұсынымдама.– Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2016. – 46 б.

## Мазмұны

Кіріспе.....	3
1 Экстернаттың нормативтік-құқықтық базасы оқу процесін ұйымдастырудың бірі ретінде .....	5
2 Негізгі және жалпы орта білім беру ұйымдарында экстернаттық оқытудың ерекшеліктері .....	42
3 Негізгі және жалпы орта білім беру ұйымдарында экстернаттық оқыту жағдайындағы оқу нәтижесін бағалау процесінің ерекшеліктері .....	85
Қорытынды .....	118
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі .....	120

## Введение

В послании главы государства Н.А. Назарбаева народу Казахстана от 31 января 2017 года «Третья модернизация Казахстана: глобальная конкурентоспособность» сказано: «Прежде всего должна измениться роль системы образования. Наша задача – сделать образование центральным звеном новой модели экономического роста. Учебные программы необходимо нацелить на развитие способностей критического мышления и навыков самостоятельного поиска информации» [1].

